

84.5K03

X18

Қобылан Хамзин

ӨМІРДЕН ӨНЕГЕ



38699

84.5К23

ББК 84 Каз 7 Қ. Хамзин.

Х-18 Өмірден өнеге. - Петропавл, 2005 ж.

Еңбек ардагері, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, полковник Хамзин Қобыланның бірнеше кітабы оқырманға таныс.

2004 жылы шыққан - «Ақ тілектер аясында», орысша аудармасы «С любовью к земле» - атты кітаптарын облыс жұртшылығы жылы қабылдап, жақсы атап жүр.

Қобылан Хамзаұлының шығармашылық еңбегі өлең жазатын өнерімен ұштасып жатады. Біраз өлеңдері бұрын шыққан кітаптарында жария етілгенін білеміз. Қолымыздағы «Өмірден өнеге» атты өлеңдер туындысында автор таңдамалы шығармаларын жинақтаған екен. Өлеңдері алуан түрлі тақырыптарды қамтыған, айтқан сөздері құнды, ұйқасымдары жеңіл, оқушысын еліктіріп, тартып отырады. Шығармаларында өнегелі сөздер мол, оқушының ойын қозғайтын өсиеттер бар. Қорытып айтқанда, өлеңдер жинағы тәрбиелік мәнімен құнды, сонысымен үлкенге де, кішіге де керекті дүниелік.

38699

X $\frac{4702250000}{00(05) - 05}$

ISBN 9965-27-619-6

© Хамзин Қ., 2005.



Қобылан Хамзин

Отанды жаудан қорғауда соғыстың алдыңғы шебінде ерлікпен қазаға ұшыраған аяулы, қымбатты Ғайса, Отызбай, Жәкәбай, Сәтібек азғаларыма арнаймын.

ӨМІРДЕН ӨНЕГЕ

*Петропавл қаласы
2005 жыл*



АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі жүрген өзіміз құрамды үлкен кісілердің балалық шағы 1941-1945 жылдары өткен дүниежүзілік қырғын соғыстың тұсына кездесіп, ел басына түскен қиямет-қайым қасіреттерді балаларын соғысқа аттандырып жетім қалған қариялар, ерлері соғысқа алынған жесір әйелдермен бірге өткені белгілі. Солардың бірі менің де балалық шағым тұрмыстың ауыр жағдайында өтті.

Әкем Хамза Сағындықұлы кенеттен келген ауыр науқастан, мен туғаннан кейін екі ай ғана уақыт өткенде қазаға ұшыраған екен.

Ағам Сәтібек 1940 жылы міндетті әскерге алынып, Отан қорғау майданының алғашқы шайқастарында опат болды.

Немере ағам Ғайса 1942 жылдың басында әскерге алынып, 1944 жылдың күзінде соғыстың алғы шебінде оққа ұшты.

Екінші немере ағам Жәкәбай да соғыстың басында әскер қатарына алынып, 1942 жылдың қаңтар айында жау оғынан қазаға ұшырады.

Бір үйде бірге тұрған, туған ағамдай ардақты нағашым Отызбай Тоқсанұлы 1942 жылдың басында соғысқа алынып, сол жылдың желтоқсан айында майданның алдыңғы шебінде ажалы жау оғынан болды.

Туған ағам Сәтібек 1940 жылы әскерлік борышын атқаруға кеткенде мен алты жарым жаста, бірінші сыныпқа оқуға барған едім. Сонда ағам «ертең мен әскерде жүргенде хат жазып тұрасың» - дейтін. Соғыс оты лаулап жанып тұрғанда алғашқы құрбандары болған шәйіттердің бірі менің ағам еді. Соғысқа дейін жазған хаттарымды алып, оқып үлгеріп, армандарының бірі орындалғандай сезімдерін хатқа жазып жүрді.

Нағашым Отызбай Тоқсанұлы тамаша әнші, шебер домбырашы болды. Өзінің өлең жазатын өнері де бар болатын. Әскерге кеткенде үйде араб емлесімен жазылған біраз еңбектері қалған еді, есейе келе сол дүниеліктерін өзім оқып танысып, нағашыма еліктеуді шығардым.

Аттары аталған төрт арыс, арқа сүйер пана, әкені жоқтатпаған ағаларым соғыстан тірі оралып келіп, ортамызда жүрсе, осы 2005 жылы аталатын, соғыстың жеңіспен

аяқталуына 60 жыл толу мерекесін майдангер жерлестерімен бірге жүріп атап өтер еді. Тағдырдың шешімінде менің ағаларымның маңдайына ондай бақытты жағдай жазылмапты. Бұл да көптеген өкініштердің бірі ғой.

Төрт ағадан айырылып, нағашым Отызбайдан қалған бала Серік екеуіміз шешеміз Салиқаның бауырында тағдырдың талқысын көріп жүріп өстік, ер жеттік, жеке-жеке шаңырақ көтердік, уақыт өте іргелі үйлер болдық. Шешеміз Салиқа өмірінің соңғы он бес жылында жан рахатында, жас баладай, өзіміздің алақанымыздың аясында өтті. 1970 жылы кенеттен қан қысымы ауруынан қаза болды, туған жері «Көктерек» ауылының топырағында жерленді.

Міне, сол өткен қырғын соғыс, Отан қорғау майданына біздің сексен үйлі «Көктерек» ауылынан әскерге алынбаған кісі қалмады. Солардан 67 азаматымыз, ағаларымыз, әкелеріміз соғыстың алдыңғы шебінде қазаға ұшырады. Елде қалған жетім бала, жесір әйелдер, жасы ұлғайған шалкемпірлер колхоздың дала жұмысын атқарып, өз шаңырағының шаруашылығын да шамалары жеткенше үлгеріп жүрді. Бұғанасы бекіп, бұлшық еттері қатпаған жас балалар - өзіміз солармен бірге еңбек еттік. Сөйтіп жүріп өнегелі сөздерін тындап ойға түйетін едік, өнерлі істерінен үлгі алып, үйреніп, бойға жиятын едік. Қара жұмыстың ауыртпалығына төзіп атқарып, арасында жылап-жылап алатын әйелдер мен балалар, кешке жұмыстан үйге оралып келе жатып, арбаның үстінде көңіл жұбатып өлең айтатын. Көбіне соғыста жүрген азаматтардың хатпен жазып жіберген шығарма өлеңдері зарлы әуенімен айтылғанда, көзден жас бірге ағып отыратын. Өзім де жас шағымнан ән айтуға әуес болдым. Домбыраның үнін естісем ұйып тындайтын едім. Сөйтіп жүріп, кейінірек домбыра тартуды үйрендім. Көңілім сүйген жақсы ән, әдемі сөздерді жазып алуға дағдыландым.

Нәрлі сөз, әсем әнді сүйіп өстім.

Баяулап домбырамен күйге қостым.

Торласа ауыр ойлар мазамды алып,

Сырласым да домбыра, әнмен доспын, деген сөздерім сол ойлардан туындаған ғой. Оның үстіне орта мектепте оқуда жүргенде бойында аз да болса жігері, өнерге талпынысы бар балалардың көбі, бірде қара сөз өнеріне машықтанып, естіген

әңгімелерін қағазға түсіріп жүрсе, бірде өлең жазуға көңіл қоятын. Мен де сондай балалардың бірі болдым.

Сөз сұлуын кітаптан оқығанда,
Қиял сезім көңілде толқығанда,
Ой түбінен келетін сөз өрнегін
Хатқа салып жүруші ем отырғанда.

Бала кезімізден Абайдың, Шал ақынның өлеңдерін жаттап өстік. Бертін келе осы өңірге белгілі ақын Ахметжан Нұртазин ағамызды көп тыңдап, өлеңдеріне үңіліп, тамаша әңгімелерін, өлеңдерін ойға тоқып, өнеріне еліктедім. Ахаңның туыстарға, жолдастарға бауырмалдығы, қайырымдылығы, әсіресе басына іс түскен адамға қамқорлығы ерекше еді. Ахаңның әңгімелері, ұшқыр ұтымды ойлары, атқарған адамгершілік істері, өзін көріп, тыңдап өскен біздерге ерекше бір мектеп болды. Есейіп еңбек етіп жүрген кезімізде «...болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ұлы Абайдың сөзі жадымызда үнемі сақтаулы болатын, қолдан келгенше, Ахандай ағамызға «...ұқсап бағуға» тырыстық.

Шет жүрсем де елді ойдан шығармаймын,
Хабарласып жүрмесем алаңдаймын.
Халқыма тиіп жатса бір септігім,
«Өмірім зая емес» деп бағалаймын.

Әр адам тағдыр сыйлаған өмірін өзінше атқарады ғой. Мен де өзім таңдап игерген заң жұмысының соңында отыз жыл өмірімді өткіздім. Қызметтің төменгі баспалдағынан бастап көтеріліп, облыстық дәрежеге жеттім, құрметті атақтар алдық, марапаттар да жеткілікті. Сонда айтайын деген бір сөзім, қызмет бабымен «Коммунизм» орнатамыз деген ойдың соңында жүргенде рухани өмірімізге аса көңіл бөлмей, күні-түні әлгі елестің соңынан шапқылай беріппіз ғой. Бертін келе ақылымыз сабасына түскен шақта бойда бар өнерді өрістету керек екені, өзін үшін, ұрпақ үшін айтар сөзіңді айтып қалу керек екені еске оралды. Сондай оймен, жазу жұмысына баяулап бой ұрдым. Нәтижесінде біраз жылғы еңбектерім кітап болып жарық көріп, оқырман қауымның қолына тиді. Қазіргі зейнеткерлік жасымда осындай атқарылған іске «Аллаға тәубә!» келтіремін. Айтар ойымды қазақтың жалпақ тілі қара сөзбен жеткізе білсем, оқырман қауым сөзімді

түсініп, жақсы қабылдап жатса, бұл да бір арманның орындалғаны.

Күнделікті атқарылатын жазу жұмыстарының арасында, керек жерінде, ойды түйіндеп, жұмырлап, етек-жеңін ықшамдай айтқым келген ойымды өлең сөзбен өрнектеп те қоятын болдым. Өлеңмен жазылған біраз дүниеліктерім «Көктерек», «Ақиқат», «Асыл арыстар», «Ақ тілектер аясында» атты кітаптарда аздап-аздап жарияланды. Біраз өлеңдерім қолда, жариялануға кезегін күтіп жататын.

Көңілде жүрген мақсатым, өлеңдер жинағынан тұтастай бір кітап жасап шығару болушы еді. Оның себебі, белгілі-белгісіз жалпы өлең шығармаларымды халық оқысын, кейінгі ұрпақтың қолында болсын, білсін деген ой ғой.

Өлең жазып жүрген кейбір азаматтар біреу өлең жазса «мынау да ақын болған ба, бұған мұндай өнер қайдан келді» дейтіндері бар ғой. Негізінде жария болып жататын өлеңге сыншы да, қабылдаушы да халық. Оқырман халық жазған, жариялаған дүниеліктеріңді жылы қабылдап, риза болған көңілін білдіріп жатса, айтқан сөзің оқырман қауымға керек болғаны. Мына сөздерім сол ойларымның жалғасы:

Ақын емен шарықтап көкке өрлеген.

Азды-көпті өнер бар Алла берген.

Қазақи жайма шуақ мінезім бар,

Аяғымды нық басып жерде жүрген.

Ешкіммен таласым жоқ сөз теңеуге.

Сыйласар достарым көп жүрген жерде.

Жазған дүнием артымда қалар ізім,

Ескерткіш қолдан қойған өміріме.

Ілгеріде айтқандай біраз өмірді бастан кештік, көп жерлерде қызмет атқардық, өмірдің бірталай ащысын да, тұщысын да көрдік, көп адамдармен жолдас болдық, ел таныдық, жер білдік, өмірден ойға түйгеніміз, бойға жиғанымыз бар, соларды соңғы ұрпаққа айту керек қой.

Мәнді сөздің қоры бар ойға түйген.

Жалықпаспыз жақсы ойды бөлісуден.

Оқушым бар, әнімді тыңдаушым бар,

Қолдаушы, қошаметші өрісім кең.

Әр қайсысының өмірі бір-бір кітапқа арқау боларлықтай достар, жолдастар болды, қазір де бар. Солардың аттарын

атап, олар туралы жазылған естеліктей дүниеліктерді жария етуді де өзімнің парызым деп есептедім.

«Тәубә!» деймін құрмет көрер орта бар,

Дүние емес, ең қымбаты осылар.

Артта қалар атың менен атағың,

Адамдықтан, адалдықтан табылар.

Шығармаларда айтылған өсиетімдей сөздерімнің көбі балаларыма, немерелеріме, ағайын-туыстарыма арналды. Солай болса да «балам саған айтам, келінім сен тыңда» деген ой ғой.

Ақылдың, білімнің кімге болса да артықшылығы жоқ. Еңбекқұмарлыққа, адалдыққа, адамгершілікке, татулыққа не жетсін.

Бір Алла туыстарға тірлік берсін,

Ақылдан адастырмай бірлік берсін.

Өмірдің қысқа екенін көріп жүрміз,

Артыңнан «Адам» деген атың ерсін!

Кітаптың аты жария етіп тұрғандай өзіміз өмірден өнеге алып өстік, әлі де өмірден үйренумен келеміз. Жазып жария етіп отырған еңбегім сол сөзімнің куәсі.

Көркем шығарма жазу белгілі бір атақ, дәреже алу мақсатын көздемейді. Әр адам өзінің ойына оралып, көңілін толқытатын жағдайларға арнап, әр түрлі дүниеліктер жазады. Менің ойымша жазған шығарма алдымен жазушының өзі үшін керек, көңіліндегі ойлар жазылып қалғанына алдымен өзінің көңілі толады, одан кейін, өзінен-өзі оралатын сауабы жазылған шығарманы халық оқиды, кейінгі ұрпақ біздің басымыздан өткен өмірден мағлұмат, білім, өнеге алады.

Сондай мақсатпен әр түрлі тақырыптарға өз ойымды түйіндедім. Жазылған еңбекті жинақтап, оқырман қауымның қолына жеткізсем, еңбегімнің жанғаны деп есептедім.

Автор.

2005 жыл, ақпан.



1-БӨЛІМ

Перзенттік борыштар

ТУҒАН ЕЛІМ КӨКТЕРЕГІМ

Қасиетті ата қоныс Көктерегім,
Тағдырым, тамырым бір туған жерім.
Өзіңнен ұзап кетсем, жүрек сыздап,
Келеді қайта оралып келе бергім.

Көрмедім жер сұлуын өзіңе тең,
Оралған ну орманға елім көркем.
Егістік далаң дархан, шөбің шүйгін,
Алқанда мың сан малдар өріс тепкен.

Көз салсаң қыр басынан төңірекке,
Тұрады тап алдыңда бүкіл өлке.
Тізілген қара сулар, алқа тоғай,
Ерке Есіл су маржанын шашқан көкке.

Алқабын араласам туған жердің,
Бой сергіп, көңіл шалқып, жеңілемін.
Маңдайды сипап ескен самал желден,
Анамның алақанын сезінемін.

Елімнің алтын қоры азаматы,
Ұйымшыл бір-бірімен тату-тәтті.
Ақ тілек, жарқын жүзбен табысатын,
Туыстар үлкен-кіші ұлағатты.

Сырымды бөлісемін елімменен,
Сыйластық дастарханы бөлінбеген.
Табысы дәрежемді көтереді,
Қайғысы қабырғамды сөгілдірген.

Еліме сөзім сыйлы, ісім өктем.
Тілеймін құдыреттің нұрын төккен.
Сөзімнің бар асылын саған арнап,
Әніме көз жұмғанша қосып өтем.

1992 жыл, ақпан.

ҰРПАҚТАРҒА АРНАУ

Қазақтың бір дәстүрі бауырмалдық,
Ерекше мағана бар үлгі аларлық.
Сұрасып «қарын бөле» шығатұғын,
Тек қана қазақта бар ұлы байлық.

Ақсақалдар талдаса руыңды,
Білмек үшін туысың, тұғырыңды.
Ауыл аты, жер аты жеткіліксіз.
Ата текті, аруақты білген құнды.

Ұл туса шашылатын атам қазақ,
Қызды да сыйлай білген дархан қазақ.
Ұл атымен жалғасса шаңырақ аты,
Жеті атасын білмеген бала мазақ.

Жасынан жаттап өскен ата атын,
Ұл бала руын айтып мақтанатын.
Аталар көпшіл бол деп бата берсе,
Бауырмалдық осылай басталатын.

Шежірені үйрену бір ғанибет,
Әр ұлға ата білу жеке міндет.
Бізден басқа кім айтар соңғы ұрпаққа,
Ата текті балаға айтып үйрет.

Аз емес бізде дағы парық жоқтық,
Айырылып үлкендерден санды соқтық.
Оқы, үйрен Ахметжан шежіресін,
Сол үшін кітап жасап, сыйға қостық.

Білгенін балалардың ұнатамыз,
Қазақта Орта жүзге біз жатамыз.
Ішінде Орта жүздің атам Арғын,
Ұрпағын Сұпылардан таратамыз.

Арғынның соңғы ұрпағы бес Сұпыдан,
Өрбіген Дәуіт бабам Сарысынан.
Атығай аталады руымыз,
Құдайберді, Бәйімбет ұрпағынан.

Құдайберді әкесі Қалқас болған,
Құдай беріп Қалқастан алты ұл туған.
Баласы Құдайберді Ырсай екен,
Ахметжан шежіресінде кең айтылған.

Ырсайдың бел баласы Қара батыр,
Қойыпты бір ұлына Орыс атын.
Орыстың бес баласы үлкен ауыл,
Қазіргі Көктеректе өсіп жатыр.

Орыстан: Тышқан батыр, Қозыбақ, Жанат,
Жаманғұл, Батырбек боп, бес ұл тарап.
Батырбек ұрпағына біз жатамыз,
Аталас туыстар көп тармақ-тармақ.

Қойгөл екен Қобыланнан жетінші ата,
Мекені Есіл бойы пұйгін алқа.
Қойгөл ұлы Малберген аталады,
Шүленбай сол кісіден туған бала.

Шүленбайдан арыстай екі ұл туған,
Сағындық, Сақтаған деп атын қойған.
Сақтағаннан Тілепбай жалғыз бала,
Тілепбайдан Жәкәбай ұрпақ қалған.

Қырғын соғыс басталып ел сорына,
Талай қыршын ілікті жау оғына.
Жәкәбай сол соғыстан оралмады,
Белгі жоқ шаңырағының орынында.

Сағындықтан Ережеп, Әбілмәжін,
Орғаншы ұлы Қамза екен елге мәлім.
Едірес, Елиастар одан кіші,
Соңғыларды көз көріп, алдық тәлім.

Әбілмәжін сал-сері, әнші бопты,
Жинап ап төңірегіне дарын топты.
Жүрген жері той-думан, серілікпен,
Білмеген шаруада барды, жоқты.

Ол кісіден бала жоқ атын жалғар,
Ережептен Ғайса бар көпке балар.
Ел басқарған, ержүрек, әділ еді,
Ұрпаққа аты қалды үлгі болар.

Қамза ісіне ұқышты, алғыр болған,
Үлкен үй шаңырағын жалғастырған.
Сағындықтың қолға ұстар ұлы бопты,
Медреседе тәлім ап, ілім қуған.

Қамзадан үлкен үйде төрт ұл туған,
Көрмеді бала өсіріп қызығынан.
Сүйікті екі ұлы ерте қайтып,
Шаңырақта Сәтібек пен Қобылан қалған.

Сәтібек оралмады қан майданнан,
Ұрпақ жоқ үшеуінен артта қалған.
Қобыланның Дулат, Болат соңына еріп,
Атасы Қамза атын жалғастырған.

Ерекше ерке болған Едірес екен,
Күшімен жиын-тойда көзге түскен.
Зор дене, алып күштің арқасында,
Көкпар тартып, күресте бағы өскен.

Ішінде Елиас екен шаруа құмар,
Дала мен үй жұмысын алып тұрар.
Биязы, сөзге сараң, жағымды еді,
Елді де, ағайынды сыйлап тұрар.

Ғайсадан ұлға теңер қыздар туды,
Рахила, Рәш пенен Күләш сынды.
Атына әкесінің кір келтірмей,
Алысқа туысқа да жақын сыйлы.

Едірестен екі ұл бар - Шортан, Торсан,
Ініміз Торсандай бол туыс болсаң.
Кенеттен ажал жұлып алып кетті,
Сейілітіп арамызды құдай қосқан.

Шортанның шаңырағында төрт ұлы бар,
Үлкендері Ибрагим, Ерсайындар.
Тетелес Наурызбай мен Жасұланы,
Бәрі де үйлі-жанды жас отаулар.

Торсанның ізбасары бар артында,
Шаңырағын сақтайтын сол қалпында.
Дүйсенбай мен Бейсенбай - отау үйлер,
Тауығы іргелі үй қатарында.

Ғазез еді Елиастың жалғыз ұлы,
Жалғыздың шығып еді қашан үні.
Дүниеден жастай өтті қызық көрмей,
Шүкіршілік, қалды артында екі ұлы.

Бұл үйдің отын жағып жалғастырар,
Дәулеткерей, Ришаттай балалар бар.
Ғазездің тап өзіндей болмаса да,
Қатардан қалмайтындай жағдайы бар.

Соңғы ұрпақ бірін-бірі білу керек,
Туыс боп, тату-тәтті жүру керек.
Кешіріп, кекшіл болмай ұсақ іске,
Қуаныш, қайғыны да бөлу керек.

1991 жыл.



АНАМА ТАҒЗЫМ!

(Ардақты анам - Салиқа Тоқсанқызы
Сағындық келіні,
әкем Қамзаның қияметтік жолдасы)

Дүниеде ең ардақты, ең құрметті.
Алла ерекше жаратқан, қасиетті.
Әлемге адам затын сыйлайтұғын,
Ана аты қашанда құдыретті.

Дүниеге анамен біз де келдік.
Бауырында балапандай жылу көрдік.
Ана арқылы тәй басып дүние танып,
Қанат қатып қырандай көтерілдік.


Ананың тәлімінен жаңылмадық.
Сан түрлі өнерінен өнеге алдық.
Аңдыдық анамыздың қас-қабағын.
Жабырқатпай, қуанса бір қуандық.

Ақ сүтін анамыздың ақтап бақтық.
Мамық төсек, жастығын желпіп қақтық.
Шапаны, шәршісіне шаң жуытпай,
Алақанда таусылды демі ақтық.

Тағдырдың тауқыметі қатал неткен.
Әкеміз ғұмыры аз боп ерте өткен.
Анамыз жас шағында жесір қалып,
Өмірінде сан қилы қасырет шеккен.

Алла қолдап тілегі қабыл болды,
Бізбенен қайта көктеп көңілі толды.
Бес уақыт намазын қаза етпей,
Тілегі ел, ағайын, ұрпақ болды.

Сенімі Алла, дін ислам табынғаны.
Иманы ауызынан арылмады.
Шаруадан біржола қолын үзіп,
Немереден сый көрді жанындағы.



Тілегі дұрыс болды құдыреттен,
Ауырмай, бейнет кешпей қаза жеткен.
Кемде кем-ақ бақиға жұма ауған,
8-март күні сапар шеккен.

Алдыңнан әкем шығып қолын берсін.
Ұрпағың, туыстарың соңыңа ерсін.
Жәннәттің жайлы төрі мекенің боп,
Рухың рахатта дамыл көрсін.

1980 жыл.

БАЛАЛАРЫМА ӨСИЕТ

Жайнатқан жан шуағын балаларым,
Біріңнен бірің артық бағаларың.
Тәрбиелі өнерлі өсуіңе,
Арнады бар өмірін аналарың.

Қалтқысыз қадамдарын байқап, сынап,
Бірде қатаң сөйлесек, бірде сыйлап.
Ибалық, имандылық тәлімдерді,
Тәуба етеміз ұққанын бойға жинап.

Сәулеміз жолы бөлек тұңғыш бала,
Әжесі иемденген мың қуана.
Ерке боп атымызды атап өскен,
Көндікті үлкендерден кейін ғана.

Қарлығаш бауыр басқан алғаш бізге,
Сондықтан басқасынан қадірі өзге.
Кескіні шешесіне ұқсай қойған,
Ақылды, өнері мол, сараң сөзге.

Ләззәттіміз ерекше ерке өсті,
Әділшіл, тура мінез, бірақ есті.
Кескін-кейпі ұқсайды әжесіне,
Өзім деген туыспен өзектесті.

Қыз бала анасының қолқанаты,
Келтірер үйдің сәнін, салтанатын.
Ағайынға, туғанға бауырмалшыл,
Әке менен шешеге тұрар жақын.

Дулатымыз дулатып келген бала,
Бір беткей мінезі бар жеке дара.
Ақылды да, салмақты, сөзі орнықты,
Ісіне тиянақты сәнді ғана.

Болатымыз баланың сүйкімдісі.
Толтырып тұрған әр кез үйдің ішін.
Суреті, әкесінің ізбасары,
Үлкен үйдің үміті сүйеніші.

Қыз балалар орнықты қиясына,
Тілейміз бақыт бер деп ұясына.
Қыз-күйеу, балапандар үйдің көркі,
Баланың қызығына тоясың ба?

Балалар тату өскен бір-бірімен,
Сенеміз айырылмасын бір-бірінен.
Жаман сөз жат боп өскен үй ішінде,
Шыныаяқтың сылдыры білінбеген.

Туыстық пейілдерің арта берсін,
Мінездерің біздерге тарта берсін.
Қуаныш ортақ болып бәріңе де,
Тәлімді ата-баба салтын берсін.

Айтылған өсиетті есте сақта,
Әке- шеше еңбегін сыйлап, ақта.
Осы сөзді сендер де айтарсыңдар,
Балаға өзіміздей болған шақта.

1980 жыл.

ӘКЕ БЕЙІТІНЕ БАРҒАНДА

Атамыз Сағындықтан бес ұл туған,
Ішінде Қамза екен білім қуған.
Игеріп дін ілімін ұстаз болып,
Шәкірті аз болмапты ізін қуған.

Сымбатты, терең ойлы, сабырлығын,
Ауқымды сөзге шебер, дарындығын.
Замандас, жолдастары айтушы еді,
Суреті қалмаса да қарайтұғын.

Көшпеді аштық жылы кімдер елден,
Тобымен қопарылып туған жерден.
Күн көріс қамыменен алыс кетіп,
Дәм айдап, қоныс тапқан Ресейден

«Жазудан озу болмас» деген ұғым,
Қараңыз бұл тағдырдың ұйғаруын.
Кенеттен қаза жетіп барған жерде,
Әкеме топырақ түзден бұйыруын.

Қасірет дүниеден ерте өткені,
Ойымнан өмір бойы бір кетпеді.
Шеше бар, ерке жетім болсам дағы,
Әкенің алақаны жетіспеді.

Әкесіз жетімдікті көрген ұғар,
Ойыңнан әке жоғы қалай шығар.
Әкенің жүзін білмей өткен өмір,
Тағдырдың маған жазған сыны шығар.

Білмедім әке жоғын шеше барда,
Кем болмай өстім көптің қатарында.
Мазмұнды, мағыналы өмір кештім,
Дақ салмай ата-ананың атағына.

Әкеден бір- ақ айлық қалған екем,
Бұл күнде ата болдық жасы жеткен.
Әкемнің жатқан жерін көрсем деген,
Бір мақсат ойда жүрді елеңдеткен.

Шыға алмай тіршіліктің ырғағынан,
Ертеңшіл салақтықтың шырмауынан.
Сәті бір келмей жүрді бұл сапардың,
Ойға алған іс орнында тұрмауынан.

Ол бейіт біз баратын атаусыз жер,
Маңында сақталмаған бұрынғы ел.
Жобамен жөн сілтеуші қариялар,
Табылды бірге барып тауып берер.

Ақыры құдай қолдап жолға шықтық,
Беталыс Түмен жағы, Россиялық.
Бірнеше жеңіл жақсы машинамен,
Жол тегіс, іркілместен құстай ұштық.

Тоқтамай өттік Ишим қаласынан,
Карасоль стансасы одан арман.
Голышман ауданының қақ жолында,
«Плотина» деген ел бар жол сұраған.

Барар жер бұл қаладан алыс емес,
34 аталады керек разьезд.
«Скакуново» дейді екен разьезді,
Естіген құлақ қанып, талай кеңес.

34-ші разьезге тура кеттік,
Сүрлеусіз, жолсыз бозбен зорға жеттік.
Жөн айтар сол арадан кісі алып,
Іздеген бейіт жаққа әрең өттік.

Ұзамай бейітіміз табылғанда,
Қуандым қарсы алғандай әкем алда.
«Әкежан, біз келеді» деп, көп күттің-ау,
Ақталмаймын: бас ием аруағыңа.

Мінекей келдік іздеп мекенінді,
Келінің, немерелер бірге келді.
Орныңнан көтеріліп қолың созшы,
Мандайдан бір сыйпату арман еді.

Әке сен өлген жоқсың, атың тірі,
Біз үшін сенің атың пірдің бірі.
Арнаймыз дұғамызды ата-анаға,
Жаусын деп сіздер үшін иман нұры.

Әдейі келдік бата жолымызбен,
Дұға оқып, ас беретін жөнімізбен.
Аруағың риза болсын ақ ниетке,
Кеше гөр қатемізді өткен бізден.

Көлемі бұл бейіттің үлкен екен,
Жерленген біраз адам елден кеткен.
Арнаулы жалпы аят бағышталды,
Аруақ риза болсын бата күткен.

Арада молда бары жақсы болды,
Әкеме құран- хатым, дұға оқылды.
Жерленген аты мәлім туғандардың
Бәріне бата жасап жайдық қолды.

Қашаннан тыныш жатқан бұл бейітті,
Оқылған аят үні тебіrentті.
Қол жайып, тына қалған кезімізде,
Аруақ қош көргендей әсер етті.

Біраз боп, мезгіл түстен ауып кетті,
Бейітпен қоштасатын уақыт жетті.
«Тағы да қаласың-ау көзден таса»,-
Деген ой жүрегімді елжіретті.

Бұйырған топырағың мамық болсын,
Зираттың үсті нұрлы, жарық болсын.
Қол жайған тілегіміз қабыл болып,
Бастарыңа пейіштің құсы қонсын.

Арнаулы ас дайындап ала барған,
Дәм беру міндет еді көңілге алған.
Сәтімен бір туыстың кең үйінде,
Осы ой іске асты көпке арналған.

Ас пенен құран- хатым бағышталды,
Тәртіппен мұсылмандық жол жасалды.
Қалықтап төбемізде аяулы аты,
Әкеміздің рухы бір аунап қалды.

Сұрасып көп адамды біліп қалдық,
Тыңдаумен үлкендерді сөзге қандық,
Маңызды, мазмұнды өткен сол күндерден,
Өмірлік естен кетпес әсер алдық.

1998 жылғы 24-26 шілде.

СӘТТИ САПАР

*(Әкем Хамза Сағындықұлының бейітіне
ескерткіш-тас орнату сапарына)*

Ресей жері ерекше жылы маған,
Әсері бар, өзіне тартып тұрған.
Өрісім, өркендеуім елде болса,
Шыр етіп, ауа жұтып сонда туғам.

Аштықта, таршылықта азып-тозған,
Орыс елі қазаққа қорған болған.
Ұрпақ көп, туып-өскен «іш» жағында,
Достасып сол халықпен тірлік құрған.

Аңыздай айтатын ой толып жатыр,
Менің де түп тамырым сонда жатыр.
Әкемнің демі бітіп Ресейде,
Ақыреттік мекені болған ақыр.

Қуанған ем бейіті табылғанда,
Талай оймен көзден жас ағылғанда,
Дұға оқылып, арнаулы ас беріліп
Жеткен ем ойда жүрген бір арманға.

Аты жоқ, атағы жоқ бейітіне,
Ойға алдым, белгі орнату міндетіме.
Тасқа ойып, атын жазып, елін атап,
Ескерткіш қою болды ниетімде.

Осы ойды атқаруға қамқор болған,
Серәлі-інім, Қабдырақ-ақылшы ағам.
Басынан басшы болып бұл сапарға,
Сауабы мол, құдайы іс атқарған.

Тастың да, бар керектің келіп жөні,
Жолға шықтық 22 тамыз күні.
Тілеулес туыстармен балалардың,
Сәрсенбіге сәт тілеп қосылды үні.

Көңілді қобалжытты ауа райы.
Жаңбырдан бүлінетін жолдың жайы.
Машиналар сенімді болғанымен,
Қиын еді Ресей жақ жол ыңғайы.

Құйған жаңбыр жол бойы мазаны алды.
Ишимге жеткен кезде тына қалды.
Бой жазып Көкен апай кең үйінде,
Алдағы жолдың қамы жоспарланды.

Кешікпей жүріп кеттік Қарасөлге.
Қисық ата ордасы тұрған жерге.
Қуандық ел шетіне кіргеннен-ақ,
Жол болып, Сапар- іні кездескенде.

Асылдан жақсы туған Сапар- іні,
Жүзінен төгіліп тұр иман нұры.
Елпілдеп, жолдың қамын тезден шешіп,
Зиратқа өзі бас боп, алып жүрді.

Сол жерде бұлт ыдырап, күн ашылды,
Аспаннан күлімдеген нұр шашылды.
Зиратқа жолсыз бозбен тура өтіп,
Жүректің қобалжуы сәл басылды.

Дұға оқып, бізді күткен бұл бейітке.
Кірістік арнап келген ақ ниетке.
Орнады әкемізге гранит тасы,
Жазылған аты-жөні мәңгілікке.

Жайымен күн шуаққа дұға арналды.
Бірнеше құран-хатым бағышталды.
Аталып зираттағы аруақтар,
Бәрінің рухы бір аунап қалды.

Тасын сипап, жүрегім тынышталды.
Сезімдер неше түрлі ойға оралды.
Бой босап, елжіретіп өн бойымды.
Баладай көзден жасым тамшылады.

Жан әке риза бол ниетіме,
Ұрпағың басын иген ізетіне,
Белгісіз, ескерусіз қалған жоқсың,
Келерміз әлі талай бейітіңе.

Зираттан Қарасөлге қайта келдік.
Сапардың кең пейілін тағы көрдік.
Бізге арнап малын сойып, дәм дайындап,
Қарсы алған туыстарға сәлем бердік.

Сый көрдік туысқандық дәстүрінде.
Қисекең соңғы өмірін кешкен үйде.
Арнадық дұғамызды, батамызды.
Сақталсын қонған ырыс сол күйінде.

Сапардың жігіттігі риза етті.
Ақ көңіл, елпілдеген іске епті.
Келтірген жолдың сәтін Серәлімен,
Қабаңның еңбектері тәнті етті.

Бұл сапар ойда қалар сәтті болды.
Атқарған ісімізге көңіл толды.
Бір Алла қабыл етсін дұғамызды,
Әумин!--- деп, сауабына жайдық қолды.

2001 жыл, 5 қыркүйек.

АПАШКАҒА

(Немерелері қойған атымен)

Жылдар жылжып өтіп жатыр, ұлғайғаның білінбей,
Асуларды, өткелдерді өту керек сүрінбей.
Кейігенде жадыратар, жеңілдетер жүгіңді,
Жарың болсын жаныңда сүйенетін піріңдей.

Жан жарың ғой жанұяңның жарқыратар шырағын,
Ұзап кетсең алаңдатып тартып тұрар тұрағың.
Туыс пенен жолдастарды қарсы алғанда жарқылдап,
Өсе түсед мәртебең, бәйге алғандай пырағың.

Балаларды балапандай аялаған, өрбіткен,
Бала үшін бар өмірін аямаған, жар күткен.
Еңбегіңнің өлшемі мен бағасы жоқ қайтарар,
Мейіріммен ақ тілекті арнаймыз біз жүрекпен.

Ата-енеден батаменен алғыс алған ол бастан,
Үлкен сыйлап, замандаспен әзіл сөзі жарасқан.
Балалар мен немерелер бақытына сау болып,
Жанұяңның ұйтқысы боп, ұзақ жаса апашкам.

Саған сеніп оттың басын ойламадым баладай,
Бала тұрсын, өзім дағы еркелеймін анамдай,
Үй ішінде бар мен жоқты әлі күнге білмесем,
Сенің арқаң, бар мейірін төгіп келген аямай.

1983 жыл.



ӨМІРІМІЗ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Бір ауылда біте қайнап, бірге өскен.
Ұяндықпен көз астымен тілдескен.
Ойын- тойда әзіл, күлкі ұласып,
Жүрек сырын түсінісіп ілескен.

Есейгенде көз тоқтатып жарасқан.
Ұшқын сезім алмасатын алыстан.
Өмірлік дос, айрылмайтын егіздей,
Ақ батамен некелесіп табысқан.

Талай өмір өткелдерін кешіппіз,
Жастық шақтың сынағынан өттік біз.
Ұлағатты үлкендерден бата алып,
Ата-әжелік дәрежеге жетіппіз.

Тәрбиелі ұл мен қыздар өрбіді.
Өміріміз ұрпақпенен көңілді.
Немеренің отау тойын атқарып,
Нәсіп етсін шөберелер көруді.

Ата-ананың қас-қабағын аңдадық.
Сый-құрметін атқара алдық балалық.
Тәрбиемен бақи жайға ұзатып,
Батамызда болған емес қазалық.

Үлкен сыйлап, құрметтейміз кішіні,
Қатты сөзбен жасқамадық кісіні.
Туыстар мен жолдас-жора өмірлік,
Ажырамас қазынамыз секілді.

Тәубә дейміз, құрмет көрер орта бар,
Дүние емес, ең қымбаты осылар.
Артта қалар атың менен атағың,
Адамдықтан, адалдықтан табылар.

2002 жыл, наурыз.

БАУЫРЫМ РӘШҚА

Ережеп Сағындықтың бір баласы,
Байсалды, көпке сыйлы ел ағасы.
Ырымдап пайғамбардың есімімен,
Ғайса деп аталыпты ұл баласы.

Атына Ғайса лайық ұлы болды,
Әулетке Ғайса атымен ырыс қонды.
Бойына туа біткен өнерімен,
Білмеді әділдіктен басқа жолды.

Жан ашыр елге қорған басшы болды,
Көмегін аямаған ашық қолды.
Танылған пайғамбардай бүкіл елге,
Мәңгілік санамызға аты қонды.

Сол жылдар қырғын соғыс оты жанды,
Халықты үрейлетіп есін алды.
Ілігіп алғашқылар тізіміне,
Майданға көппен бірге кете барды.

Соғыстың алғашқы ауыр қырғынында,
Қиылды қаза жетіп қыршынында.
Құлазып Мәмәуіміз жесір қалды,
Үрпиген үш баланың қоршауында.

Қасірет шаңырақтың құтын алды,
Қайғымен апатайым науқастанды.
Қиындық шырмауында қалғаннан соң,
Блажсыз төркініне көшіп барды.

Ауылы құдалардың Алқаағашта,
Жантілеу абзал жан ед, орны басқа.
Ұрпағы Қошан менен Қабдоллалар,
Шаруасы тәуір болды ауылдаста.

Болған соң анасының күтімінде,
Сенуші ек тәуір болып кетуіне.
Амал не, тура келген ауыр науқас,
Тездетті бақи дүние өтуіне.

Қолында нағашы әже Бибәтiштiң,
Рахила, Рәш, Күләш қалды жетiм.
Аялап балапандай бақсадағы,
Салқыны сезiлмей ме жетiмдiктiң.

Дүниеден Жәкең менен шешей де өттi,
Ауырлық Қошекеңе тегiс көштi.
Балалар Шәпиядай абзал жанның,
Бауырында өз қызындай болып өстi.

Айырмай өздерiнiң баласынан,
Сездiрмей қыл өткiзбей арасынан,
Өнерлi, өнегелi тәлiм бердi,
Кем болмай туған ата-анасынан.

Осы үйден бәрi ұшты қиясына,
Әрқайсы қонды сүйген ұясына.
Iргелi жанды-жақты шаңырақ болды,
Тағдырдың тауқыметiн тыясың ба?

Бiздерге бiрi болса төрт ағаның,
Көрмес ек мұндай өмiр шырғалаңын.
Соғыстың оты шарпып бәрiмiздi,
Көрдiк қой шаңырақтың шайқалғанын.

Жиналған барлық туыс бiр болмаққа,
Iлезде бытырадық әрбiр жаққа.
Әркiмнiң өз тағдырын тұрмыс билеп,
Ұқсадық шашып салған құмалаққа.

Ол кезде менiң жасым сегiзде едi,
Қолынан жас баланың не келедi.
Жәкәбай, Сәтiбек пен Отызбайлар,
Ағалар бәрi майдан шебiнде едi.

Үлкен үй шаңырағында жетiм қалдық,
Өмiрдiң артқан жүгiн арқаладық.
Бес жасар Серiк iнiм қолтығымда,
Ананың кең құшағын паналадық.

Соғыстың дерт боп қалған көп арманы,
Төрт ағам - бірі тірі оралмады.
Белгісіз қаза жетіп қалған жері,
Бас иер бейіті де табылмады.

Суретін ағалардың қолыма алып,
Отырам неше түрлі ойға қалып.
Жас кезде еске келмес кейбір жайлар,
Тұрады есейгенде ойға оралып.

Қыздардан Ғайса ағамнан ұрпақ қалған,
Рәшті кем көрмеуші ем ұл баладан.
Ұқсаған әкесіне түрін көріп,
Құшақтап қызғанушы ем Алқаағаштан.

Туыспен таныстырып үйретуші ем,
Жетектеп туған жерін көрсетуші ем.
Інімдей қошаметтеп әрқашанда,
Сағынып іздеуші едім көп көрмесем.

Ағалық мейірімді ұғушы еді,
Туысқа көңілі бұрып тұрушы еді.
Әшейін іздеп барсақ амандықпен,
Ел жинап үйде думан құрушы еді.

Мінезі ер жігіттей батыл еді,
Өнері әкесіне тартып еді.
Тіл тауып орыспен де, туыспен де,
Көңілі ортаймайтын жарқын еді.

Ішінде туыстардың еттей жақын,
Мен үшін болып еді кесек алтын.
Жеңгесін «Үлкен үйге» балап, сыйлап,
Өлгенше сақтап өтті ата салтын.

Атыңды еске алып бата жасар,
Артыңда туыстарың, ұрпағың бар.
Нұрланың үлкен үйге басшы болып,
Зайрамыз өз атыңды жалғастырар.

Ұрпағың «Үлкен үй» деп жиналғанда,
Еске алып ата-енесін сыйлағанда.
Шаттанып ақ тілекпен бата арнаймыз,
«А, Құдай саулық бер!» - деп балаларға.

Жүректің дірілі бар қорқып қалған,
Толмайтын орыны қалды туыстардан.
Жаратқан аларында таңдай ма екен,
«Керек, - деп ол жаққа да жақсылардан».

Бір Алла туыстарға тірлік берсін,
Ақылдан адастырмай бірлік берсін.
Өмірдің қысқа екенін көріп жүрміз,
Артыңнан «Адам» деген атың ерсін.

1993 жылғы наурыз.



ОРЫНДАЛҒАН БІР АРМАН

Жасымнан жақсы сөзге ұйып жүрдім,
Алтындай асылдарын жиып жүрдім.
Атадан мұра болған өнер жолын,
Сүйсініп, ынта қойып, қуып жүрдім.

Он үш жаста қолға ұстап домбыраны,
Қосушы ем пернесіне ескі әнді.
«Сылдыр, сылдыр қамысқа...» сазды әуені,
Сылдырлата қозғаушы ед ой-санамды.

Нәрлі сөз әсем әнді сүйіп өстім,
Баяулап домбырамен күйге қостым.
Торласа ауыр ойлар, мазамды алып,
Сырласым да домбыра, әнмен доспын.

Сөз сұлуын кітаптан оқығанда,
Қиял сезім көңілде толқығанда.
Өз ойымнан туатын сөз өрнегін,
Хатқа салып жүруші ем отырғанда.

Ел ішінде естіген ұшқыр ойлар,
Қазынам болып жүрді жиып қояр.
Бір кәдеге асар деп жүруші едім.
Дүние емес қадірсіз қалып қояр.

Көңілге қуат берген туған жерім,
Кім сүйіп мақтамайды туған елін.
Ардақтаймын елімнің азаматын,
Иіс майдай көремін жусан, шөбін.

Туыс, жолдас өрісім деп білемін,
Тойын дулап, қасіретін бөлісемін.
Бала өсіріп, қызықтап немерені,
Атап жүрміз өмірдің белестерін.

Ерекше өмірім бар бермес маза,
Қашанда ел алдында арым таза.
Қолға қалам алмасам соңғы кезде,
Сезінемін өткендей күнім қаза.

Қуанамын еңбектің жанғанына,
Көп дүнием жиналып қалғанына.
Бұл мәжіліс той емес жариясы,
Орындалған ойымның арманына.

Қолға алғанда кітабым «Көктеректі»,
Қуанғаннан саусағым дірілдепті.
Біреу ұғар ойымды, біреу сынар,
Қолдағы ең асылым осы іспетті.

Мың рахмет мейірімді туыстарға,
Қиындықты жеңесің туыс барда.
Туыстардың көмегі болмағанда,
Бұл еңбегім қалар ма ед қуыстарда.

Күмән жоқ, елім бірге шаттанады,
Сондықтан да еңбегім ақталады.
Сыншыл көзбен қарамай сыйлай білсе,
Оқырман да алғысын ақтарады.

«Көктерек» оқырманның көңілін тапсын,
Тұсау кесер еңбектер іске асын.
Ақылшы сырласатын досы болып,
Барған үйдің төрінен орын алсын.

1999 жыл, 29 маусым.



«АДАМ» АТЫМ СӨНБЕСІН

Тандағаным МВД мамандығы.
Халыққа қызметінің адалдығы.
Тосылсаң шағынатын орын таппай,
Милиция қорғаның болғандығы.

Отыз жыл әр салада қызмет еттім,
Еңбекпен облыстық төрге жеттім.
Сақтаумен заңдылықты, адалдықты,
Халықтың сый-құрметін еншілеппін

Қызметті санамменен қабылдадым,
Қатерлі қиындықтан тайынбадым.
Ел алдында, мемлекет Заңы алдында,
Арым таза болудан жаңылмадым.

Шен де бар төрде отырар төрелердей,
Атақтар бар жүретін төмендемей.
Ұрпақ бар болашаққа сенім артар,
Сақталсын «Адам» атым мәңгі сөнбей.

2004 жыл, сәуір.



ҚОҒАМҒА ҚОРҒАН КЕРЕК

Мемлекетке қарулы қорған керек,
Қоғам болмас қорғансыз бей-берекет.
Сенімді милиция туғаныңдай,
Ежелден ел тағдырын қорғап келед.

Қорғау керек қоғамның тыныштығын,
Тәртіпсіз қоғам күші болмас мығым.
Халықтық қазынаға сақшы қажет,
Сақтайтындай көзінің қарашығын.

Халыққа тыныштық пен тәртіп қажет,
Жойылсын өрескелдік, тентек әдет.
Салауатты, талапты ұрпақ өсіп,
Аласталсын кер кеткен жауыз, жендет.

Жемқорлық ауыр қылмыс қоғам үшін,
Кетіретін іштен сорып қуат күшін.
Ауызы тұшып көбейді парақорлар,
Бүйте берсе елдіктен кетер пішін.

Жемқорлық, парақорлық саудасы ардың,
Жұқпалы індеттері басшылардың.
Көкелеп көлгірсіген жылмақайлар,
Сыбайласы, сырласы арсыздардың.

Біле тұрып кеселін емдемесе,
Қоғамның келешекте күні неше.
Не болмақ Заң қорғаушы мекемелер,
Әділет, иман жолын ескермесе.

Жайылды жұқпалы дерт нашақорлық,
Ұрпақты аздыратын азап, қорлық.
Азған адам қауыпті қоғамына,
Жасамақ ессіз қылмыс, көзсіз зорлық.

Көрмеп ек біздер мұндай кереметті.
Жаңа дәуір әкелген әрекетті.
Заң, иман, қоғам болып жұмылмаса,
Асқындырып алармыз ішкі дертті.

Бұл іске мемлекеттік жоспар қажет,
Тәртіптің орнауына халық сенед.
«Милиция қорғаның» - десек тағы,
Көпшілік боп көтерген жүк жеңілед.

2002 жыл, көкек.

ЕЛУ ЖАС

Кеше ғана сияқты,
Өткізген күндер балалық.
Аңғартпай жетіп қалыпты,
Бізге де үлкен ағалық.

Біраз өмір өтіпті,
Ащы- тұщы аралас.
Жадағай тірлік қызық па?
Болмаса тартыс, тайталас.

Жастық жігер бойдағы,
Ұмтылтты ынта өріне.
Қиынға бастық қымсынбай,
Шығуға мақсат төріне.

Жалтақтамай, қуланбай,
Әділдік тердік әр уақыт.
Алтын дәуір арқасы,
Әперген бізге зор бақыт.

Еңбегің тапса бағасын,
Қадірлі болсаң қызметте.
Халыққа жақсаң сыйлы боп,
Өмірлік еншің емес пе.

Үй ішіннің рахаты,
Тату-тәтті тұрмыста.
Алдағы тілек мақсатым,
Бақыт беру ұл-қызға.

Қажыйтын адам мен емес,
Мынандай жарқын өмірде.
Көретін әлі қызық көп,
Сүю керек шөбере.

1983 жыл, наурыз.

АЛПЫС ЖАС

Алпыс жас тіршіліктің үлкен белі,
Жылдар жылжып сол белге бізді әкелді.
Жүрегің жайлап қана лүпілдейді,
Көңіл сергек, алпыс жас жоқ секілді.

Жастық шақ заулап өткен өмір заңы,
Алпыс қуып құтқармас қапсаң- дағы.
Көңілің жас болса да, өңің тозып,
Келіп тұр үлкендердің айтқандары.

Қоймайды ұлғайған жас мойындатпай,
Қадірлеп күтпей болмас, бабын таппай.
Сол үшін беріледі зейнеткерлік,
«Дем ал» деп, жанұяңды аландатпай.

Өткенді екшеп талдау кезі жетті,
«Не ағаттық, нелерге қолың жетті?»
Ағайын, жора-жолдас қасыңда ма,
Өмірдің болашағы қандай текті?

Жоғалтпаппыз, бәрі бар, тәуба еттік,
Үлкен атақ шенінде қызмет еттік.
Балалар азамат боп, шаңырақ құрып,
Немере ертіп сүйетін халге жеттік.

Халық сыйлар қадірлі Қабаң болдық,
Ақ ниетпен көп жерге аян болдық.
Жолдас пен туыстардың арасында,
Лұқман-хакім айтқандай заман құрдық.

Жақсыдан үйренуден жалықпадым,
Ән шырқап, той-думанда шарықтадым.
Өнерге неше түрлі үйір болып,
Қиындықтан қашан да қаймықпадым.

Білемін алда ерекше өмір барын,
Берешегім бар әлі, алашағым.
Тілеймін жанұяның амандығын,
Балалар мен немере болашағын.

1993 жыл, наурыз.

АЛПЫС БЕС ТЕ – АСҚАР ТАУ

Естен кетпес шежіре өткен күндер,
Жазылса дастан болар мың бір түндер.
Еңбекпен тәлім алып өскен ортаң,
Дәмін татып, кәусарын жұтқан жерлер.

Тұрмыспен ерте есейіп өнер қудық,
Үлгі алар жақсылармен бірге жүрдік.
Өмірдің мектебінен үйренумен,
Өшпес мұра, сарқылмас тәлім жидық.

Бар мінезден ешқашан айрылмаспыз,
Жасық темір секілді майырылмаспыз.
Тәуба етеміз, тірліктің ең байлығы,
Туыстар мен достардан айырылмаппыз.

Уақыт келді өткенді еске алуға,
Ойға салып, қорытып, толғануға.
Сәніменен сапалы өмір кештік,
«Әттеген-ай» десек те ағаттарға.

Еспе сөзге ермедік, пісіп буға,
Үлкен қате болмапты ақталуға.
Қара жүрек, жылмақай қосшылардан,
Ақ көңіл жібермепті сақтануға.

Сақал-мұртта ақ жоғы бұл жасымда,
Сақаңның күтімінің арқасында.
Қырық үш жыл өмірде бірге өткерген,
Бір бармаппыз шай кесе шайқасына.

Ризамыз мейірімді қызымызға,
Күйеулерді балаймыз ұлымызға.
Сәуле менен Қарлығаш, Ләззаттардың
Үй ордасы сау болсын бағымызға.

Дулат пенен Болат қой тірегіміз,
Ақ батамыз соларда, жүрегіміз.
Мейірімді боп келіндер, немерелер,
Ақталар деп ойлаймыз тілегіміз.

Балалар сырласымыз, қолдаушымыз,
Құдіреттен кем көрмес қорғаушымыз.
Қате басса қамығып жолға сілтер,
Біз оларға ақылшы, болжаушымыз.

Өмір сәнді ағайын сіздерменен,
Сыйластық дәстүріміз өзгермеген.
Тілейміз бәріңізге ұзақ ғұмыр,
Мың рахмет құрметпен тойға келген.

1998 жыл, наурыз.



«МОЯ СУДЬБА - МОЕ БОГАТСТВО» кітабымның шығуына

Зейнеткерлер жай емес, ойда жүред,
Өткен мен болашаққа бойлап жүред.
Қара шаңырақ - УВД табыстарын
Мадақтап, қателігін қорғап жүред.

Өнер бар шүкіршілік бойға біткен.
Бұл кітап кезекті еңбек достар күткен.
Отыз жылдық МВД қызметінің,
Қорытындысы халыққа жария еткен.

Тар жол, тайғақ өмірдің туындысы,
Сараптама ойлардың сығындысы.
Түсініп сүзе білсе сөздің нәрін,
Ойға қорек дән табар оқушысы.

Өмірден үйренуден жалықпадым,
Бас тартып қиындықтан, камықпадым.
Шаттық пен шырғалаңы қатар жүрген,
«Өмірім - байлығым» деп байыптадым.

Мәнді сөздің қоры бар ойға түйген.
Жалықпаспын жақсы ойды бөлісуден.
Оқушым бар, әнімді тыңдаушым бар,
Қолдаушы, қошаметші өрісім кең.

Ешкіммен таласым жоқ сөз теңеуге,
Сыйласар достарым көп жүрген жерде.
Жазған дүнием артымда қалар ізім,
Ескерткіш қолдан қойған өміріме.

2002 жыл, наурыз.

ҚАЙДА СОЛ КЕЗ?

Таңдайтын едік тойларда,
Ішімдіктің мықтысын.
Таңдап жедік табақтан
Қазының семіз қыртысын.
Темірді тістеп жүргенде,
Сыздаушы ма еді бір тісім.
Түнде тойлап ертемен,
Үркуші еді жұмысым.
Қайда кетті сол бір кез
Өзгертіп өмір үрдісін.

2001 жыл, ақпан.

АТА САЛТЫ

Қонақ болып, құрмет көру мәртебе,
Қонақжайлық қанға сіңген ертеде.
Сый дастархан дайындаудың қамы үшін
Дәмді тағам сақталады іркіле.

Мәжілісте жайлы отырсаң сыйласып,
Қыңыр сөзсіз қалжыңдасып, ұйқасып.
Тамақ ішпей пейілге де тоясың,
Ем алғандай, бой жеңіліп, күй тасып

Артық сөздер андысудан туады,
Көңіл күйін, ой еркінді буады.
Көзі күліп артында зіл жатқанын,
Үлкен тұрсын, жас бала да ұғады.

Шын көңілдес жолдастармен бой таныс,
Кездесулер болмаса екен тым алыс.
Қонақ болып, қонақ күту біз үшін,
Ата салты болып келген қуаныш.

1994 жыл, сәуір.

АНА СҮТІН АҚТАЙТЫН БАЛА БОЛСЫН

Кезінде келін үлкен тұлға болған,
«Отағасы» атанып билік құрған.
Нәзік қолмен жайнатып жанұясын,
Келінменен ордаға ырыс қонған.

Көргені бар келіндер өнер қуған,
Қазақтың салт-дәстүрін жалғастырған.
Ерінің атақ-даңқын өрге өрлетіп,
Көп ерлердің әйелмен аты туған.

«Келін алсаң таңдап ал көргендіден»,
Көргенсізден талайлар опа көрген.
Өткендердің тәлімі, данышпандық,
Ғасырлардан сабақ боп бізге келген.

Бала қайда атаның жолын ұстар.
Үлкеннің жанашырлық сөзін ұғар.
Көзі жоқ көбелектей аңғармайды,
Нәрі бар бақыт гүлін таңдап қонар.

Жастықтың қателіктің жүгін артып,
Көбісі адасып жүр азап тартып.
Туған әке-шешеден қайын жұрттын,
Жағалап жүрген жоқ па, көріп артық.

Келіндер қыңырлыққа қандай мықты,
Еріне айтқандары заң боп шықты.
Үй иесі, бас болып өз сөзі жоқ,
Ұл бала келіндерден бұғып ықты.

Түсінбеймін неліктен ығатынын,
Қай қылығы келіннің жағатынын.
Ас мәзірі, шаруаға, іске шорқақ,
Өнері жоқ көңілге қонатұғын.

Күн ұзақ кино көру бар өнері,
Ойында жоқ қалайша күн көрері.
Ерте тұрып, кеш жатып еңбек етпей,
Қайдан болмақ кірістің келер жері.

Енесі шаруа атқарып ас үйінде,
Әкесі сыртта жүрсе шөп үюде.
Қол септігін беретін бала қайда,
Құлды жалдап қойғандай бай үйіне.

Кісі келсе үйіне жай білуге,
Енесі дайындалса шай беруге,
Жас келін орынынан қозғалмайды,
Көмектесіп дастарқан көтеруге.

Осындай қылықтары күйретеді,
Кім қатесін түзетіп үйретеді.
«Жалқау болма, ақылмен іске талпын» -
Деген сөзді шіркіндер кек етеді.

Қай кезде ақыл, иман қонар екен,
Қатесін ұғынар күн болар ма екен?
Кезінде өздерінің баласынан,
«Еңбегімді қайтар» - деп сұрар ма екен?

Кәрілік келеді деп ойлай ма екен,
Алдындағы өмірді болжай ма екен?
Соңғы ұрпақ тас жүрек, шайпау болмай,
Ата салтын, дәстүрін жалғар ма екен?

Ұлттық дәстүр қазаққа қайта оралса,
Ақыл сөз, ақ тәрбие бойға қонса,
«Қара шалдын» зарлы үні болмас еді,
Ана сүтін ақтайтын бала болса.

1999 жыл, шілде.

БАСЫҢДА ЖАРҚЫРАСЫН ШАМШЫРАҒЫҢ

(Сүйікті жиенім Динараның жарқын бейнесіне)

Ботам-ай балдан тәтті көретұғын.
Еркелеп «апашкалап» келетұғын.
Көгертпей қыршыныңнан қиып кетті-ау,
Ем болмай дертке дауа беретұғын.

Тағдыр-ай қайырымсыз қатал неткен,
Сәбиде мұндай кесел бола ма екен.
Жүрегіндей қымбатты қимасыңды,
Тәніңнен үзіп, жұлып алады екен.

Көздінің ұшқын оғы тиді ме екен,
Қарғысқа қалай көзі қиды екен.
Мектепті тәмамдауға жыл қалғанда,
Ботам-ай жер бетіне сыймай кеткен.

Бал дәмін балалықтың біле алмадың,
Бала боп еркін ойнап жүре алмадың.
Ойменен кейде отырып қалушы едің,
Ішінде кетті-ау талай мұң -арманың.

Жаныңда күндіз-түні болды мамаң,
Шұрқырап бауырларың шыр айналған.
Амал не еңбектері жанбаған соң,
Ажалға тура келген бар ма шараң.

Атырып үмітпенен ақ таңдарды,
Жазылып бой көтеру болды арманы.
Білдірмей әзіл айтып жымиушы ең,
Ауруың жанға батып жатсаңдағы.

Мақсаттар ойға алған сағым екен,
Сынаптай қолға тұрмай ағып кеткен.
Тағдырдың азабының ауырын-ай,
Сәбидің жас өмірін алып кеткен.

Тірлікте көрешекті көресің де.
Тағдырдың жазуына көнесің де.
Тілейміз амандығын қолда бардың,
Алланың рахымына сенесің де.

Ботам-ай, мамық болсын топырағың,
Дұғама қосып, тілеп отырамын.
Пейіштен мәңгі-бақи орын алып,
Басыңда жарқырасын шамшырағың.

1999 жыл, тамыз.

СЫЙЛАСТЫҚТЫ САҚТАЙЫҚ

Жігіт кезде үркуші-ек үлкен жастан,
Шәу тартқан шалды көріп 60-ты асқан.
Бұл күнде 70-тегі зейнеткерлер
Асырмайды «шал» деген сөзді бастан.

Олар бүгін шал емес, ардагерлер,
Таймаған тұлғасынан сипат, жігер.
Сақал-мұрты болмайды ардагердің,
Бар болсын, ақыл-ойлы кемеңгерлер.

Сақал-мұрт ардагердің баласында,
Дәулеті сенен артық, баласынба.
Сәлем бермей шалқайса «Мерседесте»,
«Жаңа қазақ» дегенің, міне, осы да.

Өзімен өзі сөйлеп бара жатқан,
Жын емес, телефон ғой құлақ жапқан.
Сәлемінді алмаса, ренжіме,
«Жаңа қазақ» салты сол таңдап тапқан.

Тәрде отырған ақ шашты, жалаң басты,
«Жаңа қазақ» жігіттің бір анасы.
Қызыл құйма, ақтан құй ренжиді,
Жақсы арақ бай қазақтың сыбағасы.

Жас келіншек сызданып қарамайтын,
Қағып кетсе, кешірім сұрамайтын.
Жұбайы ғой жаңағы бай қазақтың,
Кейінгіні кісіге санамайтын.

Сипаты осы десек те бұл дәуірдің,
Керек-ақ шайқалмауы дін, дәстүрдің.
Қазақтың қанға сіңген сыйластығын
Сақтаушы болу керек ұрпағы ұлттың.

2002 жыл, қазан.

АҚЫН АҒА

(Облыстың халық ақыны Ахметжан Нұртазинге)

Асыл сөздің қазынасы ақын аға,
Сан айтыста шарықтап шыққан алға.
Еңбегіңді қалың ел зор бағалап,
«Облыстық ақын» деп, берді баға.

Айтыс десе арқалы дарындысың,
Ерегесте ұтымды, шалымдысың.
Атағың «ақын Ахаң» елге әйгі боп,
Халықтың құрметіне қанулысың.

Еңбектің ерендерін ардақтайсың,
Жетістікті жеткізе мадақтайсың.
Кемшілікке, қырсыққа, ескілікке,
Өткір тілді қадаудан қаймықпайсың.

Ақыңдық шабытыңыз бассын өрге,
Талабы бар жастарға Сіз өнеге.
Көп жасап, дариядай тартылмаңыз,
Жан-жақты жаңалықтан жыр беруге.

1971 жыл.

АҚАҢ ЕСТЕ САҚТАЛАДЫ

(Халық ақыны Ахметжан Нұртазаұлының аруағына)

Ақаң терең дариясы ақындардың,
Қадірін түсінбейсің қолда бардың.
Айрылған соң қапа боп өкінеміз,
Сынығын жинастырып жанған шамның.

Ақаңның әрбір сөзі көпке ұнайды,
Ән болып айтылады, ел тыңдайды.
Салмақты терең ойлы шумақтары,
Бойды билеп, көңілге ұялайды.

Ақаң тұр қатарында алыптардың,
Арқада аты әйгілі ақындардың.
Халқының қазынасынан сусындаған,
Зергері әсем сөздің жеке дарын.

Сенеміз, Ақаң есте сақталады,
Елге сіңген еңбегі ақталады.
Ұрпаққа үлгі болып мол мұрасы,
Әні өлмейді, сөздері жатталады.

1994 жыл, сәуір.



70 ЖАС - БИІК ТӨБЕ

Тоқтамайтын өмір көшкен керуен,
Керуенде өз орнымда келем мен.
Жаратқанның қамқорына шүкірлік,
Аялаумен осы жасқа әкелген.

Тірлігім бар кәусәріне тоймайтын,
Қысымы бар көндірмеске қоймайтын.
Сенімім мен бағытым бар аумайтын,
Ақиқаттың ақ жолынан таймайтын.

Көпті көрген көнелермен сыйластым,
Жақсылармен жақын жүріп сырластым.
Өнер қуып, үлгі тұтар ой теріп,
Өнегелі ел көшіне ұластым.

Өмір жолы - шежіре есте сақталар,
Әр кезеңнің өз сыры бар ой салар.
Үлкен жолда «әттеген-ай» болса да,
Ел алдында кінәміз жоқ ақталар.

Атақтар бар, марапат көп, мың тәубә!
Ұялмай-ақ ауыз толып атауға.
Ең қымбаты қалың елдің құрметі,
Қайда барсаң төрін жайған сыйлауға.

Ұрпағым бар ата жолын жалғайтын,
Жан жылуын солар үшін арнайтын.
Туыстар мен достарым көп құрметті,
Әр қайсысын сом алтынға санайтын.

Бәйбішені айт, қос аққудай бірге өскен,
Қуаныш пен қиындықты бөліскен.
Бауырсағын мақтап жатса қонақтар,
Шайын мақтап мен де ұпай бөлісем.

Бұл тірлікте несіне мен қартаям,
Бойда қуат, көңіл жүйрік, марқаям.
Кейбіреулер «сіз жассыз ғой», - деп жатса,
Шынында да солай шығар деп қалам.

70 жасым өмірден мол несие,
Көп те емес, көңілі қош кісіге.
100 жасаған шалдар шалқақ жүргенде,
Бізғар соқпай жаураймын мен несіне.

70 жаста «ата» - дейтін бала ғой,
70 жаста жер тіреткен жала ғой.
Сақал-мұрт жоқ, қимыл шымыр жігіттей,
Сонда біздің жасты тауып ала ғой.

70 деген биік төбе қалайда,
Оған шығу қуаныш қой алайда.
Жетістікті атаған да ғанибет,
Бұл мәжіліс соңғы кезде жүрді ойда.

Мұндай тойлар құны қымбат естелік,
Ұрпағымыз үлгі алатын ескеріп.
Ұзақ өмір жаратқанның сыйлығы,
Әрбір күнін бағалайық мән беріп.

2003 жыл, наурыз.



БІР СЕНЕРІҢ БОЛМАЙ ҚОЙДЫ-АУ

Сандалдырған бүкіл елді,
Бұл не деген заман болды?
Ертеңгісін болжай алмай,
Сөз гуледі оңды-солды.

Жұмыссыздық етек алып,
Бассыздыққа көше толды.
Күн көрістің қамыменен,
Басты кәсіп сауда болды.

Сауда ісіне қыры жоқтар,
Жиғанына салды қолды.
Келешекте не болмақшы,
Тауысқанда жиған қорды?

Советтерді жаман дедік,
Партияны харам дедік.
Не десек те сол кездерде,
Көштен қалмас адам едік.

Ақы-пұлсыз білім алдық,
Емхананы пайдаландық.
Дем алуға қаржы жетіп,
Жердің жүзін араладық.

Жақсы киім таңдап кідік,
Машинаға ақша түйдік,
Баспананы тегін алып,
Неше түрлі жиһаз жидық.

Кемдік көрмей бала өсірдік,
Тойлар болды көл-көсірлік.
Ұрлық, зорлық бүгінгідей,
Кер кеткенін қашан көрдік.

Советтік ел арқасында,
Қызмет жасап, төрге өрледік.
Сусындаған кәусарыңа,
Түкіргенді енді көрдік.

Басқарусыз халық қалды,
Заңсыз өмір етек алды.
Сенім артар, шағым айтар,
Барар жердің қайсы қалды?

Кімге сеніп, кімді қолдау,
Кейінгі елге қиын болды-ау.
Алдамшы сөз, құрғақ уәде,
Бір сенерің болмай қойды-ау.

1997 жыл, маусым.

АҚЫЛСЫЗ БАЛА - КӨЗСІЗ КӨБЕЛЕК

Ата-ене ұрпаққа
Құдайдан бала тілейді,
Қыз боп туса қуанып,
Үкідей желпіп үрлейді.
Желге, күнге тигізбей,
«Өрісім» деп түрлейді.
Келешегін бақ білер,
Тағдырға кім көнбейді.

Ұл бала келсе дүниеге,
Айға қолы жеткендей,
Шашылып бір қалады,
Бар шаруа біткендей.
Шаңырақтың иесі,
Келіп орын тепкендей.
Байлық орнап, бақ қонып,
Мұратына жеткендей.

Атаның көңілі балада,
Сенімін соған артады.
Имандылық жолына
Тәрбиелеп тартады.
Бала үшін ата-ана
Бар еңбегін сарқады.
Азамат болса тауфиқты,
Еңбегі сонда қайтады.

Ақылды болған баладан,
Дәрежең күнде өседі.
Ынтасы болса өмірге
Тастан жолын теседі.
Көргендіден үлгі алып,
Өнерден алқа еседі.
Сондай бала бар болсын,
Бермесін тәңірім кеселді.

Қадамың аспай кесілер,
Бермесе құдай тілекті.
«Ақылсыз бала қылығы»,
Тілгілейді жүректі.
«Тәрбиеге көнбеген»,
Күйдіреді өзекті.
Мұндай бала болғаннан,
Болмағаны керекті...

Қызда да ұят қалмады,
Арсыз күлкі көбейді.
Өздері іздеп жігітті,
Өз үйіне сүйрейді.
Әке де жоқ, неке жоқ,
Жетімектер көбейді.
Имансыз сондай сұмдарды
Тамұқ оты жөндейді.

Ұлда болмай бас еркі,
Келінге тізгін береді.
Өткізе алмай өз сөзін,

Сөлпендеп соған ереді.
Сүйегінде дәні жоқ,
Балаға кім сенеді,
Аяз би айтқан болжамның
Талайын көзің көреді.

Дәстүрде жоқ көп сұмдық
Мысқылдап кірді басқадан.
Қай заманда бар еді,
Ата-енені тастаған.
Бетінен алып үлкеннің,
Балағат сөзбен жастаған.
Бұлардан қандай тәрбие, -
Болашақтан жасқанам.

Естеріне түсер ме,
Көзсіз өмір қатесі.
Ақыл сөзді еске алып,
Кірер ме екен бірде есі.
Тұрмыстың кешпей өткелін,
Түзетілмес жетесі.
Бірақ соны көрмейді-ау
Әкесі мен шешесі.

1994 жыл, мамыр.



ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Соғыс десе түршігеді өн бойым,
Бес жыл қырғын үрейлеткен жер бойын.
Соғыс оты жайпап өтіп бізді де,
Таршыллықта көрмей өстік үй тойын.

Сондықтан да ерте есейдік үлкендей,
Бала болып еркін ойнап бір көрмей.
Сегіз жастан егін егіп, шөп шаптық,
Қолқанат боп, еш жұмыстан жиркенбей.

Шаруа бағып, оқуға да үлгердік,
Тамақ болмай егістіктен дән тердік.
Оқулық аз, жазатуғын дәптер жоқ,
Жатақхана, шамсыз үйде күн көрдік.

Ынтаменен өнер тердік беріліп,
Жөнсіз іске бой ұрмадық елігіп.
Азамат боп ақыл тоқтар шағында,
Өткен күндер дерті тұрады сезіліп.

Қанды соғыс елге әкелді зор қайғы,
Көп шаңырақ оты сөніп, бақ тайды.
Қан майданнан оралмады төрт ағам,
Олар болса көрер ме едім бұл жайды.

Тәубә етеміз, соғыс бітті жеңіспен,
Ұлы Жеңіс бақытым боп сіңіскен.
Дәл сол күнгі жүрек жарған қуаныш
Көздің жасы, күлкіменен келіскен.

Қасыреттің таты кетпес ылайым,
Бауырлардың құнын кімнен сұрайын.
Нені қорғап, кім үшін жан қиғанын,
Бұл күндері түсіну де уайым.


Отан деген ұлы ұғым бар еді,
Отан қорғау азаматтың сәні еді.
Қасиетті ордамыздай көретін,
Осы ұғымның мәні жоқпен теңелді.

Бекер ме еді, сол жан қию, тұл өмір,
Соны ойлап құлазиды қам көңіл.
Отан үшін қанын төккен миллиондар,
Көзсіз десе, бұл өмірден бір түңіл.

Бұлдыр боп тұр болашақ та тап бүгін,
Сезінемін шырғалаңның көптігін.
Өткен ғасыр, өшкен патша заманың,
Қайтарудың көрмей тұрмын септігін

Бай мен манап қайта басын көтерді,
Теңдік кетіп, туды ақшаның көктемі.
Бәрін сатып, бәрі сатып алынса,
Заңсыздықтың болмас енді өлшемі.

1994 жыл, 9 мамыр.



ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

Ақын емен шарықтап көкке өрлеген,
Азды-көпті өнер бар Алла берген.
Қазақи жайма шуақ мінезім бар,
Аяғымды нық басып жерде жүрген.

Сазы бар домбырамның ел тыңдайтын,
Сыры бар жүрегімнің көпке арнайтын.
Ұрпаққа үлгі етіп қалдыратын
Ұлағатты сөзім бар сарқылмайтын.

Өз ойына әркім-ақ өзінше мәз,
Білім көптік етпейді жадына жаз.
Балама айттым, келінім, сен де тыңда,
Ақыл сөзді өрнектер үлкендер аз.

2003 жыл, желтоқсан.



ЫРЫМДАРДЫ ЖОРИЫҚ ЖАҚСЫЛЫҚҚА

Сәлемдесем ағамен, інілермен,
Күй сандықтан естілсе әсем әуен.
Үй сыртында сайраса бозторғайлар,
Жайлы күн, жақсы хабар бар деп сенем.

Аспан ашық жадырап самаладай,
Самал лебі сипаса мазаламай.
Таңғы тылсым тыныштық сәті ырым,
Жақсылыққа жоримын бабалардай.

Қышыса алақаны оң қолымның,
Жұлқыса бұпшық еті оң жонымның,
Оң қабағым сәл ғана жыбыр етсе,
Ырым етіп күтемін істің оңын.

Түшкірік келеді екен тек ырысқа,
Түсті де жору керек бек дұрысқа.
Ақ пейіл ұлы халық ұрпағымыз,
Ырымды жорымайық еш бұрысқа.

Жаманға баламайық бос шелекті,
Шелек алып қайтады бар керекті.
Жорымайық жат іске мысықты да,
Әулиелер мысыққа төр беріпті.

Жориық ырымдарды жақсылыққа,
Қателікпен бармайық жат қылыққа.
«Жақсы сөз - жарым ырыс» бастамасы,
Сенейік бәріміз де сол ғұрыпқа.

2002 жыл, көкек.

ЕКІ ӨМІРДІ АДАМҒА КІМ БЕРЕДІ

Білсек те қалайда бір өлім барын,
Қазаның әрқашанда алды тарын.
Жүз жасаған қария айтпап па еді,
«Жалған-ай!» - деп өмірге құштарлығын.

Ажал оғы аларын талғамайды,
Өмір шіркін сынаптай сан алдайды.
Өлген менен тірінің қасіретін,
Ажал аяп салмақтап санамайды.

Шыдамың қанша шымыр болса дағы,
Ащы өлім жан жүйеңді босатады.
Қимасын алып кетсе қан жылатып,
Ажалға сұпылар да тас атады.

Десекте Алла ісіне қарсылық жоқ,
Жүрекке қайғы салған қасірет көп.
Қыршынынан қиылса жалғыз бала,
Тіршіліктен не пайда тас жүрек боп.

Ана сорлы айырылса баласынан,
Балапандай мәпелеп қыр асырған.
Азынамай аруана қалай шыдар,
Қарғыс айтпай өлімге жан ашудан.

Бала қалса тұл жетім ата-анадан,
Қандай рақым күтеді бұл жалғаннан.
Қандай тоқтау сабырлық сөз өтеді,
Боздап қалған ботаға анасынан.

Қартайғанда айрылса қамқорынан,
Қарияны арылтар кім сорынан.
Өлім заңы әділдік жолы болса,
Өмірден өтпеуші ме ед бұрын туған.

Қарттар бата бермейді қателесіп,
Ғұмыр тілер балаға, ұзақ нәсіп,
Жас төксең де жоқтаумен атаға арнап,
Тәңірім боздатпасын «ботам» десіп.

Ару қалса жарынан ажырасып,
Өмірлікке қосылған қол ұстасып.
Сұм ажалға қалайша қарғыс айтпас,
Қаралы үй қалып жатса, тұнжырасып.

Ер айрылса жан жолдас қосағынан,
Оттың басын торлайды қалың тұман.
Тілін тістеп ажалға лағнет айтып,
Күнін кешер жаралы жалғыз құлан.

Бұл ажал кімнен кімді айырмады,
Құрыш күшін, қанатын майырмады.
Сезімі жоқ, кеудесі тас болмаса,
Жүректе өшпес таңба қалдырады.

Тағдыр күші ырқына көндіреді.
Уақыт озып, қайғыңды сөндіреді.
Өткен қайтып келмейді төзу керек.
Екі өмірді адамға кім береді?

1999 жыл, қараша.

ҚЫҢЫРЛЫҚТАН НЕ ПАЙДА

(Осындай мінезі бар жолдастарға)

Қалайда жақын тұтар бауырым-ай,
Мінезіңнің түсінбес ауырын-ай.
Қоқырайып қаласың елден ерек,
Қыртысы мызғымаған «жаман таудай».

Түсінбеймін жат мінез кекенінді,
Жолдасқа үркіп қарар секемінді.
Қай өнерің асып тұр қатарыңнан,
Ұмытып жай шаруа екенінді.

Түсінбеймін өр кеуде не себептен,
Кінәрат-ау бойыңа сіңіп кеткен.
Адамға адамшылық келмеуші ме ед,
Сыпайылық, сыйластық, кішіліктен.

Ерте кезде болыпсың орта басшы,
Соның да болып жүр ме орыны ащы.
Қандай қызмет кімдерден қалмай жатыр,
Көну керек болса да түсім тапшы.

Белгілі әркімнің өз мінезі бар,
Бірі жайсаң, бірі бой күйезі бар.
Кейінің тістен шыққан әр сөзінде,
Ысылдаған жыланның улы ізі бар.

Бұл мінездер жағымсыз қартайғанда,
Атағың қолдан кетіп, ортайғанда.
Тәубә етіп, қыңырлықтан арылған жөн,
Кәнекей тапқан пайдаң шалқайғанда.

1999 жыл, шілде.

СЕНІҢ АТЫҢ ӨЛМЕЙДІ (Бауырым Ермек Қонарбаевтың рухына)

Ақ тақырға сұлу шынар өсер ме,
Дарын шығар неңіз керек көсемге.
Текті атаның ұрпағы еді Ермегім,
Әке атын әйгі еткен көлемге.

Ұлы атасы ұйтқы болған ел бастар.
Өз әкесі көсем болды ту ұстар.
Қазақстан үкіметінің мүшесі,
Ләкендер тұлға еді ғой бір туар.

Сұлу сөздің зергері едің ағылған,
Қазақстан көлеміне танылған.
Сөз өнерін салмақтайтын ірілер,
«Жаңа дарын, жаңа ағым» деп, бағынған.

Жарқыраған жұлдызы еді ауылдың,
Сүйкімдісі, құрметтісі бауырдың.
Алыс жүріп кездескенде арнайы,
Ағалаған пәк көңілмен табылдың.

Қадағалап қадамыңды өмірде,
Көруші едім қаламгерлер төрінде.
Тірі жүрсең 60 жасқа толғанша,
Талай томдар тудырар ең көрімге.

Амал бар ма, тағдыр оны көпсінді,
Көк жұлдызын қара жерге түсірді.
Ақ маңдайлы арысынан айрылып,
Туыс, жолдас, бүкіл елің күрсінді.

Аз жасыңда өз атыңды сомдадың,
Еңбекте де, өнерде де жұлде алдың.
Оқығанда тамсанатын дәміне,
Кітаптарың жайнатып тұр төр алдын.

Риза халық, ұмытпайды атыңды.
Жас ұрпақтар мың ақтарар хатыңды.
Мектебің бар, мұражайда қаламын,
Жария етіп тұр сенің өшпес даңқыңды.

1998 жыл, шілде.
(туғанына 60 жыл)

АҒАҒА СЫР

(Латанов Уәп ағамызға)

Уәп аға сізге айтар сырларым бар,
Ой ашылад кісіге сырыңды ұғар.
Жат көрмейтін асылдың жұрнағысың,
Қашанда келелі іске ақыл сұрар.

Кеудең кең, ақылың ояу, жүзің жарқын,
Түсінер сыйластықпен сөздің парқын.
Жақсы жолдас, жанашыр туыстарға,
Болмады еш уақытта көңілің салқын.

Өнерге неше түрлі жүрсің жақын.
Ағасың атағыңмен мақтанатын.
Ұрпақ мұңын ойлаған ұлылардың,
Бірісің атың есте сақталатын.

Мен үшін туғанымдай қымбат баған,
Өзіңдей аяулылар жоққа таман.
Жанашырсыз, басшысыз халық жетім,
Ақаңдай елдің жүгін арқалаған.

Ақаңдар ел бірлігін ойлаушы еді,
Қолтықтап сүрінгенді қолдаушы еді.
Сәті боп ағамызбен кездескенде,
Ақыл сөзі жүректі қозғаушы еді.

Азаматтар аз емес атағы бар,
Елінің жоғын жоқтап, мұңын ұғар.
Десек те, көріп жүрміз ауыл жетім,
Көш бастар ақылшы жоқ ұйтқы болар.

Соны ойлап көңілім күйзеледі,
Күйреген жағдай қашан түзеледі.
Шықпаса өз ортаңнан бір қолбасшы,
Алыстан қолдың ұшын кім береді.

Шет жүрсем де елді ойдан шығармаймын,
Хабарласып жүрмесем аландаймын.
Халқыма тиіп жатса бір септігім,
Өмірім зая емес деп бағалаймын.

Жасымнан жақсыларды жағаладым,
Сіздерді ұстазым деп бағаладым.
Белгілі ғой көбінен аларың жоқ,
Төр иесі боп жүрген ағалардың.

Тілектеспіз есен-сау жүргеніңе,
Ризамыз ағалық көңіліңе.
Ұрпағыңа үлгілі із қалдырып,
Жаратқан ғұмыр берсін көппен бірге.

1999 жыл, шілде.



ҚОШ, АЯУЛЫ АҒА !

(Қадірлі ағамыз Сайран Қайыржанұлына арнау)

Суық хабар келді тағы алыстан,
Алматыда өріс болған туыстан.
Жақын емес бір туғандай болып ек,
Сайран аға, Қош, бауырым сыйласқан!

Естігенде таусылғанын деміңнің,
Жүрек сыздап, көңіл босап, кемідім.
Қилы ғұмыр, тағдырымыз бір еді,
Іште кетті-ау талай арман, сенімің.

Жүрегің пәк, жаның жарқын, кең едің.
Жақсылығың, жомарттығың тең еді.
Жан жылуың жетуші еді талайға,
Арқа сүйер ақылшының бірі едің.

Өз қолыңмен Сайран атың жасалды,
Өміріңнен өшпейтұғын із қалды.
Балалар мен немерелер үлгі етіп,
Мақтанышпен есте сақтар тұлғанды.

Азайғанда ағалардың қатары,
Жетімсіреп, ой құлазып жатады.
Кім көнбеген шешіміне тағдырдың,
Көп болса екен жақсылықпен қайтары.

Аяулы аға, иман болсын жолдасың,
Періштелер желеп-жебеп қолдасын.
Жұмақта боп жайлы бақи орының,
Батамызды Алла қабыл айласын!

1999 жыл 5 мамыр.

ТУҒАН ЖЕРДЕН ТӘБӘРІК

*(Республикалық дербес зейнеткер,
Қазақстан Республикасының зейнеткерлер
одағының төрағасы
Мақтай Рамазанұлы Сағдиев ағамызға)*

Ағасыз атыңызбен мақтанатын,
Жүздесіп, сәлемдесек шаттанатын.
Өміріңіз өнеге тұнып тұрған,
Талай ұрпақ үйреніп, үлгі алатын.

Ғұмыр болсын ұзақ жас нәсіп еткен,
Жалғассын бақыт нұры келешектен.
Кітабым сыйластықтың сыйы болсын,
Тәбәрік туған жерден ақ тілекпен!

2002 жыл, мамыр.



ҚАЛАМНАН КӨҢІЛ КҮЙІН САЙРАТЫҢЫЗ

(Генерал Халменов Құлахмет ағамызға)

Тарихта алтын әріп ерекше бет,
Жазылса сізге алғыс арнау керек.
Генералдар ішінде дара тұлға,
Дарын туған Халменов Құлахмет.

Қуандым сізден сыйлық келгеніне,
Бекет інім қолынан бергеніне.
Тумаса да туғандай ағамыз деп,
Жария етіп жүремін бүкіл елге.

Мақтаймыз, мақтанамыз сіздерменен.
Інілік ниетіммен өзгермеген.
Кітабыңыз құрметті өзіңіздей,
Төрімде тұр биіктеу өзгелерден.

Өнер өрбіп, таймасын қайратыңыз!
Қаламнан көңіл күйін сайратыңыз!
Қатар жасап жеңгеймен ұзақ өмір,
Жанұяның шаттығын жайнатыңыз!

2002 жыл, наурыз.

ТҰРАДЫ КӨЗ АЛДЫМДА ЖАРҚЫН ЖҮЗІ

*(Мәркен Ахметбекұлының рухына
бағыштаймын)*

Өмірдің соқпағының қисығын-ай,
Құдайдың құдіретінің қыйсынын-ай.
Мәркенді арамыздан алып кеткен,
Тағдырдың қайырымсыз қысымын-ай.

Опасыз бұл өмірдің жалғанын-ай,
Жеткізбей қиып кеткен арманына.
Маңдайда жарқыраған шамшырағы,
Қапыда қолдан сөніп қалғанын-ай.

Талабы табысты боп бақыт берген,
Жақсымен жақын жүріп өнер терген.
Жасынан бастан кешіп тұрмыс сынын,
Өмірдің қыры менен сырын білген.

Іскерлік дарынымен көзге ілекті,
Жасынан басшы болып еңбек етті.
Қызметтің баспалдағын тегіс өтіп,
Облыстық жоғарғы төрге жетті.

Ақ жарқын төгілетін беттен иман,
Нәр алған ұлттық дәстүр қаймағынан.
Туысқа, алысқа да бірдей сыйлы,
Сонша өнер бір бойына қалай сыйған.

Оқуға, еңбекке де ерен туған,
Тынымсыз ынтаменен өнер қуған.
Халқының қалаулысы, аяулысы,
Жоғарғы Парламентке мүше болған.

Үлгілі үй, қадірлес жар сендей болар,
Ардақты әке деуге ауыз толар.
Көтерген төбесіне немересін,
Сәбиге ата орыны қалай толар.

Көрмесем уақыт озып сағынатын,
Жарық етіп жарқын жүзі табылатын.
Ақылшы ағам да едің, інім де едің,
Жұлдыз ең жанып тұрған табынатын.

Сұм ажал ерте айырды қимасыңнан,
Сенбеппіз сен маңдайға сыймасына.
Жұлдыздай ағып түскен өте шықтың,
Абырой, даңқың лайық бір басыңа.

Сенбейсің қолдан қойып өткеніне,
Оралмас ұзақ жолға кеткеніне.
Тұрады көз алдымда жарқын жүзі,
Баламдай құмарланып өпкенімде.

Қайғымен қан жыласаң өткен келмес,
Жаратқан сабыр берсін көппен теңдес.
Ұрпаққа артындағы бақыт берсін,
Анасы аман жүрсе кемдік көрмес.

1993 жыл, қазан.



МӘРКЕННІҢ МАЗАРЫНЫҢ БАСЫНДА

Сызығы жоқ сырғи берер жалған-ай,
Орны толмас, орындалмас арман-ай.
Қанша уақыт өтсе дағы сенбейсің,
Иссапармен шетке кетіп қалғандай.

Қам көңілмен келіп тұрмын ордаңа,
Жүрек сыздап, түрлі оймен толғана.
Шебер қолдан әсем шыққан ғимарат,
Жәннәт үйің жайлы болсын нұрлана.

Көңіл толды арнап салған үйіңе,
Көрген адам бас игендей сүйіңе.
Иманы бар, сәні менен сәулеті,
Сай келіп тұр сенің көңіл күйіңе.

Қол жаямыз үлкен белгі басында,
Тағзым етіп тағы отырмыз қасында.
Өміріңді елестетіп, рухыңды
Сезінеміз пейіш нұры астында.

Сағынамын жарқын ашық жүзіңді,
Аға, деген аңқылдаған үніңді.
Бар ағайын аңыз етіп айтады,
Тірліктегі сенің әрбір күніңді.

Аруағың риза болар халқыңа,
Есте сақтап, құрмет тұту салтына.
Бар азамат, туыстардың қатары,
Сау болса екен аман-есен қалпында.

1994 жыл, 12 маусым.

ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ ЖАРҚ ЕТІП АҒЫП ТҮСКЕН

(Сүйікті жиенім Ғабит Естайұлының қазасында)

Суық хабар дір еткізді денені,
Не боп қалды, сұмдық қайдан келеді.
Сенейін бе, сенбейін бе жаным-ау,
Не жазаға келген жайдың оғы еді.

Кеше ғана кетіп ең ғой оқуға,
Талпынумен қалыптасқан зор тұлға.
Жұлдыз болып жарқыраған шағында,
Көз бен тілдер атты ма екен құртуға.

Сұм ажал-ай, қаһарлысың, қаттысың,
Ғабит па еді іздегенің, жат кісің.
Қалай ғана жер қойнына қия алам,
Нағашылап жымиятын пәк түсің.

Сүйкімді едің туысқа да, жолдасқа,
Бағаң қымбат, балалардан бір басқа.
Еш адамды ренжітіп көрмеген,
Қандай жауыз қолы барды қимасқа.

Күңіретті ауыр қайғы орданды,
Ел-ағайын, жолдастарың толғанды.
Жүрегінді елжіретіп сыйласқан,
Балалар мен Майраң зарлап ол қалды.

Жер қайысты қабырыңның басында,
Туыс, жолдас, ел-ағайын қасыңда.
«Иман бер» деп, жаратқаннан тілеулі,
Тоқтата алмай көзден аққан жасын да.

Кім көнбейді құдыреттің күшіне,
Тағдыр солай, көндігерміз түсіне.
Бірақ сенің орының олқы тұрар-ау,
Туыстар мен жолдастардың ішінде.

Жылауменен балаларда ер жетер,
Жан жолдасың сен-деп үнін тебірентер,
Атың менен даңқың өлмес бауырым,
Мамық болсын топырағың қыршын ер.

1993 жыл, 24 ақпан.

ҚАДІРЛІ ДОСЫМ МЕНІҢ

(«Солтүстік Қазақстан» газетінің 80 жылдығына)

Досым бар түсініскен жас күнімнен,
Ажыраспай өмірлік бірге жүрген.
Оқумен зерделі ойын санам өсіп,
Менің де жан сырымды ұға білген.

Көрмесем уақыт озып сағынатын,
Ағамдай ақылына бағынатын.
Сан қырлы сараптама ойларына,
Үңілсем іздегенім табылатын.

Досымның аңсап күтем келер күнін,
Көруге жаңа әлпетін, жаңа үнін.
Көлемді көңіл толар жаңалықтан,
Сеземін уақыт салған ауыр жүгін.

Ақылың, атағың бар асу асқан,
Әр қилы заманменен ұрандасқан.
80 жасап жасарған жаңа өмірде,
Досым менің «Солтүстік Қазақстан».

Құттықтаймын мерейлі тойыңменен,
Жасара бер сұңғыла ойыңменен.
Алланы ауызға алар жасқа жеттің,
Көрінші мұсылмандық бойыңменен.

Қадамыңа күдірет қамқор болсын,
Ұлтыңның мейіріміне қойның толсын.
Атақты ұлылармен достас болдың,
Құдай қолдап солардың бағы қонсын.

Атаулы баспалардан кем болмадың,
Ел бірлігі, ұлт қамы ойлағаның.
Әр кезде өз тұлғанды биік ұстап,
Сан талай сөз зергері сомдағаның.

Ерекше құттықтаймын ұжымыңды,
Өнерлі ұжымыңмен бағаң құнды.
Киелі есіңді ашқан сайын,
Ойыма ой қосамын тұжырымды.

Ой бөлісіп ақ жарқын інілермен,
Ұжымға құтты қадам тілеп жүрем.
Орнықты ой, үлгілі сөз өрнегін,
Теріп жүрем солардың еңбегінен.

Тілегім - ой толғамың ірі келсін,
Жаңа ғасыр жаңарған тірлік берсін.
Жасай бер заманыңның жаршысы боп,
Елге амандық, халыққа бірлік берсін.

2000 жыл, 22 желтоқсан.

**БІР ҒАСЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІ,
ЖЫРШЫСЫ**
(Облыстық баспахананың 100 жылдық
мерейтойына)

Мәдениет саласында өз төрің бар, өз жүйең,
Қызметінді күнде көріп, алғыс арнап ел сүйген.
Баспахана құдыретін ойлап тауып, сыйлаған,
Адамзаттың өнеріне құрметпенен бас ием!

Жақсылықтың жанашыры, жаршысы,
Бір ғасырдың шежіресі, жыршысы.
Сен жазбаған, сен баспаған хат бар ма,
Бір өзінде тіл мен ділдің бар күші.

Жүзге толып, жаңа өмірде жасарғанын көрейік,
Ойға алған бастамаңның сәтті ісіне сенейік.
Жаңа баспа табыстарын мақтауменен атаған,
Мемлекеттік марапаттар құжаттарын көрейік.

2001 жыл.

ТАЛАБЫҢ САРҚЫЛМАСЫН

(Қосыл Омаров ағамыздың алғашқы кітабына
құттықтау)

Ағалар бар жан сырын ұға алатын,
Өнерінен, ойынан үлгі алатын.
Қосекендер көрнекті ел ағасы,
Мақтауға, мақтануға сыя алатын.

Ұстамды, сөзі мәнді, ойы айқын,
Қалыпты бір мінезді, құбылмайтын.
Келбеті кемелденген ер жігіттей,
Сайыстан сыбағасыз оралмайтын.

Қосекен ел таныған тіл ағасы,
Игерген тіл байлығын ғұламасы.
Сайысса ғалымдар да атағы бар,
Сенемін ағамызға ере алмасын.

Қоғамның «Қазақ тілі» атағы зор,
Атқарған Қосекеннің еңбегі мол.
Өлкеде тіл қадірін көтеруге,
Өзіңдей болу керек бір мықты қол.

Қосекенде дарын бар сегіз қырлы,
Жазушылық өнері соның бірі.
Іші алтын, сырты күміс өлеңдері,
Сияқты сиқырлы араб кілемдері.

Кітабың үлкен еңбек түйіндісі,
Жазушылық жоспардың туындысы.
Ақ тілегім - талабың сарқылмасын,
Өлеңім шашуымның бір белгісі.

2003 жыл, қыркүйек.

ЖОЛ ЖҮРУДІ ҰНАТАМ

Жаз айында сәт сапармен жол жүруді ұнатам,
Құтты жолға құдай қолдап бастай берсін әрбір таң.
Ел, ағайын, жолдастардың амандығын білісіп,
Жүріп келсем, іс тынғандай көңілімді жұбатам.

Жаз айында сағым қуған жол сапарын ұнатам,
Мұнарланған көкжиекке жетсем бе деп құмартам.
Көк арайлы гүл жайнаған баурайында тоғайдың,
Аунап жатып ауасына мас боламын, көп жұтам.

Сықырлаған қарлы қыста жол жүруді ұнатам,
Күтіп тұрған дастарқанға тез жетуге құмартам.
Қарға аунаған жас соғымның қуырдағы ғанибет,
Сары аязда жас ет қандай бойыңа қан ойнатқан.

Себелеген ақ жауында жол жүруді ұнатам,
Жайлы үйде жолдастармен дем алуға құмартам.
Домбыраның әуенімен балбыраған ән тындап,
Келісімді мәжілісте бейғам болсам уақыттан.

Қараңғы түн, қарлы жаңбыр, борандардан сескенем,
«Бісмилла!» - деп жолға шықсам сәт сапарға шын сенем.
Түн ішінде телефонның шылдырынан шошынсам,
«Жол болса да, жақсы хабар болса екен» - деп сестенем.

1999 жыл, тамыз.



ДАЧАҢ БАР БОЛСЫН

(әзіл-шыны аралас)

Біраз жылды аудандарда өткердік,
Мал өсіріп, ет-майымен күн көрдік.
Қалаға кеп, биік үйге қонақтап,
«Дача» деген кереметке кенелдік.

Қалалықтар дачаны айтып бөседі,
Бір-бірінен асыра мақтап еседі.
Мичуриннің бағындағы бар жеміс -
Тыңдағанда тек соларда өседі.

Шын мәнінде дача бастың соры екен,
Жер тырнаған мұжықтардың қолы екен.
Ұзай алмай арқан-жіпсіз байланған,
Пайдасы аз, бейнеттің бір молы екен.

Бар еңбегің көзсіз жатса далада,
Қолға алғанша өз мүлкіңе санама.
Суық қолды сұғанақтар тұрғанда,
Дачалары барлары да, жоқтары да арманда.

1991 жыл, маусым.



ҚҰДА ҚАЙДА, ТӨС ҚАҒЫСЫП, СЫЙЛАСҚАН

Атам қазақ құдасымен құдайындай сыйласқан,
Жол суытпай араласқан, бір туғандай сырласқан.
Қуанышты қошаметтеп, қасіретін бөлісер,
Құдаң болсын, бал жаласып, төс қағысып табысқан.

Құдам бар ед, құдай қосқан, достығымыз келіскен,
Ақ тілекпен, әзіл сөзбен, құйрық-бауыр бөліскен.
Бір-біріңді түсінісіп, терезең тең жүретін,
Қазекеңнен айырылғанда ызғар соқты терістен.

Арнап келсең, есік ашық, құшақ жайып қарсы алар,
Ақ дастархан, шарап шайқап, күндер қайда ән салар.
Сен барыңда білінбейтін қырсық сөздер, мінездер,
Салқынын сап қинап жүрсе, жанашыр жоқ жол табар.

Тәубә етуші ек, құдалардан мүлде ада емеспіз,
Аманбайлар бар тұрғанда құдамыз жоқ демеспіз.
Бұл тағдырдың талқысына кім көнбеген, төзбеген,
Сол құдамнан тағы айырылып, ойға қалдым дәрменсіз.

Ақыл-ойлы, тоқтамы мол, сөзге сараң азамат,
Отыз жылдай жолдас болдық, құда демей, ағалап.
Естен кетпес мәжілістер, бірге өткізген бал күндер,
Әр қайсысын еске алсақ - бір өмірге саналад.

Құда қайда енді сендей, құрдасыңдай ойнайтын,
Уақыт озып, көрмей қалсақ кездесуді тойлайтын.
Туыстарың жетімсіреп сені әркез еске алар,
Сол аймақта ерекше едің, орның тұрар толмайтын.

Құрдастарын тілмен түйреп, қан шығармай қажайтын,
Бажалардың бабын тауып, қабырғасын санайтын.
Қазақ салтын қаз қалпында сақтаушының бірі едің,
Сенің ісің, айтқан сөзің үлгі болар тарайтын.

1995 жыл.

АМАНБАЙ МЕН ДӘКІЛДІҢ АРУАҚТАРЫНА

Ассалаумағалейкум, үлкен зират,
Басыңа арнап келдік аруақ сыйлап.
Жаттығы жоқ, бауырлас құдандалы,
Арыстар, жатырмысың мәңгі ұйықтап.

Аманбай қымбат құдам бауырласым.
Жалғыз емес қасыңда жан жолдасың.
Туыстай сыйлас болған бейнелерін
Ойымнан еш уақытта шығармаспын.

Шүкіршілік, артыңда ұрпағың бар,
Аттарыңды өмірлік есте сақтар.
Әдейілеп сендерді іздеп келіп,
Дұға оқып борышын үзбей ақтар.

Әр уақыт еске алып сөз арнаймыз,
Жарқын өмір жылдарын ұмытпаймыз.
Аруақтарың шат болсын, иман берсін,
Дұға оқысақ батадан қалдырмаймыз.

2000 жыл, маусым.



СЕНДЕР БАРДА БІЗ НЕГЕ КЕМ БОЛАМЫЗ

(Құдайберген және Қайыржан інілеріме)

Болғаның «Жаяу Мұса» үлкен кемдік,
Жаяуға қай уақытта тиген теңдік.
Жас өмірің «Волганың» үстінде өтіп,
Бұл күнде туыстар мен елге сендік.

Шақырған дәмге бармау бізге ұят,
Тірлікте көрген абзал сый-сыяпат.
Машина тұр, майы жоқ заман болды,
Ел басына түсті ғой бір қияпат.

Бар машина сынумен ақша жейді,
Балаға айтсаң «у меня дела» дейді.
Осындайда сыйласқан інілердің,
Бақытын біз тілемей кім тілейді.

1994 жыл, наурыз.



ТҮЛЕГІНІҢ ТІЛЕГІ

(Мәркен Ахметбекұлы атындағы мектептің
70 жылдық тойына)

Білім үйі шөлім қанған бұлағым,
Өміріме жаққан сөнбес шырағын.
Сенен алған өнер, білім, тәлімдер,
Құны қымбат, сыйға берген пырағың.

Әліппеден бастап білім қадамын.
Есейгенде таптық жүрек қалауын.
Мақсат болды сынбай жету арманға
Өз талабың, сенгенің боп таланың.

Оқушы өмір өтті қиын жылдарда,
Қысымы мол, жылуы жоқ ызғарда.
Күлше нанмен тіршілігің сыналып,
Шыдай білдік шымырлатқан сыздарға.

Сондықтан да ерте есейдік үлкендей,
Бала болып еркін ойнап бір көрмей.
Сегіз жастан егін орып, шөп шаптық,
Қол қанат боп еш жұмыстан жиіркенбей.

Шаруа бағып оқуға да үлгердік,
Тамақ болмай егістіктен дән тердік.
Оқулық аз, жазатұғын дәптер жоқ,
Жатақхана шамсыз үйде күн көрдік.

Ынтаменен өнер тердік беріліп,
Жөнсіз іске бой ұрмадық елігіп.
Азамат боп, ақыл тоқтар шағыңда,
Өткен күндер дерті тұрад сезіліп.

Шегінбедік, езілмедік қиынға,
Самғау болды мақсатымыз қиырға.
Тәубә! дейміз, еңбек жанып есейдік,
Көтеріліп төр ағасы сыйына.

Тойлап бүгін жатсақ 70 жылыңды,
Ауыз толар табыстарың өнімді.
70 жылда сенен ұшқан түлектер,
Еліміздің тіректері сенімді.

Мақтанышың ұл-қыздарың өрбіген,
Сенің атың, даңқың биік өзгеден.
Ұзақ жылдар Ленин атын дәріптеп,
Дұрыс болды жаңа атағың өзгерген.

Ахметбеков Мәркен атын таңдаған,
Шешім болды бүкіл халық қалаған.
Соңғы ұрпаққа бағын берсін Мәркеннің,
Қыран құстай биіктерге самғаған.

Бүгінгі той есте қалар қуаныш,
Жолдастармен жүздесу де мол табыс.
Көп достарға жете алмаған бұл күнге,
Иман тілеп, еске алу - жұбаныш.

Жиналғанда түлектердің қаймағы,
Талай сырлар ақтарылды ойдағы.
80 жылда тағы осындай той болып,
Шашу болсын бар өнерлер бойдағы.

Мерекеге ақ тілегін ақтарған,
Өмірлік сый, алғыстарын сақтаған.
Қобылан, Сақып - түлектерің есейген,
Бірге жасап, табысыңды жақтаған.

2002 жыл, қараша.

ЖИЕНДЕРІМ - МАҚТАНЫШЫМ

(Жиендерім Сартай мен Алмаға)

Кім айтты екен жиенді «ел емес» деп,
Жаны ашырлық туысқа тең емес деп.
Қате сөз ағаттықтан туа ма екен,
Өз ұрпағын өзінен жат есептеп.

Тараса жиен қыздан, немере ұлдан,
Емес пе бір атаның ұрпағынан.
Көп халық жиендерін құрметтесе,
Бұл дәстүр туған болар оң ұғымнан.

Бірімін ағайынға жаны ашырдың,
Жан жылуын көп көрдім нағашымның.
Нағашылап тұрғанда жиендерім,
Шаттанам куәсіндей бір ғасырдың.

Жиендер бар қастерлеп мақтанатын,
Жақсылар қатарыңда аталатын.
Ақ апамыз, ескі көз Әсимәдән,
Өрбіген ұрпақ бізге өте жақын.

Апамызды басқаға тең көрмейміз,
Үлкендердің көзі деп еркелейміз.
Өзі үшін, ерте өткен жездем үшін,
«Жасаса екен біраз жыл» деп тілейміз.

Жездеміз сергек жан еді еті тірі,
Ел ағасы, басшысы бола білді.
Төңірекке белгілі Бікән аты,
Өнері ұрпағына қанмен сіңді.

Аманжол, Тобыл; Сартай ұландары,
Ұшырған тәрбиелеп қырандары.
Өмірден тандап тауып өз жолдарын,
Өз бақытын жасаған, өз қолдары.

Жиендер сыйлап тұрады, көп жасасын,
Бөлмеймін алыс, жақын деп арасын.
Бір сырым - жиі көріп жүргендіктен,
Жылы көрем Сартайдың жанұясын.

Елгезек, жүзі жарқын, досқа жақын,
Әрқашан нағашылап табылатын.
Құдай қосқан қосағы Алмаменен,
Сартайға бақ тілеймін шайқалмайтын.

Көргенде жылы шырай ақ жүздерін,
Ұғамын сыйластықтың пәк іздерін.
Атқарған істерінен аңғарамын,
Жасынан өнер қуып, ізденгенін.

Қазақтың іскер қызы дара тұлға,
Қаймықпай үлкен істі басқаруға.
Білікті білімділер шаңында қап,
Ризамыз Алмамыз алған туға.

Аттарың, атақтарың бассын өрге,
Кейінгі ұрпақтарға боп өнеге.
Балалардың мақсаты орындалып,
Ел-жұрты риза болсын өнеріне.

Амандық берсін Алла жанұяға,
Жеткізсін тілектерге тұрған алда.
Сау болып тіл мен көздің пәлесінен,
Тиыштық ғұмыр берсін ұзақ жылға.

1998 жыл.

ҚҰРМЕТТІ ҮЛКЕНІМІЗ ОРТАМЫЗДА

Аллаға шүкіршілік туыстар бар,
Бауыр тартып, баурында сая табар.
Туыстар жыласуға керек болса,
Туғаннан кем болмайды жанашырлар.

Ағам Қалжан туғаннан кем көрмейтін,
Жан жылуы ешқашан өзгермейтін.
Құдай қолдап табысқан сыйлас, сырлас,
Қалжан ағам өзгеге тең көрмейтін.

Бола бермес Қалжандай жақын бәрі,
Әр кездесу естелік, көңіл сәні.
Жанұямыз жарасқан сыйластықпен,
Жарты ғасыр болыпты-ау табысқалы.

Бабамыз да дос болды айырылмаған,
Бірінің бірі сөзін қалдырмаған.
Әзіл-қалжың істері тірліктегі,
Үлгі екен ғой солардан бізге қалған.

Қалекен қадірлі адам қаладағы,
Құрметті үлкеніміз арадағы.
Отбасы аман болып жеңгемізбен,
Жалғассын жарқын өмір болашағы.

Жаңылмаймыз ақ пейіл сыйластықтан,
Сыйластық айырмайды туыстықтан.
Аға үйінде сыбағам арылмайды,
Жеңгеміз жайнатады май дастарқан.

Ризамыз үлкен үй пейіліне,
Сіздерден үлгі алады кейінгілер.
Туыс-жолдас қатары кемімесін,
Жаратқан қамқор болсын бәрімізге!

2002 жыл, наурыз.

НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН

(Облыстық ІІБ бастығы полковник

Мейірхан Жаманбаев мырзаға)

Наурыз жылдың басы бағынатын,
Ұзақ қыс күтуменен сағынатын.
Күн шуағы оятып жердің жүзін,
Жан-жануар қабағы жазылатын.

Атын атап, көре алмай, ұмыт болған,
Қазақта сан алуан ғұрып болған.
Егеменді елдіктің арқасында,
Басқада жоқ бай дәстүр қайта оралған.

Қазақтың көңілі жайлау, тойы дархан,
Ешкімге жаттығы жоқ жылы алақан.
Өнері салт-дәстүрі өнегелі,
Мәнімен көп халықты таңырқатқан.

Жылдың басын қадірлеп құрметтейміз,
Елге бақыт, жақсылық, құт тілейміз.
Халқымызға ынтымақ, кең пейілмен,
Келешек қадамына ақ жол дейміз!

Наурыз той бағалансын жақсы ырымға,
Болмап ед мұндай мейрам бұл ұжымда.
Үлкен үлес ұлт атын өсіретін,
Егемендік елдіктің қоржынына.

Ойымда талай алғыс сөздерім тұр,
Ұлтжанды інілердің еңбегі бұл.
Мейірхан мырзамызға мың рақмет,
Көбейсін ортамызда өзіндей ұл!

Азамат бар қолдайтын, атқаратын,
Ағалар бар ақ тілек ақтаратын
Сенімді, сертке берік сарбаздардай,
Жолдас болсын қасыңда сақталатын.

Жаңа қызмет, жаңа жер құтты болсын,
Жанұяңның жайлы бір жұрты болсын.
Солтүстікте генерал шенін алып,
Еңбегің ел сыйлайтын құтты болсын!

2001 жыл, сәуір.

II-БӨЛІМ

Берік болсын босаға

ЖАС ОТАУ ҚҰТТЫ БОЛСЫН

*(Құдайберген мен Сәуленің балалары
Дулан мен Жаннаның үйлену тойына)*

Құрметті Сәуле менен Құдайберген,
Құдай берген Дуланың соңыңа ерген.
Бір балаң екеу болып бас көбейді,
Баянды етсін Алла бағын берген.

Біз бүгін куәсіміз үлкен тойдың,
Сәтті күн, орындалған арман ойдың.
Той шашуы тілектер қабыл болсын,
Құрмалдық «ақсары бас» сойған қойың.

Баланың кәдірі артық бір-бірінен,
Бұл тойдың мәні ерекше өзгелерден.
Ұрпағын Қалиевтар жалғастырад,
Жас отау, жаңа түндік көтерілген.

Жас отау шаңырағы биік болсын,
Босағасы мызғымас берік болсын.
Мейман келіп, ырысы арылмасын,
Дастарханның көлемі тарылмасын.
Еңбектері табысты мәнді болсын,
Ынтымағы мызғымас сәнді болсын.
Отау толы момақан бала болсын,
Қалиевтар атына қала толсын.
Жолдастары ақ пейіл дархан болсын,
Арам ниет күншілдер талқан болсын.
Құдалар ақ көңілді ашық болсын.
Келіссіз ұсақ сөзден қашық болсын.
Араларың мың жылға ашылмасын.
Қуаныштың қызығы басылмасын.
Осы айтылған тілектер қабыл болсын.
Жолдастар бір-біріне әділ болсын.
Халқымызға татулық-бірлік берсін,
Шайқалмайтын молшылық, тірлік берсін.
Ағайын, жолдас-жора аман болсын.
Жастарға алды жарқын заман болсын.

1993 ЖЫЛ

АҚ БАТА

*(Серікбайдың балалары Ғалымжан мен
Гүлнардың үйлену тойына)*

Құтты болсын тойларың,
Серікбай мен Қамиша.
Орындалды ойларың,
Басталды той тамаша..
Тойға арналған тілек бар,
Ескіше де, жаңаша.
Иншалла деп бастайық,
Тілекті құдай қаласа.

Құтты болсын жас отау,
Бақытты болсын үйелмен.
Талаптанып еңбекпен,
Орнын тапсын өмірден
Жақсылардың ұрпағы,
Жаратқанға сүйенген.
Балаларға сенім бар,
Әке-енеден үйренген.

Инабатты, иманды
Мінез болсын бойында.
Адам болып, үй болып,
Татулық орнап ойына.
Ұзақ болсын өмірі,
Балаға толсын қойыны.
Осы айтылған тілекті,
Қабыл ет тәңірім орыңды!

1993 жыл.

ҚАДАМДАРЫ СӘТТІ БОЛСЫН

(Ерлік пен Ләззаттың үйлену тойына)

Осы той болатынын естігенде,
Бөлендік қуанышқа елмен бірге.
«Сабыр түбі сары алтын» деген осы,
Ризамыз Ерліктің ерлігіне.

Үйленсін, отау болсын, дейтін едік,
Міне, бүгін күттірген тойға келдік.
Той иесі Сайлау мен Күләш келін,
Сіздерге арнап ақ тілеу ала келдік.

Ақ тілекке не жетсін аға берген,
Бүкпесіз, иманындай түптен келген.
Қалайша қуанбаймыз, шаттанбаймыз,
Жас отау туып жатса біздің елден.

Айтылған көп тілектер қабыл болсын,
Жас отауға бақыттың құсы қонсын.
Шаттықпенен жалғасып болашағы,
Оңынан күні туып, нұрға шомсын.

Қадамы жас жұбайлар сәтті болсын,
Ынтымағы жүз жылдық тәтті болсын.
Ата-ененің бағы мен жолын беріп,
Ұрпақ өрбіп, шаңырақ жанға толсын.

Сенім бар тәрбиелі балаларға,
Себеп жоқ болашаққа алаңдарға.
Бір Алла қолдап жүрсін талаптарын,
Жеткізсін алда тұрған армандарға.

Құдаларды ерекше құттықтаймыз,
Құданың туыстығын ұмытпаймыз.
«Құданы құдай қосады» дейтін еді-ау,
Сіздерді құдай қосты, біз құттаймыз.

Араларың мың мылдық жақын болсын,
Туыстық, достықтарың жарқын болсын.
Ұсақ сөзден аулақ боп үй арасы,
Дастархан бөлінбесін, орта толсын.

Жаратқан тілегімді қабыл айла,
Жалғассын бүгінгі той, тағы тойға.
Осы отырған халыққа саулық берсін,
Жеткізсін көңілдегі арман-ойға.

1999 жыл, ақпан.

ҚОНҒАНДА ШАҢЫРАҚҚА АҚСӘУЛЕШІҢ

*(Есқожин Қайраттың балалары - Рәшид пен
Ақсәулештің үйлену тойына)*

Құрметті Күлназия, Қайрат інім,
Құдай қоштап, жетгі ғой күткен күнің.
Сіздерге осы тойды тілеуші едік,
Көп тілегі көл болды, міне, бүгін.

Сіздерден алған жақсы тәрбиесін,
Рәшидтей ұлымызға бақыт берсін.
Жүрек қалай лүпілдеп шалқымайды,
Қонғанда шаңыраққа Ақсәулешің.

Балалардың отауы құтты болсын,
Шаңырақ биік, босаға берік болсын.
Жолдас-жора қаумалап, орта толып,
Атақты бабалардың құты қонсын.

«Құданы құдай қосар» дейтін еді,
Сол сөздің, міне, енді жөні келді.
Атың кім, затың кім деп сұрамайтын,
Төс тақасқан құдалық салтын берді.

Той десе бұл қазақтың көңілі сері,
Той сәнді жұрт жиналған мерекелі.
Бай дастархан жайылып той жасаған,
Құтты болсын, осы той иелері.

1998 жыл, қыркүйек.

ҮЛГІЛІ ОТАУ БОЛСЫН!

*(Жиендерім Ғабит-Майраның ұрпағы Жұлдыздың
үйлену тойына)*

Көпті көрген көңілге үлкен жұбаныш,
Бүгінгі той құны қымбат қуаныш.
Баламыздай сезінетін жиендер,
Тілекшіңбіз жүрсеңдер де жер алыс.

Той хабарын естігеннен елеңдеп,
«Тәубә!» деп ек, қуанышты көрем деп.
Өткен қайтып келмейтіні ақиқат,
Ұрпақ есен-сау болса екен, бар тілек!

Шаңырақтың сақталғаны шайқалмай,
Сенің арқаң, Майра-қызым, қалқам-ай!
Балалар мен Ғабит деген көңілің,
Алла алдында ұмыт қалмас ақталмай.

Майраның қуанышы қымбат бізге.
Ғабит пенен Майраның орны өзге.
Нағашылап тұратын пейілдерін,
Арқау етіп жүреміз үлгі сөзге.

Той қайырлы, қуаныш құтты болсын!
Құдалар, туыстармен орта толсын!
Балалар ынтымақты жұбын жазбай,
Бірге ұшып, ұяға бірге қонсын!

Орындалсын ойға алған талаптары!
Үлгілі отау болсын санаттағы!
Туысқа, жолдасқа да қадірі артып,
Молайсын ел сыйлайтын атақтары!

Ата-анасын өмірлік ұмытпасын,
Жамандықты бойына жуытпасын.
Біздердей өнегелі өмір кешіп,
Ордалы үй болуды алла жазсын!

Бөлмей айтар тілегім аналарға,
Ақталсын ақ тілегің балаларға!
Құдалар мың жылдыққа тату болып,
Дәм-тұз бен жорға жүрсін араларда!

2002 жыл, қыркүйек.

СӘТТІ ӨМІР ТІЛЕЙМІЗ

*(Мұрат Қошанұлының балалары
Ернар мен Шынардың үйлену тойына)*

Бабамыз құда болып төс қағысқан,
Ынтымақпен мың жылдық көш ұласқан.
Ортақ тағдыр, орнықты тілек бірге,
Болып кеттік бөлінбес бір туысқан.

Нәр алған өткендердің үлгісінен,
Шүкіршілік, ұрпақ бар, өрістер кең.
Кешегі Жәкең ата өзін көрдік,
Ұлағат сөздері көп есте жүрген.

Бұзбаспыз бабалардың баталарын,
Сақтаймыз құдаласқан ата заңын.
Тәтелер мен Аманжол, Мұрат барда,
Сенемін ата дәстүр сақталарын.

Өтсе де қанша жылдар ағын судай,
Туыстық жалғасады сағы сынбай.
Ғайса ағам мен Мәмәудің ұрпақтары
Өмірлік туыстықтың сынасындай.

Бүгінгі той ортақ той бәрімізге,
Қадірі, салмағы да, мәні өзге.
Дипломды, қызметі бар бала үйленсе,
Несіне іркілеміз мақтан сөзге.

Көп тілекке Алланың нұры жауды.
Көтердік биік шаңырақ ақ отауды.
Мұрат пен Ұмсындықтың күтіп жүрген,
Жүрек жарған арманы орындалды.

Іргесі жаңа отаудың берік болсын,
Қос аққудай өмірлік серік болсын.
Ернар менен Шынардың шаңырағына
Қошекеннің бақытты құсы қонсын.

Биік болсын алдағы арман өрі,
Биік болсын құрметпен шығар төрі.
Қойыны құтты болып жас жұбайдың,
Кеңейсін ұрпағымен өрістері.

Құдай қолдап тілектер орындалсын,
Тойымыз көп ұзамай тойға ұлассын.
Мұрат пен Ұмсындықтың шаңырағы,
Құттықтау мен құрметтен арылмасын

2001 жыл.

АТАСЫНЫҢ БАҒЫН БЕРСІН!

Қуаныш пен қасірет қатар ұғым,
Бірі бұрын бірі соң жүретұғын.
«Артында бар оңалар» - аталы сөз,
Аузындағы имандай сенетұғын.

Сол сенім ақталудың бірі емес пе,
Бүгінгі той қуаныш тілеулеске.
Мәркеннің өзі бүгін болмаса да,
Сұлтанбегі ұрпағы, көзі емес пе.

Дүниеге келгенде Сұлтанбегі,
Мен атаң деп үйретіп нәрестені,
Тойлап жүріп немере қуанышын,
Төбесінде жүруші еді боп ермегі.

Бүгінгі той солардың ілегіндей,
Орындалған Мәркеннің тілегіндей.
Мектептің есік ашар «бисмилләсі»
Сұлтанбекке ғылымның жолын бергей.

Немереміз қадамы құтты болсын!
Атасының атағы, бағы қонсын!
Денсаулығы мықты боп, көп жасасын,
Көпшіліктің тілегі қабыл болсын.

Бала мұңсыз бақытты ата-анамен,
Ғұмыр берсін сендерге Күләш, Кәкен.
Сендер барда Серіктер бала болмақ,
Өздері әке болса да сеніп кеткен.

Сұлтанбекке атаның бағын берсін,
Әлімжан мен Асхаттар соңына ерсін.
Көпке арналған құрмалдық қабыл болып,
Тойларың тойға ұлассын, батам келсін.

1999 жыл, қыркүйек.



ПІШПЕ КӨБЕЙСІН

(Даниал Дуланұлының сүндет тойына)

Сүндеттеу мұсылмандық хақтың ісі,
Атқару ата-ананың жоралғысы.
Сүндеттеген баланың тәні таза,
Сауабы бар туысқа үлкен-кіші.

Естуші ек үлкендерден көпті көрген,
Пішпе тойға ерекше баға берген.
Дүбірлі той, қуаныш құтты болсын,
Тілек бірге, Сәуле мен Құдайберген.

Папасы мен мамасы аман болсын,
Атасы мен әжесі қорған болсын.
Көпшіліктің тілегі орындалып,
Үлкен орда дәулет пен жанға толсын.

Белгілі алда тойлар көп екені,
Жаратқан ғұмыр берсін берекелі.
Бүгінгі той иесі Даниалдан,
Көрсетсін ата-әжеге немерені.

Көрмеп пе едік қысымын қисық заңның,
Атқара алмай дәстүрін мұсылманның.
Тойлау емес пішпені атақтауға,
Сескенуші ек тілінен қыңырлардың.

Шүкіршілік орнаған еркіндікке,
Сенімменен қараймыз келешекке.
Даниал¹ адасындай атақты боп,
Кезінде басшы болсын үкіметке.

Даниалға арналып,
Дайындалған батам бар.
Бата берер балаға,
Бар болсын біздей аталар.
Уа, жаратқан құдірет,
Көп батасын кәміл ет.

Құрмалдықты аталған,
Ойдағыдай қабыл ет.
Тіл мен көзден, бәледен,
Қағас етсін құдірет.
Қолдап жүрсін қашанда,
Аруақты атаң Қожамбет.
Өз атаң Құдайбергеннің
Өнерін, бағын жұғысты ет.
Өмір жолың ашық боп,
Мақсатыңа талмай жет.
Ғұмыр жасың көп болсын,
Жамбылдан да асып кет.

1999 жыл, желтоқсан.



ЫРЫМ ЖҮЗІК

Нағыз достық болған дейді ертеде
Естігенде сенер, сенбес ертегі.
Астындағы атын түсіп беретін,
Досы үшін жанын құрбан етеді.

Сондай дәстүр жойылған жоқ, қазір бар,
Жаны жайсаң жақсылардан табылар.
Кесек мүсін, асыл тұлға азамат,
Міне осылар, қызғанышсыз танып ал.

Мәркен менен Құдайберген ініміз,
Туыстық пен достықтағы үлгіміз.
Дария ақыл, терең ойлы азамат,
Сендердей-ақ болар-ау деп сенеміз.

Тірлік ғұмыр мерзім екен сенімсіз,
Мәркеніміз өтті өмірден мезгілсіз.
Иық тіреп қатар жүрсең бұл күнде,
Қиын өмір болар еді келеңсіз.

Шүкіршілік, жоқтатпайсың ағанды.
Туыс тұрсын, ел сыйлайды бағанды.
Асқар таудай пана болған тұлғаңа,
Құдірет қолдап, дарытпасын жамандық.

Төңірегіңе жиып бәрін туыстың,
Қуанышын, қайғысын да бөлістің.
Сәуле менен екеуіңнің атқарған,
Қуәсіміз құны қымбат көп істің.

Думандатқан Даниалдың тойында,
Айтылғанда жүрген сырлар ойыңда.
Көріп, тыңдап туыстарды қоршаған,
Жылы сезім ұйып жатты ойыма.


Күләштің де отбасына қорғансың,
Әрқашанда жанашыры болғансың.
Балалар да өздеріндей бауырлас,
Сол дәстүрді немерелер жалғасын.

Даниалдың сол тойында алқалы,
Күләш тәтәң жақсы жора жасады.
Немеренің қайны енесін сыйлауға,
Қасиетті алтын жүзік атады.

Алла жазса тілеген той келетін.
Өмір берсін сол қызықты көретін.
Алтын жүзік ырым болсын тойына,
Сәуле әжесі өз қолынан беретін.

Үлкен тойға дайындалар уақыт бар,
Сыйлықтардың қымбаты да табылар.
Тілек тілеп жатсын үйде бұл жүзік,
Құдағидың оң қолына салынар.

1999 жыл, желтоқсан.



ҚҰДАМЫЗҒА ҚҰРМЕТ

(Мұрат Абдулов құдамыздың баласы Жанаттан
немере көру қуанышында)

«Құданы құдай қосады» деген анық.
Мәкендей құда таптық біз қуанып.
Құтты болсын қойыны балалардың,
Жүз жылдық тату болсын бағы жанып.

Мәкең мен Зүкең бізге қос аққудай.
Жұптарын ұйқастырып қосқан құдай.
Әттең дүние- ай, өкініш ортамызда,
Жоқтығы тән құдаңның Ақъжандай.

Алланың шешіміне шара бар ма.
Тәубә дейміз артында ұрпақ барға.
Парызымыз өткенді есте сақтап,
Туыстық ақ тілектен жаңылмауға.

Сан талай қуанышты көрісерміз.
Соңғы ұрпақ болсын біздің өрісіміз.
Тағдырымыз мың жылдық бірге болып,
Бүкпесіз талай сырды бөлісерміз.

Бүгін үлкен қуаныш балалардан.
Құда мен құдағидың есін алған.
«Жанаттан бір немере көрсем»- деген,
Бар еді игі арманы ойына алған.

Қуаныш сәтті болып егізделді.
Немеремен бір диплом бірге келді.
Ақсары бас құрмалдық атап жүрген
Құданың шешілетін кезі келді.

Құтты болсын қуаныш көпке ортақ.
Жігіт болсын немере құдай қолдап.
Балалардың қызығы таусылмасын.
Көріңдер шөберені думан тойлап.

Айтылған ақ тілектер қабыл болсын.
Отаудың іші құтты жанға толсын.
Қуаныш пен шаттықта өмір кешіп,
Ұзақ жас ғұмырлары нұрға толсын.

2001 жыл, қазан

III-БӨЛІМ

Арнаулар, ақ тілектер

АЗАМАТ

(Бауырым Қапез Әлжанұлының рухына арнаймын)

Елім десем жүрегім елжіреді,
Көпті көрген көңілге не келмейді.
Елдің даңқын көтерген ағалардың,
Бейнесі көз алдымда елестейді.

Қонысы туған елдің киелі жер,
Аруақты ағалардан бата алған ел.
Топырағында сан-талай дарын туған,
Көркіне көз сүрінген атақты бел.

Ерге арқа беретін ата даңқы,
Елдің сәнін келтірген азаматы.
Өтіп жатыр өмірден жүйе-жүйе,
Құлазып, күйретіліп көңіл шарты.

Ердің аты өлмейді еске алумен,
Санасында ұрпақтың сақталумен.
Ұлыларын ұмытпау ел борышы,
Өсетін ел ұлдарын батыр деген.

Ашық төс, кесек тұлға Қапез бауырым,
Шыңындай «Ел» атанған заңғар таудың.
Үлкен тақтың үстінде болмасаң да,
Ер едің, ел бастаған жеке дарын.

Пейілің таза еді қалың көпке,
Ашық қол, дархан едің үйме-төкпе.
Жарқылдап топ бастаған ағалардай,
Өнерің тартып туған ата-текке.

Бірі емес, бірегейі азаматтың,
Төңірекке ісіңмен шықты даңқың.
Ел басқардың, дарынды басшы болдың,
Сыйлы болдың, сыйласар достар таптың.

Сен атқарған қызметтен із қалатын,
Кейінгі ұрпақ өзіңнен үлгі алатын.
Қаттырақ ұран дауысың шыққан кезде,
Түсініп халқың іске жұмылатын.

Болушы еді бір сөзің ұнамайтын.
«Қой» десең де ұмытып, тыңдамайтын.
Өмірлік бірге жүрген жерлестерің,
Ауыр сөзге оныңды баламайтын.

Елге келсем, сергуші ем сені көріп,
Аңқылдап келуші едің сәлем беріп.
Ортасында көңілді інілердің,
«Люкс» болып кетуші ек дене сергіп,

Ауылымның төріндегі інім едің,
Ісіңе сүйсінумен сеніп едім.
Үлкен істі атқарсам елім үшін,
Қолдаушы боп соңымнан еріп едің.

Өткізіп ек дулатып талай тойды,
Ел қуанып қалушы еді өсіп бойы.
Сенемін сенің атың сақталады,
Азаматтар барында терең ойлы.

Әттең дүние-ай, өмірің қысқа болды,
Ел ұлынан айрылды, гүлі солды.
Жоғалтып көш бастайтын азаматың,
Туыстарым қалдың-ау сыңар қолды.

Шүкіршілік артында ұрпағың бар,
Талпынып талаптанса саған тартар.
Сенеміз ақыллына соңғы ұрпақтың,
«Ат аунаған жерінде түгі қалар».

Бауырым атыңды естен шығармаспын,
Дұға арнаудан рухыңа жаңылмаспын.
Бақидың жұмағының төрінде боп,
Жан-тәнің иманды боп, дамыл тапсын.

2000 жыл, 15 мамыр.

ЖАМБЫЛ БОЛСЫН ҚҰРДАСЫҢ!

*(Құрметті ағамыз, жездеміз Мәжікен Ғаббасұлының
80 жылдық тойына)*

Бүгінгі той ерекше елдің тойы,
Жездеміз ел ағасы, терең ойлы.
Өмірінің сан қилы сырлары бар,
Бір ғасырлық шежіре тұла бойы.

Тарих қой өмір жолы өзі өткен,
Халқына қызмет етіп, терін төккен.
Көкірегі алтын сандық, түйгені мол,
Өз атын талай жерге мәшһүр еткен.

Жерлер көп себептермен Мәкең басқан.
Істер көп сан-салалы араласқан.
Халықтың сөзін ұғып, қамын ойлап,
Келеді үлкен тақтан айырылмастан.

Аты мен атағы бар төрі толған,
Советтік ордендердің бәрін алған.
Егеменді елдің де марапатын,
Алғашқылар ішінде Мәкең алған.

Мінезі бар бір беткей өзгермейтін,
Сөзге шебер ойларын өрнектейтін.
Президентке жеткізіп елдің назын,
Алғыс, тілек айтуға іркілмейтін.

Сан қилы өнері бар көптен ерек.
Есепке, есімдерге, жылға зерек.
Бір ғана проферанс өнеріне,
Жездеме үлкен белгі қою керек.

Ақыл айтар ағамыз сүйенетін,
Өнері мол еліктеп үйренетін.
Үлкенге де, кішіге лайықты,
Орнықты әзілі бар сүйінетін.

Кешегі қан майданнан аман келген,
Совет пен жаңа дәуір көшіне ерген.
Жездеміз өміріне тәубә демек,
Немере өрбіп, той көрген шөбереден.

Мәкенді шал демейміз егде дейміз,
Аға дейміз, еркелеп жезде дейміз.
« Жақсы жезде - әкеңдей» - деген екен,
Сол сөзді де жездеге тәуелдейміз.

80 жасың бүгінгі баппен жеткен,
Тәтеміздің еңбегі бағып күткен.
Белгілі ғой талайы азаматтың,
Әйелдің күйігіне жанып кеткен.

Тәтеміз абзал әйел, асыл ана,
Өнері, ақыл ойы жеке дара.
Алаламай ұрпаққа ана болған,
Тәтемдей аяулы жар сізде ғана.

Іргелі үй бәрі азамат балалардың,
Балалар сүйенішің паналарың.
Қасиетті қара шаңырақ бағын беріп,
Жалғастырсын ата-ана армандарын.

Үстінде биік шыңның алшаң бастың,
Сынаңыз сырларын да 90 жастың.
Тәтемізбен, сәнімен ғұмыр кешіп,
Келешек Жамбыл болсын бір құрдасың!

Тілейміз ұрпағыңа амандықты,
Құдірет көрсетпесін жамандықты.
Сіздердей үлкендердің үлгісімен,
Халқымыздың бірлігі болсын мықты!

2001 жыл, 1 мамыр.

ҰСТАЗ

(Тәтеміз Көлдейқызы Назиқаның 75 жасқа толуына)

Тәтеміз қадірліміз үлгі алатын,
Үлкен тойын бөлісіп қуанатын.
Құттықтаймыз ұлғайған жасыңызбен!
Құрметті «отағасы» аталатын.

Жездеміз «қос ағасы», ел ағасы,
Тәтемізбен бекіген босағасы.
Жапырағы жайылған үлкен ұя,
Мақтануға сиятын орда басы.

Тәтеміздің өмірде көргені көп,
Өз тұсында өнері, орыны бөлек.
Қанша жыл бала оқытып, еңбек етсе,
Біз үшін әлі ұстаз болып келед.

Тәтеміз әсем болды жүзі жарқын,
Жездеміз көрсе тілі байланатын.
Бүгінгі той жасына келсе дағы,
Сақтаған сәніменен салтанатын.

Бала өрбітіп, көркейткен төңірегін,
Қызықтап ұрпақ шаңырақ көтергенін.
Бір мақсаты шөбере көру еді,
Сол тойлар да жақындап қалды бүгін.

Тойларың тойға ұлассын тілек бірге,
Жездемізді жетектеп жеткіз жүзге.
Жарқын бейне, жарасты өмірлерің,
Біздерге, ұрпаққа да ұлы өнеге.

Тәтеміздің жүзінен нұр таймасын,
Тәңірі берген бақыты шайқалмасын.
Төңірегін толық боп, сәнді өмірде,
Туыс, жолдас қатары ортаймасын.

2000 жыл, 17 қазан.

ІНІГЕ БАЛАЙТЫН ҚАРЫНДАСЫМ

(Күләш Ғайсақызының 60 жасқа толу тойына)

Білеміз өмір епті және шекті,
Беретін қуаныш пен қасіретті.
Төзе біліп тағдырдың сындарына,
Қуанышты құп алу да міндетті.

Сөзді қалай Мәркеннен бастамаймын,
Ауызымнан атын бір сәт тастамаймын.
Жарқылдап бүгін тойда жүрмесе де,
Рухы ортамызда деп санаймын.

Әрқашан Мәркен елдің ортасында,
Аты қалды тарихтың шың тасында.
Думандатқан дүбірлі тойы да өтті,
Күләш пен туыстардың арқасында.

Бүгін, міне, кезекті тойға жеттік,
Өзіндей осы тойды тілеп күттік.
Мәркеннің жетпей кеткен жасы еді,
Алланың рахымына тәубә еттік.

Мәркеннің еске алғанда ардақты атын,
Әрқашан қатарында сен тұрасың.
Аруағына арналған дұға үзбейтін,
Ниетінді жаратқан қабыл алсын.

Мәркеннің асы өткені ел ұнатқан,
Дамылсыз еңбек еткен сенің арқаң.
Халыққа аян орнықты өнерлерің,
Сыйластықпен туысқа, елге жаққан.

Балайтын бір ініме қарындасым,
Белгілі ақ пейілден жаңылмасың.
Әрқашан қуанышта, қиындықта,
Жан ашыр сенен артық таба алмаспын.

Өмірдің белесі көп есте қалған,
Мәркенмен бірге жүріп сайран салған.
Отыз жыл қос аққудай өмірлерің
Әр жылы бір ғасырға бағаланған.

Алла берген ырысы арылмасын!
Дастарханның көлемі тарылмасын.
Қашан да алғыс алған шаңырақсың,
Ақ тілек нәсібінен жарылқасын.

Сен тұрғанда шаңырақ шайқалмайды,
Достар барда мәртебең ортаймайды.
Туыстар мен балалар ортасында
Бауырым бүгін неге шаттанбайды.

Көрсетпесін енді өмір жамандығын
Тілейік туыс, достар амандығын.
Бауыржан, Серік, Сәуле тіректерің,
Немерелер ер жетсе сенен бай кім?!

Түспесін жүрекке дақ қыңыр сөзден,
Құдайым сақтап жүрсін тілден, көзден.
Шөберелер қоршаған әже болып,
Әрқашан орның болсын биік төрден!

2001 жыл, 25 наурыз.



АҚ БАТАСЫ ХАЛҚЫҢНЫҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫН

(Құдайберген Қалиұлының 50 жылдығына)

Ел ағасы болсаң да дара тұлға,
Інімізді қимаймыз ұлғайтуға.
Елуге де кеп қапсың «аташқа» боп,
Жанұяңмен бөленіп бақыт-нұрға.

Сенбесең де елуге бүгін тіпті,
Уақыт жылжып жарты өмір туын тікті.
Осы туды қолға алып алшаң басып,
Нысана жүз жас болсын бір күдікті.

Құтты болсын 50 жас мүшел ауған,
Үлкен дастан беттері аударылған.
Ақыл-ойдың дер кезі, жаса елу!
Талабың тасқын болсын бұрқыраған.

Денсаулығың мызғымас берік болсын,
Әр ісіңе бір Алла серік болсын.
Маңдайыңда жарқырап бақыт шамы,
Қызметтегі қадамың керік болсын.

Шаңырақтың ырысы арта берсін,
Ұрпақтарың өзіңе тарта берсін.
Достарың ақ ниетпен бірге болып,
Қосшылар көре алмаған торта жесін.

Жанұяңнан жақсылық арылмасын,
Дастарханның көлемі тарылмасын.
Сәулеңмен, балалармен бірге жасап,
Алға қойған мақсатың орындалсын.

Ақ пейіл, адал жүрек жолдан тайма,
Сүйеніші бол елдің екі дайда.
Халқыңның ақ батасы қабыл болып,
Атағың теңдес болсын Абылайға!

1995 жыл, 25 қазан.

ТӨРЕ ІНІМЕ

(Құдайберген Қалиұлының 55 жасқа толған тойына)

Ағалар алдымдағы жаннатымдай,
Інілер аспандатар қанатымдай.
Көремін туыстар мен жолдастарды,
Өмірдегі байлығым - манатымдай.

Жүрегімде апа да, қарындас та,
Соңғы ұрпақ жалғасымыз орны басқа.
Сыйластарды бауырыма тартып жүрем,
Кеудем кең жаратылған жатсынбасқа.

Салқынды сезінемін лебінен,
Сәлемі шықпай жатқан жүрегінен.
Қашан да асыл тастың нарқы бөлек,
Жарық шашқан көз тартып қырларымен.

Не керек әр нәрсеге ұсақталып,
Дұрыс қой сақталғаны кесек қалып.
Мыңнан біреу шығатын шын азамат,
Алақанда жүреді аты аталып.

Бәйгелі тұлпарларды дүлдүл дейді,
Әйгілі ақындарды бұлбұл дейді.
Атына атағы сай ел басшысын,
Төре - десем кім оны жөптемейді.

Жамбыл ата айтқандай «ердің ері»,
Қазақтың «мемлекеттік қайраткері».
Еңбегінен із қалған жүрген жерде,
Шаруашылық ісінің ардагері.

Ініміздің ат қойып атағына,
Қосамын алыптардың қатарына.
Құдайберген есімін тауып қойған,
Шынымен Құдай берген ел бағына.

Құдай сенің көңіліңді кең ғып берген,
Жан жолдасың Сәулені тең ғып берген.
Қосағыңмен қоса ағар, мақсатқа жет,
Қашаннан тілегіміз арнап келген.

Сыйластыққа елгезек отырмайтын,
Айтар сөзі маңызды, ойы айқын.
Сезімтал, әр адамның көңілін ұққан,
Ыңғайсыз жат мінезді жақтырмайтын.

Дархан көңіл, ақжарқын көпке бірдей,
Халықтың көңілін тапқан жікке бөлмей.
Көп ұлттың ортасында шексіз сыйлы,
Ел басшысы болсын-ақ, тап өзіндей

Тас қорғандай панасың туғандарға,
Еш қайсында кемдік жоқ сен тұрғанда.
Бәріне жетіп жатад жылуларың,
Қанатыңның астына кірген жанға.

Шешім таппай қиынға жолыққанда,
Қамқаршы, қолдаушысың торыққанға.
Білген адам жақсы істі ұмытпайды,
Аздан көңіл өседі сөз ұққанға.

Атағың, атың мәлім талай елге,
Аз емес жолдастарың сырт жерлерде.
«Қазақ осы!» - дейтұғын ер азамат,
Ақ жүрек, айнымас дос, білгендерге.

Ұлт дәстүрін ардақтап сақтай алған,
Үлкен күшке сенетін сүтпен барған.
Аталардың аруағы қолдап жүрсін,
Әр ісің оңға бассын ойыңа алған!

Өнерлерің аз емес бойға сыйған,
Өмірден үйренумен ойға жиған.
Ырымшыл ұлы халық ұрпағымыз,
Сақтасын күншіл көздің қиығынан.

Байлығың, болашағың, балаларың,
Өздеріңдей үй болсын елге мәлім.
Немерелер көбейсін ата-әжелеп,
Тыңдаңдар шөберенің салған әнін.

Мейіріммен баланың сүйіп бәрін,
Ерекше тәрбиеде Даниалың.
Сенім артқан тілектер орындалсын,
Бойға жиып ата-әже дарындарын.

Өнерің өрге бассын, ортаймасын,
Жас көбейсін, денсаулық шайқалмасын.
Тәңірінің берген жасын жарқын жасап,
Астыңнан тақ, басыңнан бақ таймасын!

2000 жыл, қазан.

ӨНЕГЕЛІ ҚАРЫНДАС

(Қали келіні, Ахметжан қызы Сәуленің туган күніне)

Құрметтеп жақсы көрер қарындасым,
Туғаннан кем көрмейтін бауырласым.
Жылдар жылжып көтеріп өрге қарай,
Биік баға бестерді арқалапсың.

Көпшілік тілек айтса жасартуға,
Үлкеймесін, жүрсін деп жас қалпында.
Немерелер қоймайды «Әжеке» деп,
Келтіріп өмір заңын қаз қалпына.

Шүкіршілік, жас өсу - өмір заңы,
Ұзақ жасау адамның бір арманы.
Жас көбейсін жинаған жиһазыңдай,
Жарқын болсын өмірдің әрбір таңы.

Көрнекті жасыңменен құттықтаймыз!
Тілегін көпшіліктің біз құптаймыз.
Бастарыңа қашан да саулық тілеп,
Әрқашан сіздерге шаң жуытпаймыз.

Атақты ата-ананың ұрпағысың,
Сүйсіндірет атқарған әрбір ісің.
Сүйкімді мінезімен көпке жаққан,
Бастықтың жолдасының үлгісісің.

Ақыл-ойлы өзіндей ұстамдылық,
Туыстыққа, достыққа құштарлық,
Көбінде әйелдердің жетіспейді,
Ақыл сөздің тізгінін ұстап жүріп.

Кең пейілмен сыйлысың туыстарға,
Қадірің кемімейді туыс барда.
Сыйлас болдың Рәшпен туғаныңдай,
Балаларға қамқорсың тыныс тарда.

Басыңнан Алла берген бақ таймасын,
Көрер қызық арнасы ортаймасын.
Жанұяңның амандық рақатында,
Көңілдерің ешқашан қартаймасын!

Әжелердей жүз жасқа шаршамай жет,
Немере, шөберені қызықтап өт!
Атадан мирас болған ақ тілекті,
Арнаймыз «қосағыңмен қоса ағар!» - деп.

Өрістердің аумағы аман болсын,
Халыққа тыныштықты заман болсын.
Алда тұрған мақсаттар орындалып,
Жаратқан жаббар Алла қорған болсын!

2000 жыл, 16 маусым.

СЕНІҢ АТЫҢ МӘНГІ ЕСТЕ САҚТАЛАДЫ

(Ақмағамбет Базарбайұлы тірі болса 60 жасқа толар еді)

Біраз жылдар өтіпті
Айрылғалы туыстан.
Ерте кетті дүниеден,
Арманы сусып уыстан.
Өмірі өтті еңбекпен,
Бақытын тауып жұмыстан.
Тура келген жүрекке,
Қандай зақым тым қысқан.

Балалық өмір бірге өтті,
Көбелек қуып шуласып.
Талай түндер өткіздік
Ақсүйек ойнап сырласып.
Азамат болдық айрылмай,
Қабак шытпай, мұңдасып.
Көрер қызық көп еді,
Қиылып кетті сол нәсіп.

Шаңырақтың иесі,
Сендей болар бауырым.
Бала өсіріп Алмаңмен,
Өмірдің көрдің тәуірін.
Ел басқардың көп жерде,
Шайқалмастан қадірің.
Еңбегі сіңген халқыңа,
Қалаулысы қауымның.

Кең пейілді ақжарқын,
Қадірі қымбат жолдасқа.
Бойға біткен өнері,
Жетуші еді бір басқа.
Үлкен-кіші, тұстасын,
Балаушы еді құрдасқа.
Осындай асыл азамат,
Мәңгі есінде қалмас па!

Артында бар ұрпағы,
Ақаң атын жалғайтын.
Немерелер суреттен,
Атасын танып жазбайтын.
Алмаң есен-сау болсын,
Есінен мәңгі қалмайтын.
Иман тілеп, еске алып,
Батасын әр кез арнайтын.

1994 жыл, 5 маусым.

ӘЛЕКЕҢ ДЕ АТА БОП ҚАЛДЫ МІНЕ

(Әлімжан Ақмадиаұлының 60 жасқа толуына)

Әлімжан, ардақтымыз, бауырымыз,
Дұғай сәлем жолдады ауылыңыз.
Кіндік қаны тамған жер ақ тілеуін,
Қымбатты сыйлығы деп қабылдаңыз.

Жас жігітсің сен әлі ауылыңа,
Ақ сақалды, ақ шашты бауырыңа.
Ел қуана тамсанды естігенде,
Әлекең боп, ата боп қалғаныңа.

Құтты болсын мерейтой, бұл мереке,
Босағадан кетпесін құт, береке.
Сіздерге аян, Әлімжан, келін Әнияш,
Жүргеніміз әрқашан бір тілекте.

Біз куә барлық өмір қадамыңа,
Бір Алла қамқор болды талабыңа.
Атың бар, атағың бар, түтін түзу,
Мәртебең кемімеді қатарыңда.

Көктерек атақты ауыл дарын туған,
Азаматы шетінен өнер қуған.
Әйгілі ел басшысы, ғалым, маман,
Жазушы, әнші, ақын аруақ қонған.

Ерекше мақтанышпен атын атар,
Белгілі полковниктер, генералдар,
Қатарында Әлімжан орның бөлек,
Туған елдің түлегін бауыр тартар.

Айтатын ақ тілеуім шаңыраққа,
Жаратқан тұрақ берсін қонған баққа.
Жан жарың Әниәшпен қатар жасап,
Жетіндер ең кемінде тоқсан жасқа.

Жамандық, кесел деген дарымасын,
Дұшпанға болсыншы тек мысың басым.
Ойға алған мақсаттарың орындалып,
Тәңірдің ырыздығы таусылмасын.

Осындай думанды той жалғас келсін,
Ұрпаққа ұлылардың бағын берсін.
Қуаныш, кейістікте бірге болар,
Туыс, жолдас қатары кемімесін.

1997 жылғы қараша.



ТІЛЕККЕ ҚҰДАЙ ЖЕТКІЗСІН

(Сұлтанов Қатыран ағамызға)

Қадірлі аға Қатыран,
Құтты болсын мерейтой.
Ағамыз жігіт десек те,
Жетпісті шідерлепсіз ғой.
Кәріліктен қашсақ та,
Жас жетері сөзсіз ғой.
Сексен, тоқсан жасаңыз,
Бола берсін мерейтой.

Түр тұлғаңыз әлі де,
Келіншек көзін салғандай,
Ақ күмістей шашыңыз,
Әдейі әрлеп қойғандай.
Бабыңыздың таймауы,
Қолдан мүсін ойғандай,
Жеңгеміздің арқасы,
Қасында жүрген қорғандай.

Жеңгеміз бірге жасасын,
Егіз туған төлдей боп.
Балалар мен немере,
Көбейсін үлкен елдей боп.
Өмірің жарқын шат болсын,
Ырыздығың селдей боп,
Тілекке құдай жеткізсін,
Ұлылармен теңдей боп.

1994 жылғы 22 мамыр.



АЛШАҢ БАС ЖІГІТІНДЕЙ ЖИЫРМА БЕСТІҢ

(Еркін Мейірмановтың 60 жылдығына)

Қадірлі туыс, жолдас, сыйлы Ерекең,
Құтты болсын думанды бұл мерекең.
Қылшылдаған жігіт ең кеше ғана,
Шыңына алпыс жастың шықтың бекем.

Облыстың қаласында, даласында.
Партия, совет, шаруа саласында.
Атқардың қызметті қажымастан,
Халқың мен бір Алланың панасында.

Күтетін Сәбирадай жар тұрғанда,
Балалар, немерелер бар тұрғанда,
Алпыс деген Ереке, жас болып па,
Жетпеген соң жүз деген « антұрғанға».

Сүрінбей таза өттің көп белестен,
Самайға ақ шаш кірді сол елестен.
Шымыр, ширақ денсаулық мықты болсын,
Алшаң бас жігітіндей жиырма бестің.

1992 жыл.



НЕМЕРЕЛЕР КҮЛЖІСІ КӨРІК БОЛСЫН

(Күлетаев Қайыржанның 60 жылдығына)

Дүбірлі тойда болу үлкен құрмет,
Ағалық тілек айту бізге міндет.
Сіздерге арнап Қайыржан, Жаңыл келін,
Ақ пейілмен келеміз бақыт тілеп.

Қартайтқымыз келмейді інілерді,
Шал болатын бар әлі күн ілгері.
Алпыс асқан ағалар «ұл тапқандай»
Неге інілер қалыспай жүгіреді.

Дегенмен алпыс жасқа жеткен қымбат,
Дәл өзіндей әдемі болса сымбат.
Қайратың мен қадамың қаз қалпында,
Жиырма бестің екеуін кешкендей-ақ.

Алпыс жас кемелденген ердің жасы,
Маң-маң басқан байсалды ел ағасы.
Өткеріп бір дәуірді маңызы зор,
Ашылғандай жаңа өмір босағасы.

Алпыс жасқа жеткен де, жетпеген бар,
Жүзді жасап тірлігі зая өткен бар
Өздеріңдей өрісті азаматтың,
Өмірінен туар ед талай томдар.

Халқыңа қадір, сыйың кемімеді,
Бас болдың, басшы болдың, бимен теңді.
Мақтау емес, көреміз өз бойыңнан,
Адалдық, адамшылық белгілерді.

Еңбегің елге сіңген қалмас зая,
Қайтарымы көрінер жас молая.
Балалар, немерелер аман болсын,
Көп тілегін, қабыл ет, уа құдая.

Сәнімен өте берсін мерейтойлар,
Мезгілсіз үзілмесін арман, ойлар.
Тірі болса қасыңда жүрер еді-ау,
Ақбжан, Болатхан мен Аманбайлар.

Денсаулығың сенімді серік болсын,
Бақ дәулетің мызғымас берік болсын.
Жаңылыңмен жұп жазбай жүз жасаңдар,
Немерелер күлкісі көрік болсын.

1997 жыл, қаңтар

СІЗДЕРДЕЙ АҒАЛАР ҒОЙ БІЗГЕ ҮЛГІ

(Шәкенов Әбдіқадыр ағамызға)

Байқасаңдар басқадан қазақ мықты,
Сексен, тоқсан «чепуха» болып шықты.
Көп жастан құбыжықтай қорқатұғын,
Әбекең де жетпісті ұрып жықты.

Құттықтаймыз, Әбеке, жасыңызбен,
Тоқсанды да тойлайық біздер сізбен.
«Ұлғайғанда бәйбіше қымбат» дейді,
Тегіс жаса Роза тәтемізбен.

Үлгілі үй, қадірлі аға, сәлем бірге,
Тек жақсылық тілейміз сіздің үйге.
Сіздердей ағалармен бірге жүріп,
Тәлім алу біз үшін зор мәртебе.

Осындай мерейтойлар естен кетпес,
Сыйластық «сіз бен бізге» баға жетпес.
Жолдастық, туыстықты сақтай біліп,
Жүргенің қандай ғажап бір тілектес.

Жаңа жыл баршамызға құтты болсын,
Тыныштық пен береке құты қонсын.
Әрдайым мақсатымыз орындалып,
Арамыз шетінемей орта толсын.

1995 жыл.

БҮЛ ЖАСЫҢ КЕЛГЕН БОЛАР - СЫНАМАҚҚА

(Көпеев Сұрағанның 60 жылдығына)

Сұраған, құтты болсын үлкен тойың,
Алпыс жас арманы ғой ұшқыр ойдың.
Денсаулық пен талаптың арқасында,
Өз қолыңмен өзіңе мүсін ойдың.

Бұл өлкеге белгілі сенің атың,
Азаматтық ісіңмен шықты даңқың.
Көп ағайын ішінен көзге түсед,
Жақсы игеріп, сақтауың ұлттың салтын.

Өмірдің болса-дағы ой мен қыры,
Тура жолдан таймаған жүздің бірі.
Бал жаласқан Бәтимаң бірге жасап,
Сақталсын жас күнгідей өмір сыры.

Балалардың бақыты арта берсін,
Немерелер сендерге тарта берсін.
Тұрмыстың шырғалаңы шырқын бұзбай,
Шаңырақ шайқалмасын, батам келсін.

Алпыс жас келген болар – сынамаққа,
Кәріліктен бойыңды аулақ сақта.
Дәл бүгінгі сыныңмен, сымбатыңмен,
Мүдірместен ширақ жет тоқсан жасқа.

1995 жыл, 23 желтоқсан.



ҚАЖЫ БОЛАР МА ЕКЕН

(Тажбаев Келдібай –50 жаста)

Келдібай, құтты болсын мерейтойың,
Дер шағың, кемелденген ақыл-ойың.
Өмірдің талай сынын бірге кешкен,
Ақ шашты да құрметтеп, сипап қойғын.

Босатпай Күлбараны жас басынан,
Бажа болдық бұйрықтың арқасында.
«Бажа тату» деген сөз тегін емес,
Әзіл сөз, достығымыз жалғасуда.

Қалжынды көтеретін бажа болсын,
Бақыт, ырыс, атаңның құты қонсын.
Ұзақ жаса өмірлік қосағыңмен,
Тойларың тойға ұлассын, шаңырақ толсын.

Жасында қазақшаны аңғармадың,
Қазіргі сайрауыңа таң қаламын.
Ата тегің белгілі діншіл болған,
Қажылыққа бара ма деп қаламын.

Алға қойған мақсатың орындалсын,
Балалар теңін тауып бағы жансын.
Қызметтегі қадамың өрге басып,
Абырой, атағыңнан айырмасын.

1990 жыл



БҰЛ ДА БІР КӨТЕРІЛГЕН ШЫҢНЫҢ БАСЫ

(Тайшабек Тобылбаев – 60 жаста)

Тайшабек құтты болсын мерейтойың,
Қадірлі ата болып өсті бойың.
Өмірдің талай сынын бастан кешіп,
Мінекей, орындалды арман, ойың.

Алпыс жас көтерілер шыңның басы,
Көп адам арман еткен үлкен асу.
Өткен ізді көзге бір елестетіп,
Нық болсын болашаққа аяқ басу.

Қайратың қайырылмасын тоқсан жаста,
Жан жарың Алтынменен бірге жаса.
Балалар, немерелер күлкісімен,
Шалқып-толқып жетіндер тоқсан жасқа.

Туыстардың қатары кемімесін,
Осындай қуанышты тойға келсін.
Айтылған тілектері қабыл болып,
Құдайым талабыңды қолдай берсін.

1994 жыл



БАЛАЛЫҚ ДОСТЫҒЫМЫЗ АРТА БЕРСІН

(*Кеңес Бопанұлының 70 жасқа толуына*)

Қадірлі Кеңес бауырым аманбысың,
Бірге ұшқан бір ұядан қыран құсым.
Сыйласам бөліп-жармай бар туысты,
Балалық достығыңмен қымбаттысың.

Бірге өскен бал дәуреннің көзіндейсің.
Көз көрген асылдардың өзіндейсің.
Кездессек құшақ жайып табысатын,
Мен үшін сол баяғы кезіндейсің.

Гүл теріп, жемісін жеп, дала кезген,
Алқаның суларында құстай жүзген,
Шабағын қармақпенен жарға атып,
Тулатып шортандарын көлді сүзген.

Жүйткітіп жүйрік атпен желдей ұшқан,
Кембеді «Ақ тайлақтар» ұшқан құстан.
Бастаңғы, ақ сүйектей ойындармен,
Ән шырқап, сақина сап, көрші құшқан.

Өтіпті-ау талай дәурен содан бері.
Атаның үлкен жасы бізге келді.
Алланың рахымына тәубә дейік,
Еске алып арамыздан кеткендерді.

Ұзақ өмір адамның бір арманы.
Жетістік жетпістіңде кеп қалғаны.
Мерейтойың атаулы құтты болсын!
Сексенді де тойлауға көп қалмады.

Қуанамыз іргелі шаңырағыңа.
Ризамыз алланың бұл бағына.
Ұл-қыздарың аман боп, қызығын көр,
Немерелер көбейсін құшағыңда.

Жөн болды жетпіс жасты тойлағаның.
Бізді де сыйластықпен ойлағаның.
Жүзге жет Мұқыш пенен Қасымдардай,
Жаратқан қуат берсін бойға мығым.

Бәйбішең аман болсын маң-маң басқан.
Жанашыр бола бермес одан асқан.
Отырсын ортасында ұрпағының,
Жүзінде күлкі ойнап, нұрын шашқан.

Ырысты, ынтымақты болсын елім.
Тойлармен дүбірлесін туған жерім.
Ел десе елеңдеген ата болдық,
Келеді ақ тілекті төге бергім.

2001 жыл 23 маусым.

ТІЛ АҒАСЫ

(Қосыл Әбдірахманұлының 70 жасқа толуына)

Қосеке сыйластықпен болдық жақын,
Жолдасқа пейілің таза, жүзің жарқын.
Бүгінгі ақыл-ойдың кемел жасы,
Толтырды өміріңнің салтанатын.

Айтарлық ауыз толып өмірің бар,
Еліктеп бейне тұтар, үлгі алар.
Отыз бес жыл білісіп бірге жүріп,
Бармадық артық сөзге көңіл қалар.

Ағасың жолың үлкен таласпаймын,
Сыйластықтан әрқашан адаспаймын.
Қатар жүріп тойларда шарап шайқап,
Ән шырқаудан өзіңнен қалыспаймын.

Сен сөйлесең назар сап тына қалам,
Әдемі ұйқастардан үлгі алам.
«Қазақ тілі» - ағасы, сөз үлгісі,
Ғалымнан кем емессің атақ алған.

Өмірде көргенің көп, түйгенің мол,
Белгілі болмағаны ол жеңіл жол
Атың мен атағың бар шайқалмаған,
Адамға жетістіктің қымбаты сол.

Балалар бар өмірге жалғасатын,
Достарың бар сыйласып, санасатын.
Немере-шөберелер ортаға алып,
Болсыншы атасына таласатын.

Қосекең жетпісте деп кім айтады,
Жансыз құжат жасынды ұлғайтады.
Өмірде, спортта да дес бермейтін,
Сыншылар орта жаста деп айтады.

Сәнімен Қосекеңнің сақталғаны,
Мәкеңнің күтімінің ақталғаны.
Жұптарың жазылмасын ұзақ жылға,
Халықтың қабыл болсын мақтаулары.

Қосеке құтты болсын үлкен тойың.
Орындалсын алдағы арман, ойың.
Тілейміз жанұяңа жақсылықты.
Тойлайық сіздер жеткен ғасыр тойын.

2000 жыл, мамыр.



ҚАС БАТЫРДАЙ ҚАСҚАЙЫП ТУ КӨТЕРГЕН

(Өтеев Сайлау ініміздің 60 жылдық тойына)

Біз бүгін куәсіміз күткен тойдың,
60 жас бір белесі ұшқыр ойдың.
Өмірден өткендерді еске алсақ,
Бағасы өте қымбат мұндай тойдың.

Құттықтаймыз мерейлі тойыңменен,
Сый, сымбатың өзгермей үндес келген.
Келбетіңе бүгінгі теңеу айтсам,
Қас батырдай - дер едім, ту көтерген.

Дәрежең үстем болды қатарыңда,
Белгілі елге сыйлы атағың да.
Кезінде топтан озып халқың қолдап,
Отырдың депутаттық төр тағыңда.

Шүкіршілік ұрпақ бар алла берген,
Немерелер аталап соңыңда ерген.
Туыстар мен жолдастар мол байлығың,
Әрқашан қошеметтеп қолдап келген.

Жабырқасаң жарқылдап құп алатын,
Қабағыңнан ойынды ұға алатын,
Қосағыңмен қоса ағар, Күләш келін,
Мақтауға, мақтануға сыя алатын.

Батыр тұлғаң, атағың ортаймасын,
Дәулетің мен маңдайдан бақ таймасын.
Жүз жасаған аталар тұқымда бар,
Соған жетпей көңілің қартаймасын.

Үй-ордаңнан той-думан арылмасын.
Алда тұрған тілектер орындалсын.
Балалар мен немере қуанышы,
Сәнді өмірге баянды жас жалғасын.

2000 жыл, 18 қараша

ЖАЛЫҚПАЙЫҚ ДУМАНДЫ ТОЙ ЖАСАУҒА

(Сайлау Өтеев ініміздің 63 жасқа толуына)

Туғаныма балайтын Сайлау інім.
Құтты болсын мерейлі туған күнің!
Қасиетті пайғамбардың жасына кеп,
Бекіді «Ата» - деген атың бүгін.

Жеткізді Алла қолдап ата жасқа.
Ініге батыр тұлға бұл да жас па?!
Бойыңнан жігер кетпес қария бол.
90-ға тоқтамай өт 100-ден аспа.

Балаларың бірге өссін замандастай,
Немерелер көбейсін асыл тастай.
Шөберелер сүйетін ғұмыр болсын,
Өмірдің қызығын көр асып-саспай.

Айтылған тілектерге атыңды атап,
Өмірлік жан серігің Күләш-та ортақ.
Болсыншы үйде ырыс, тілек дұрыс,
Қашпасын шаңырақтан бақ пен атақ.

Інілерді қашанда қолдап жүрем.
Ағалық ақ тілекпен қорғап жүрем.
Қиындықта қамығып бірге болып,
Қуанышқа әнімді жолдап жүрем.

Ермектің тойлары тұр атқаратын,
Өзің бол сол тойларды басқаратын.
Құдалардың жомарттық сыйы келсін
«Машина»- деп әрқашан аталатын.

Орта толған той болсын есен-сауда.
Жалықпайық думанды той жасауға.
Қадірменді қонақтар тартынбасын,
Сайлаудың оң қолынан май асауға.

Той болсын әрбір үйде әнді, сәнді.
Өтсе екен өміріміз құнды, мәнді.
Аз өмірді адамша атқара алсақ.
Тірліктің естелігі өшпес мәңгі.

2003 жыл.

ІНІЛЕРІМ - МАҚТАНЫШЫМ

(Зияұлы Балтабаев Абылай ініме)

Біраз ұрпақ өтіпті көз алдымда,
Білетін ата-әже өз алдына.
Бала кезде көрген ем Балтабайды,
Ауылымның бір атасы Жаманғұлда.

Білемін жас болсам да Аманбайды,
Баласы осы атаған Балтабайдың.
Батыр тұлға, қара мұрт, қоңыр өңді,
Қою қасты, тұратын көзінде айбын.

Ерекше жақсы көрем Ыбырайды,
Көп кіші кенже інісі Аманбайдың.
Жүріс, тұрыс, мінезі, ұяндығы,
Аузынан түскендей-ақ Балтабайдың.

Аманбайдың баласы Зия ағамыз,
Бұлаң өскен ұл бала, өзі жалғыз.
Немере, шөберелер қызықтады,
Өрісі кең өрбіткен өсіп ұл-қыз.

Үлкені ұл баланың Абылай інім,
Оқымысты агроном алған білім.
Шаруашылық ісінің майталманы,
Көтерген бастық болып кеңшар жүгін.

Көктерек ауылының белді ұлы,
Нық ұстап жалғастырған елдің туын.
Ахметжан, Қайыржан, Ғайса ағамыздай,
Атақты үлкендерге ұқсап туды.

Сендей ұлдар елімнің мақтанышы,
Алдынан үркіп жүрген алған ісі.
Шаруашылық жүйесін басқаруда,
Ініміз атасынан асып түсті.

Қымбат маған елімнің азаматы,
Азаматпен шығады елдің аты.
Өзіңдей інілердің ортасында,
Ағаңның шалқып жүред көңіл шарты.

Жанұяңа тілеймін амандықты,
Бағың таймай, босаған болсын мықты.
Жан жолдасың Күләшпен ұзақ жасап,
Көріңдер жанға жайлы кәрілікті.

Балалардың мақсаты орындалсын,
Атқарған іс табысты, сәтті оралсын.
Бөленіп балапандар шаттығына,
Тілектер алда тұрған іске ассын.

2000 жыл, 20 қазан.

ЕКІ ОТЫЗ

(Қадірлі ініміз Қайыркеш Исманұлына)

Қайыркеш құтты болсын дүбірлі той,
60 жас бұл өмірдің бір шыңы ғой.
Еске алсақ ерте өтіп кеткендерді,
«Үлкен жас, байлық» - деген сөз шыны ғой.

Бұл жасты атап өту бір ғанибет,
Жиырма бес аңсағанмен қайдан келед.
Барыменен базарлап жүрген дұрыс,
Тірліктің әр күніне не күн жетед?

Айтамыз білгің келсе алпыс жайын,
Бармыз ғой бастан кешкен ағатайың.
Қорқатын, қынжылатын ештеңе жоқ,
Болмасын денсаулықтан басқа уайым.

Қайыркеш алпыста деп айта алмадым,
Шамасы екі отызды қайталадың.
Отызда орып түсер өнерлерің,
Көріп жүрміз бойыңда сақталғанын.

Ден сау болса жетпісте жеңе алмайтын,
Ағалар бар жастар да ере алмайтын.
Жетпісте жер тіреткен ескі ұғым,
Жетпіс бесте ерлер бар ел бастайтын.

Тілейміз мызғымайтын амандықты,
Тоқсаннан ас мүдірмей болып мықты.
Қымбатыңмен жазылмай құшақтарың,
Алла берсін бақытты кәрілікті.

Ұрпағыңа жаратқан саулық берсін,
Немере, шөберелер соңыңа ерсін.
Қосағыңмен өмірлік қоса ағарып,
Тойда айтылған тілектер тегіс келсін.

2000 жыл, 9 қыркүйек.

ҚАЙЫРКЕШ ІНІМІЗДІҢ 63 ЖАСҚА ТОЛУЫН ҚҰТТЫҚТАУ

Басын изер сәлемшілер табылар,
Қайыркештей аяулы іні кімде бар?!
Тұла бойы тұнып тұрған өнеге,
Өнер-білім, ақыл, ойы, ары бар.

Адам сүйгіш адалдықтың табы бар,
Көңілі кең, жүзінде арай таңы бар.
Шын достыққа айнымайтын жаны бар,
Өрқашанда алыстамай табылар.

Ұрпағына үлгі болып бірге өскен,
Жан жолдасы Қымбатпенен үйлескен.
Жанұяда ерекше бір жылу бар,
Босағасын аттағанда нұр ескен.

Балалар мен немерелер сән берген,
Өздерінің жалғасы боп мән берген.
Көңілдері ақ бұлақтай ақ жарқын,
Күмбірлеген домбырамен ән берген.

Қайыркештер дара тұлға іріміз,
Тумаса да туғандай бір ініміз.
Бейнесінде сал-серілер сәні бар,
Азаматтың абзалы деп біліңіз.

Алпыс үшін қадірлі жас өмірде,
Дем алатын күдік кірмей көңілге.
Пайғамбардың ақ туының астында
Жүзді жасау мақсат болсын көңілде.

Жанұяңа шайқалмас бақ тілеймін.
Бөлінбейтін жақыным деп білейін.
Қуанышты мәжілістер көп болсын,
Үлкен аға - тілекшің боп жүрейін.

2003 жыл, қыркүйек.



АҚ БАТА

(Қадірлі құда Мұрат Қошанұлының 50 жылдық тойына)

Қадірлі, сыйлы шаңырақ,
Сыйлықтан болмас жаңылмақ.
Құрметтеумен тойыңды
Туыстар жүр жамырап.
Жәкең ата кезінен
Келе жатқан құдалық,
Азаюмен үлкендер
Үзілмесін тамырлап
Сен болдың қара шаңырақ.
Аман болсын сырттағы
Туыс, сыйлас жолдастар.
Ақ тілегін тойға арнап,
Қуансаң да торықсаң,
Қасыңнан әркез табылмақ.
Торқалы тойлар жалғассын
90 жасты жағалат.
Шөберелер қасыңда
Жүрсін қоршап аталап.
Қосағыңмен қоса ағар
Бір-бірінді аймалап.
Тілекті қабыл айласын,
Берейін бата Аллалап.

Әуелі құдай оңдасын,
Оң жолына бастасын.
Мұхаммед-расул қолдасын.
Қызыр болсын жолдасың.
Ағайын-туыс басында,
Еш жамандық болмасын.
Үй-аумағың келісті болсын,
Еңбектерің жемісті болсын.
Кемімес дәулет берсін,
Бақ пен сәулет берсін.
Дастарханың ортаймасын,
Көңілің қартаймасын.
Асыңа адалдық берсін,

Төңірегіңе амандық берсін.
Ырыздығың үйден болсын.
Абырой-атағың түзден болсын.
Немерелі-шөберелі болуға жазсын.
Тойың тойға ұлассын.
Достарың жаныңнан кетпесін,
Қастықтың қаңары жетпесін.
Жолдарың әрқашан ақ болсын,
Ойлаған ойларыңа
Бір Алла жақ болсын!
Әумин!

1999 жыл, 25 қазан.

ҚАДІРМЕНІ ХАЛЫҚТЫҢ

*(Серік Алмолдин інімізге, облыстық емхананың
бас дәрігері)*

Бірталай өттік өмір асуларын
Көрумен тартылуын, тасуларын.
Сыйластық, сыйлы болдық, достар таптық
Бөліскен ақ пейілін, дәм-тұздарын.

Қабылдап дос көңілін тынысыңдай,
Сыйластық үзілмеді туысымдай.
Ағалап аңқылдаған інілерге,
Отырман өзім тұрып қол ұсынбай.

Жақсы інісін ағасы жаным дейді,
Жаттығы жоқ жайсаңдар еркелейді.
Ерекше құрметтейтін Серік інім,
Көп інінің бірі емес бірегейі.

Серіктің сыйластығы туғанымдай,
Көршіміз құдай қосқан көңіл қалмай.
Жан жолдасы Сәулені мақтағанда,
Қиналамыз теңеуге сөз таба алмай.

Үлкен сыйлап, кішіні құрметтеген,
Өздері де халықтан құрмет көрген.
Мақтаулы, мәртебелі, үлгілі ұя,
Ата-әже боп атағы көтерілген.

Дәрігерлер халықтың қадірмені,
Алланың өкіліндей ел сенеді.
Тура келіп қалмаса құдірет күші,
Ажалға араша ғой еткен емі.

Жан қысылса іздейміз дәрігерді,
Азамат, Серік, Сартай, Сәулелерді.
Жылы сөзі, ағалап күлген көзі,
Ем салғандай бойыңа дем береді.

Құттықтаймыз тамаша жасыңменен,
Болашақ межең болсын ғасыр деген.
Елуің жер ортасы жігіт жасы,
Қолдаймын тілектерін халық берген.

Көрейік отау тойын Әлібектің,
Болуға өздеріңдей нәсіп етсін.
Немере өрбіп, шөбере сүйетұғын,
Бақытты қариялық сәті жетсін.

Тілейміз жанұяға амандықты,
Жаратқан көрсетпесін жамандықты.
Ойдағы мақсаттарың орындалып,
Босаға мызғымасын болсын мықты.

2001 жыл, 14 сәуір.

АСЫЛДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

(Жиенім Сартай Бікәнұлының 55-ке келген тойына)

Жылдар жылжып артыңда із қалады,
Жас та ұлғайып қиырға көз салады.
Кеше ғана 50 жасын тойлап ек,
55 - деп Сартай кеуде қағады.

Өткен күндер өміріңнен садаға,
Апам барда санаймыз ғой балаға.
90 жасап тойда апамыз жүргенде,
55-ті жас екен деп санама.

Жалғасысың көп жасаған асылдың,
Куәсі бол жаңа туған ғасырдың.
Алла қолдап мызғымасын денсаулық,
Ширақ болсын ғасырға аяқ басуың.

Достарыңның ортасында сыйлысың,
Арқа тұтып, құрметтейді туысың.
Үлгілі үй, өнегелі шаңырақ,
Шал ақынның ұрпағының бірісің.

Берсін Алла жанұяңа амандық,
Көрсетпесін еш уақытта жамандық.
Жан жолдасың Алмаменен бір жасап,
Қуанышты тойлар келсін жаңарып.

Алла жазса алда талай тойлар бар,
Дүбірлетіп, думандатып атқарар.
Немере мен шөберелер көбейіп,
Сәтін берсін ордалы үй аталар.

Алла берген бағың бастан таймасын,
Көп баталар қабылдыққа айналсын.
Сендер үшін әрқашанда кең көңіл,
Ақ тілегін арнап жүред нағашың.

2002 жыл, наурыз.

ӨНЕРІҢ ӨРГЕ ӨРЛЕСІН

(Алма Елубайқызы Бікәнкелінінің 50 жасқа толуына)

Құрметті, сүйіктіміз Алма жиен,
Ел сыйлап қадір тұтып басын иген.
Құттықтаймыз мерейлі күніңменен,
Мамырдың шуағында мүшел келген.

Жігердің бойға біткен арқасында,
Дәрежең көтерілді қыр басына.
Қазақтың батыр қызы Әлиядай,
Атың аян халқыңның ортасында.

Өнерің сарқылмасын, бассын өрге,
Әрқашан көрейік біз үлкен төрде.
Денсаулығың мызғымас берік болып,
Еңбегің сіңе берсін туған елге.

Өткен күнде белгі бар не десек те,
Есте қалар ізі бар келешекке.
Алдағы мақсаттарға жету керек,
Жиенге елу деген жас есеп пе.

Белгілі алда әлі көп ойлар бар,
Дүрліктірер туысты көп тойлар бар.
Жан жолдасың Сартаймен бірге жасап,
Иншалла, орындалсын арман, ойлар.

Жиендерім қашанда мақтанышым,
Ұмытылмас атқарған ерлік ісің.
Жаратқан бақыт пенен ғұмыр берсін,
Оңыңнан ай, солыңнан күнің тусын.

Көріңдер балалардың шат өмірін,
Өздеріңдей дарынды өнерлерін.
Тілден, көзден сақтасын шаңырақты,
Қабыл етсін халықтың тілектерін.

1999 жыл, мамыр.

ҚАДІРЛІНІҢ БІРІСІҢ КӨҢІЛДЕГІ

(Еліміздің жанашыры, ініміз Теменов Талғатқа)

Мақтауға теңеу таппай бағаларға,
Туыс, туған, іні мен ағаларға.
Теңдесі жоқ байлығым - деп жүремін,
Балаймын ортаймайтын арналарға.

Елсіз әсте тынысым жетіспейді,
Елмен бірге өмірім өрістейді.
Ата-баба аруағы жатқан жерге,
Бас имесем көңілім келіспейді.

Сағынарым ауасы, жері, суы,
Апа, жеңге, қарындас, аға, іні.
Жүздесіп амандығын біліп келсем,
Жадыратып жүреді жүрек буы.

Қарттар кетіп, жалғасы, ұрпақ келді,
Ерекше құрметтеймін інілерді.
Жарқын жүзбен, ізетпен сәлемдескен,
Жүздерінен танымын өткендерді.

Бөлектемей сыйлаймын бір туғандай,
Жүрегім бар жайлауға ел сыйғандай.
Ерекше жақсы көрген Талғат інім,
Туыс санап, жаттыққа жүрем қимай.

Мінезіңмен жібектей өрілмелі,
Қадірлімнің бірісің төрімдегі.
Өзің мен жанұяңа арнап айтар,
Жылы сөздер аз емес көңілдегі.

Бастасам үлкен істі саған келем,
Туғанымдай сырымды саған сенем.
Ақ тілекті арнаймыз жанұяңа,
Бағалаймыз көңіліңді бізге деген.

Талай жұмыс атқардың бірге жүріп,
Қонақ болмай, аяқтан тіке тұрып.
Туғанның да ойына оралмайтын,
Еңбегіңе көңілім жүред жылып.

Жанұяңның ұйтқысы Сабираңмен,
Ақ көңілді сарқылмас дарияңмен.
Бір-біріңді толтырып ұзақ жаса,
Өмірлік рақат кешіп жанұяңмен.

Қуантады ел қамын ойлағаның,
Нашарды жетім етіп қоймағаның.
Ел қайғырса бөлісіп қасыретін
Ел қуанса шаттанып тойлағаның.

Азамат аз сенімді ақтап қалған,
Ел бірлігін ірітпей сақтап қалған.
Өзімсініп жүк артқан туыстар да,
Кетпеді ме намысын сатып қолдан.

Елім десем, сенімді інім сенсің,
Ұзақ өмір деңізе саулық берсін.
Заманның өтпелі ауыр кездерінде,
Ойға алған істердің сәті келсін.

2000 жыл, 15 маусым.



ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ ЖИЕНІМЕ

(Жиенім Тобыл Бікәнұлының 60 жасқа толуына)

Қуанышқа тартады оң қабағым,
Елендеймін естісем той хабарын.
Жүздесуге асығам туыстармен,
Жолға шықсам тілеймін оң сапарын.

Мәжіліс құрмалдықты, той мерейлі,
Көп тойдың бірі емес бірегейі.
Бағалаймын еске алып мұндай тойды,
Мезгілсіз ерте өмірден өткендерді.

Атақты аталардың бел баласы
Халқына қадірі бар ел ағасы.
Нағашыны ерекше құрметтейтін,
Сендердей жиен неге ел болмасын.

Бауырым, мерейтойың құтты болсын!
Денсаулығың ұзаққа мықты болсын!
Көп жасаған шалдардан кем емессің,
Тоқсанды да тойлайтын сәті болсын!

Туыстардың қатары кемімесін,
Немере-шөберелер соңыңа ерсін.
Жібегіңмен өмірлік бірге жасап,
Құрметті ата-әже салтын берсін.

2000 жыл, ақпан.

ЕҢБЕГІМЕН ӨЗ АТЫН МҮСІНДЕГЕН

(Қаттай Кеншімбаев ағамыздың 70 жылдық тойына)

Бақ қонса ақылдыға басы байлы,
Менменсіп кеуде керіп тасымайды.
Өмірде кездесетін қиындыққа,
Тұнжырап, құны кетіп жасымайды.

Кәкендер білгендерге соның бірі,
Ақыл-ойлы, ұстамды, еті тірі.
Еңбегімен өз атын мүсіндеген,
Адамдық аты биік тұлғасы ірі.

Халық суға кенелсе қарық болып,
Көлдің саны көбейсе беті толып.
Мындаған ел ақ тілеп бата арнаса,
Кәкең соны атқарған басшы болып.

Жүрген жерде қадірлі аты қалған,
Талай жұлде, құрметті атақ алған.
Сансыз құрылыс, сәулетті ғимараттар,
Өшпес белгі кезінде Кәкең салған.

Кәкеңнің көңілі бөлек туған ұлтқа,
Қамқоршы кемтарлар мен жетім жұртқа.
Түсінісіп табысып, бір тілекте,
Жиырма бес жыл келеміз сыйластықта.

Бүгінгі той өзің мен елдің тойы,
Бір жерден шығып жатыр көптің ойы.
Ақ батасы халықтың қабыл болсын,
Жаратқан қамқор болсын өмір бойы.

Тілейміз от басына амандықты,
Тәңірім көрсетпесін жамандықты.
Жан жолдасың Раушан да тілекке ортақ,
Ұрпақтар өздеріндей болсын мықты.

1999 жыл, 18 желтоқсан.

ТӨРДЕ БОЛСЫН ОРЫНЫ

*(Кітаптарға редакторлық еңбек еткен
Құрман Рамазанов ініме)*

Қадірлі, ілтипатты, сыйлас інім,
Құдадан інілігің қымбат бүгін.
Ақылшы, ой бөлісер тілектесім,
Сырласым да болғаның емес тегін.

Сөзімді өзімдей боп ұғып тұрған.
Терең толғар ақынсың тұнып тұрған.
Аңғарам ортасында ұжымыңның,
Ой өрісің, өнерің, озық тұрған.

Сыйлаймын кісі таныр қасиетіңді.
Құптаймын ойға қонар өсиетіңді.
Атқарған ортақ еңбек арқасында,
Ауыз толып айтатын істер тынды.

«Ақиқат» ортақ істің жотасындай.
Салмағы әр бөлімнің қорғасындай.
Сенемін қолдаушысын табарына,
Көп іздеп, кездестірген олжасындай.

Қадамы туындының құтты болсын.
Алғысқа, табыстарға қойыны толсын.
Әр сөзі өзіңе аян «Ақиқаттың»,
Төріңде туысындай орыны болсын.

2001 жыл.

ТОЙЛАР ЖАЛҒАС БОЛСЫН!

(Жоламан Ғаббасұлы ініміздің 60 жасқа толуына)

60 деген кемелді ердің жасы.
Қадірменді орыны төрдің басы.
Кейін қалған өмірді оймен шолып,
Өзгермек болашаққа көз қарасы.

60 меже үлкенге ілесетін.
Жастықпенен еншінді бөлісетін.
Көңіл нарқын кемітпей сақтай біліп,
Жігер керек сол үшін күресетін.

60 жасты қалайда сыйлау керек.
Жақсылығын бағалап жинау керек.
Бұл жасты бастан кешкен ағалардың,
Жайын байқап, ақылын тыңдау керек.

Жоламан құтты болсын 60 жасың!
Бойыңнан күш-қуатың арылмасын!
Қимыл ширақ, көңілің сергек болып,
Алпыстың ықпалына бағынбассың.

Өмір сыншы, сыры бар құбылмалы.
Көрмедім төрт құбыла тең тұрғанды.
Қуанышқа жұбанып, көңіл өссе,
Қасіреттер сағыңды сындырады.

Тағдырдың талқысына қайрат керек.
Жат қылық, қырын көзге айбат керек.
Сол өнер бойыңда бар шүкіршілік,
Деніңе саулық берсін біздің тілек!

Жамандық жоламасын шаңыраққа,
Бар байлық жанұямен амандықта,
От басыңның ұйтқысы Әсиямен,
Ұзақ ғұмыр кешіндер, осы бақта.

Халықтың ақ тілегі дұрыс болсын!
Шаңыраққа шайқалмас ырыс қонсын!
Алдағы қадамдарды құдай қолдап,
Тойлар жалғас, күлкілер күміс болсын!

2002 жыл, 15 көкек.

60-ЫҢ БАСЫ БОЛСЫН ҮЛКЕН ТОЙДЫҢ

(*Кеңес Ахметжанұлының үлкен тойына арнау*)

Өмірдің белестерін оймен шарлап,
Елестетіп суретін сансыз ғажап,
90 жасты қария теңестірген,
Тұтамдай тобылғыға қамшыға сап.

Дүниеде тіршіліктің құны қымбат.
Қайрылмас бар байлықты берсең жинап.
Сондықтан үлкен жасты құрметтейміз.
Тірліктен алар еншің жас пен ұрпақ.

Үлкендер бастап жүрсе белестерге,
Ілесіп інілерде шығады өрге.
Биік бар тырмысатын 90 деген,
Тоғыз он көп жас емес бүгінгі ерге.

Құтты болсын туған күн Кеңес інім!
Бөленсін шат көңілге әрбір күнің!
70-80-90-ды тоймен атап,
Өмірде қадамдарың болсын мығым!

Баянды құт әкелсін 60 жасың.
Алпысың басы болсын үлкен жастың.
Кей адам 60 жасты менсінбей жүр,
Алла тек астамдыққа баламасын.

Атың мен атағың бар ел таныған.
Жүрген жерде қызметтің ізі қалған.
Шаруашылық ісінің шеберісің,
Ел басқарған, егесте жүлде алған.

Ұрпағысың атақты аталардың.
Өз әкең Ахметжан елге мәлім.
Нағашың да болмаған осал адам,
Жазыпты Бейсенбаев Әлен бәрің.

Құдай қосқан қосағың өмірлікке,
Дәмелі де ұрпағы жақсы тектің.
Аяулысын сырт жерге шығармайтын,
Дәстүрі бар Бірлік пен Көктеректің.

Қара орда алғыс алып, ырыс қонған.
Ұл-қыздар шаңырақ құрып, өріс болған.
Сақтасын көңіл шартын, өмір салтын,
Келеңсіз шырқын бұзар жағдайлардан.

Тілейміз әулетіңе амандықты.
Алла берген бақ-дәулет болсын мықты.
Туыстардың тілегі қабыл болып,
Тойлар егіз, ырысқа молшылықты.

2002 жыл, 15 наурыз.

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМЫҢ БОЛСЫН МЫҚТЫ

*(Полковник Кашенов Қайдардың зейнеткерлік
тойына құттықтау)*

Ағадан өсиет болар сөзімді өрем.
Жас ұрпақтан өмірдің ізін көрем.
Уылжыған бүгінгі лейтенанттар,
Біздердей боларына әбден сенем.

Соның бірі кешегі Қайдар інім.
Құрметті дәрежеге жетті бүгін.
35 жыл МВД көшін түзеп,
Алып жүрді әрқашан нардың жүгін.

Қайдардың көп ініден орны бөлек.
Жылы жүз, кіші пейіл, таза жүрек.
Үлкенге ілтипаты өзгермеген.
Жастарға үлгі осындай аға керек.

Кішілік кісіліктің бастамасы,
Қазақтың қасиетті қазынасы.
«Ұлық болсаң кішік бол» демеп пе еді,
Би болған, билік құрған ел ағасы.

Өнері үлгі болмақ соңғы ұрпаққа.
Жазылса арқау болар оқулыққа.
Тұрарлық атқарылған еңбектерің,
«Тергеудің профессоры»- деген атқа.

Тергеу деген бар істің түйіндісі.
Түсінер қиындығын көрген кісі.
Қалтқысыз қызметтерің бағаланған,
Дәреже, атақтарың қортындысы.

Басыңнан Алла берген бақ таймасын.
Орданның ырыс-құты ортаймасын.
Денсаулығың мызғымас берік болып,
90 жаста шаршауың байқалмасын.

Үй-ішіңе тілеймін амандықты.
Жаратқан көрсетпесін жамандықты.
Зейнеткерлік жайлауда тоқырамай,
Болашаққа қадамың болсын мықты!

2002 жыл, 20 маусым.

ҮЛГІСІ АДАЛДЫҚТЫҢ, АДАМДЫҚТЫҢ *(Сапар Дүйсенов ағамыз - 80 жаста)*

Тағдыр тандап қисынын қабыстырған,
Жүрген жерде жақсымен таныстырған.
Алланың күдіретіне мың бір тәубә,
Сапардай ағалармен табыстырған.

Алғаш көріп ағаның зор бейнесін,
Естілгенде құлаққа таныс есім,
Жүрек жылып, санама сезім берген,
«Ағаң осы!» дегендей қызыр шешім.

Сәнді әлпет Сарыарқалық кесек тұлға,
Келісіп тұр қазақи батыр ұлға.
Жүзінде иман, әр сөзі ұлағатты,
Жылу бар тыңдаушысын тартып тұрған.

Сапекең қырықта еді сол жылдарда,
Қамал бұзар келбеті көз алдымда.
Табыстырған себептер қызмет бабы,
Біз - МВД, ағамыз прокурорда.

Ағамыз бізді жатқа баламады,
Сыйластық өрби берді арадағы.
Жанұямыз жарасып туыстардай,
Жеңгеміз әпкеміз деп бағаланды

Өтсе де қырық жылдай содан бері,
Арнаулы сыбағамыз үзілмеді.
Сәлемдесіп тұрмасақ уақытында,
Ағат қылық кеткендей сезіледі.

Өмірі үлкен тарих жазылмаған,
Ойы терең қазына қазылмаған.
Тәтемізбен бірге өткен үлгілі өмір,
Ең қымбатты шақтары қазынадан.

Ел қорғау майданының қас батыры,
Жас бала 18-де сапқа тұрды.
Жауған оқ, аққан қанды бастан кешіп,
Құдай қолдап ел-жұрттан дәм бұйырды.

Атақты аталарға тартып туған,
Жаны сүйген адалдық жолын қуған.
Отыз төрт жыл заңдылық жүйесінде,
Халқына, қоғамға да болған қорған.

Ағамыз көңілі жайлау, көпшіл адам,
Әр ісі ақыл-оймен тәмәмдалған.
Үлгісі адалдықтың, адамдықтың,
Жат іске арын аттап бара алмаған.

Қырық жыл жақын жүріп тәлім алдық,
Кісілік құдіретіне қайран қалып.
Таймаған бір мінезден, бір қалыптан,
Ағаның көлеңкесі шамдай жарық.

Өмірде тегіс жол жоқ бұзылмайтын,
Алланың жазуы бар оза алмайтын.
Ауыр қаза шайқады шаңырақты,
Тәтеміз сапар шегіп оралмайтын.

Қасыреті Сапекеңнің елге ортақ.
Қайысты қабырғасы халық қолдап.
Амал жоқ Алла ісіне, хайырын тілеп,
Еске алып жүру парыз, дұға жолдап.

Мың тәубә, ұмытпайтын ұрпағы бар.
Суретін күнде сипап еске алар.
Тәубәден ауытқымай ағамызда,
Бар өмірін, тілегін ұрпаққа арнар.

Тілейміз шаңыраққа амандықты.
Қадамы ағамыздың болсын мықты.
Немере, шөберелер құшағында,
Жүз жас болсын алдағы бір күдікті.

2004 жыл.



ҚҰТТЫ БОЛСЫН БАСЫНА ШЫҚҚАН ТӨБЕ!

(Құрметті құдам Аманжол Қошанұлының
70 жасқа толуына)

Аманжол сыйлас құдам, замандасым,
Құтты болсын атаулы 70 жасың!
Аққан бұлақ сияқты өмір жылжып,
Ардақты ата жасқа келіп қапсың.

Құтты болсын басына шыққан төбе,
Аллаға сыйынып ап жоғары өрле.
Жүз жасаған аталар ұрпақта бар
Құдай қолдап көтерсін биік өрге.

Игерген мың сиқырлы ғылым сырын,
Даңқынды көтеріп тұр докторлығың.
Академик атағың мұнараның
Басында жанып тұрған шамшырағың.

Атақтар жарасып тұр малып нұрға,
Атақтың көптігі жоқ сендей ұлға.
Жанашыр туыс, жолдас мақтан тұтқан
Ұрпағы Құлекеңнің дара тұлға.

Еңбекпенен сомдадың өз атыңды.
Талай елдер біледі атағыңды.
Өшпес мұра ғылымға үлес қосып,
Ақтадың академик атағыңды.

Бүгінгі орны бөлек дүбірлі той,
Халқыңның саған деген құрметі ғой.
Өзіндей аты әйгілі атақты ұлға,
Мемлекеттік мереке көп емес қой.

Бауырым, сенің жолың қымбат маған,
Мың жылдық құдалардан ұрпақ қалған.
Ұлы атамыз Жәкеңнің заманынан
Сыйлас болдық туыстай бірге туған.

Алла берген бақыты шайқалмасын.
Көңілің еш уақытта қартаймасын.
Құдағиым Раушанмен бірге жасап,
Өмірлерің сәнді боп, гүл жайнасын.

Қалайда ең керегі бас амандық
Кемімесін бойдағы бар денсаулық.
Балалар мен ұрпақтар ортасында
Жүруге жазсын Алла балқып-шалқып!

2004 жыл, қазан

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АҚ ОРДА!

(Құрметті ініміз Әубәкіров Сайран Төлегенұлына)

Құрметті туғанымдай сыйлас інім,
Көтерген басшы болып елдің жүгін.
Еңбегіңнің жанғаны құдай қолдап,
Ақ орда, алтын бесік, тілеулі үйің.

Ризамыз той, дастархан, құрметіңе,
Құрмалдық, бата тілеу ниетіңе.
Тәубә дейік еңбектің жемісіне
Алланың берері көп үмбетіне.

Бұл үйден татып жүрдік тойдың асын.
Қуаныш құтты үйден арылмасын.
Ақ туын жаңа үйіне Сайран тіксе,
Ағалар оған қалай қуанбасын.

Үй-іші көркін көріп, көңіл толды,
Сәнді істер аңғартады шебер қолды.
Даладан қажып келсең жадыратар,
Тірліктің жәннәтіндай ойға қонды.

Жақсыға ынтық болмас қандай адам,
Тамаша, үйің әсем! берген бағам.
Ісіңе сай келіп тұр үй-орманың,
Орынбасар келіндей таңдап алған.

Айтар ой көп, асыра мақтамайын.
Жақсы ініге ағада тілек дайын.
Алла берген бақ дәулет шайқалмасын.
Өрлесін, өркендесін шаруа-жайың.

Қалайда ең қымбаты бас амандық,
Кемімесін бойдағы бар денсаулық.
Жанұя, туыс-туған аман болсын,
Маңыңа жоламасын еш жамандық.

Сақтасын алаауыздық ұсақ сөзден,
Адамның аласынан, күншіл көзден.
Азаматтық атағың өркендесін,
Дәрежең өсе берсін мақтау сөзден.

Еркесіндер, шешей бар мақтанатын,
Тілегін сендер үшін атқаратын.
Ғұмыр берсін қорғаның қарияға,
Ұрпағының төрінде шаттанатын.

Ырысы үй-ішінің Орынбасар,
Өзіңе сай жолдасың бағыңды ашар.
Өмірлік бірге жасап ата-әже боп,
Орынбасар сау болса жөн жоқ сасар.

Ақтасын балаларың тілегінді.
Көрейік өзіңе сай тірегінді.
Алға қойған мақсатың орындалып,
Алла иманға толтырсын жүрегінді.

2005 жыл, 22 наурыз.

ДЕН САУ БОЛСА МАҚСАТТАР ІСКЕ АСАР

(Ініміз Жоламан Ғаббасұлының 63 жасқа толуына)

Тәубә деймін тағдырға сыйын берген,
Жолдастар бар сыйласар елден ерен.
Ғаббасовтар әулеті туыс бізге,
Дәм тұзымыз жарасып үзбей келген.

Ем іздеп белден болған бір кеселге.
Барушы ек шілде айында Меңгесерге.
Қонақтап Жекекөлде суға түссек,
Сүлігі де бауырмал болды бізге.

Естайдан кем көрмеуші ед Шешей бізді,
Сапырып беруші еді сары қымызды.
Ақаң да сәлемдесіп бара қалсақ,
Құрметтейтін келгендей тән балдызы.

Жібек мінез жан еді Қуан ағай.
Мараш та абзал еді-ау өзіне сай.
Кімдерді күйзелтпеді ащы қаза,
Сайран, Сапар, қыршын жас Болат қандай.

Айта берсең арман көп бұл жалғанда,
Барынша сыйласайық бас аманда.
Өткендерді ұмытпау бізге парыз,
Өлі риза болады еске алғанға.

Бүгінгі той, қуаныш шаттанатын,
Ғаббасовтар әулеті мақтанатын.
Пайғамбардың жасына туыс келді
Бұл үлкен той, ел болып атқаратын.

Жоламан ортақ туыс бәрімізге,
Сыйласар інілерден қадірі өзге.
Ініміз алпыс үшке келіп жатса,
Қалайша іркілеміз тілек сөзге.

Ініміз өнерге үйір талапты адам,
Жасынан еңбекпенен бағы жанған.
Іс жоспары, болжамы тиянақты,
Мінезі ауыр, көпірме сөзге сараң.

Жан жолдасы Әсия сүйеніші,
Ынтымақпен көркейткен өмір көшін.
Қол жеткізген бүгінгі табыстары,
Татулықтың ең биік көрінісі.

Бүйректері бұрады туыстарға,
Бәріне қамқор болып тыныстарға.
Жүректердің жылуы жетіп жатад,
Өзім деген бауырға, жолдастарға.

Сендердей болсын әрбір ата-ана,
Бауыр етін бөлетін әр балаға.
Үлкендерін үкідей үлпілдетіп,
Немереге елжіреп болған пана.

Әсия аңқылдаса ашық үнмен,
Жоламан түсіндіред бәрін ыммен.
Осындай татулықты көрген ұрпақ,
Өседі тәлім алып өнегеден.

Шайқалмасын Алланың берген бағы.
Шаттықты шуақ әкеп, әрбір таңы.
Алға қойған талаптар орындалып,
Еселі болсын дәйім қайырғаны.

Мықты болсын денсаулық ұзақ жасар,
Ден сау болса мақсаттар іске асар.
Бүгінгідей тойларың арылмасын,
Өздерің боп әрқашан тойды бастар.

2005 жыл 16 сәуір.

IV-БӨЛІМ

Сенімім - рухани серігім

ТӘУБӘШІЛІК

Аяқ басып, жүгіріп,
«Апа» - ға тіл келгенде,
«Құлап қалма ботам» - деп,
«Алла»-лап қолын бергенде,
«Бисмилла» деп жайылып,
Алдыңа тағам келгенде,
«Бисмилла», «Алла» ұлы сөз,
Дәрудей сіңген денеге.
Қанмен бойға тараған
Ана сүтін емгенде.

Есейгенде ес болған,
Жаратқан күш-құдырет.
Алланы алмай ауызға
Айтылмайды еш тілек.
Қуаныш келсе басыңа,
«Аллаға тәубә», қабыл ет.
Қиыншылық кездесе,
Аллаға сүйен, жеңілед.
Ұмытпау керек Алланы,
Кер кеткеннен не келеді.

2000 жыл, наурыз.



ҚОЛДАП ЖҮРСІН ҚҰДЫРЕТ

(Құрметті Бас муфти Дербісәлі Әбсаттар қажыға)

Қош келдіңіз!
Қадірлі, мәртебелі хазірет.
Сапарыңыз оң болсын!
Ел сағына күткен ед.
Халыққа жақты сөзіңіз,
Жаңа леп сезілед.
Бастамаңыз ауқымды,
Әр ойыңыз әділет.
Қатар жүрген қажылар,
Сізге қамқор, ел сенед.
Жоспар іске асуға,
Ұстамды қайрат, күш керек.
Денсаулық берсін бір Алла,
Ұзақ өмір нәсіп ет.
Елдің берген батасы,
Қолдап жүрсін Құдірет!

2000 жыл, тамыз.

АУЫЛҒА МОЛДА ҚАЖЕТ БІЛІМДІДЕН

Советтік заңның көрдік ақ, қарасын,
Бездірген дін жолынан көп қатасын
Тәңірге тағзым етпей кеткен халық,
Әр кезде тартып жатыр өз жазасын.

Жұмақты қолдан жасап береміз,- деп,
«Коммунизм» дегенді көреміз,- деп
Дәстүр менен дінінен азды қазақ,
Үлкен ұлттың соңынан ереміз деп.

Заман ауып туғанда жаңа қоғам,
Тәуелсіз, егемендік заңы орнаған,
Еркіндік, дін, дәстүрдің ауасынан,
Тоя жұтып, тағлымға көңіл толған.

Мас болып еркіндіктің ауасынан,
Бәр сәтте бола қалдық хақ мұсылман.
Барлық ел жарыспенен мешіт салып,
Бұрынғы белсенділер болды Имам.

Қызбалық қанында бар қазақпыз ғой,
Төгіп тастар түбіне жеткізбей ой.
Сол мешіттер атына ұқсай ма екен,
Ашыларда жасалған даурықпа той.

Мешітте білімі мол имам болса,
Сәулетті, сәніменен тартып тұрса,
Молдаға ұйыр еді сеніп халық,
Құранды тәржімәлеп оқып тұрса.

Білімді имамы жоқ мешіт жетім.
Келермен жиі ашпаса есік жетім.
Иамы жоқ ауылда тәлім айтып,
Алла сөзін ауызға салатын кім?

Ауылға молда қажет білімдіден.
Шала молда баршылық дін бүлдірген.
Аятын тыңдағанда қынжыласың,
Қол жаяды жай халық түсінбеген.

Еркіндік күн туғанда діні келген.
Халыққа молда қажет білімдіден.
Балқып жүрген жастарға бағыт керек,
Көңілі құлап тұрғанда дінге деген.

1999 жыл, тамыз.

САПАРЫҢ СӘТТІ БОЛСЫН!

*(Қызылжар мешітінде ұстаздық еңбек атқарып
жүрген Түрік мемлекетінің азаматы,
қари Мухаммед Сиддик Чечек ініме)*

Бисмилласыз ешбір іс бастамаймын,
Алла атын аузымнан тастамаймын.
Ес білгеннен сенетін ұлы күштен,
Теріс жолға ешқашан аттамаймын.

Қорықсам, қуансам да алла деймін.
Қайғырсам қасыретке берілмеймін.
Торықсам ақыл сұрар адам таппай,
Рәсулдің тәлімінен жол іздеймін.

Бастайтын дұрыс жолға тыңдағанды,
Сыйлаймын білімі бар ұстаздарды.
Жаны таза, жүзінде иманы бар,
Мухаммед Сиддик имамдай абзал жанды.

Оқыту дін тағлымын саған сауап.
«Ұстаз қари» атандың ел бағалап.
Дін ілімін игеріп кетпегендер,
Табады сұрағына сенен жауап.

Облысқа белгілі болды атың,
Қазақтан жақсы жолдас, достар таптың.
Дініміз де тіліміз ортақ елдер,
Арасында елшілік жолын аштың.

Игеріп аз уақытта қазақ тілін,
Құрметтеп қабылдадың салт-дәстүрін.
Сенемін ақ пейілді азаматсың,
Мақтайтын жүрген жерде қазақ елін.

Аз емес көргенің мен тыңдағаның,
Жақсы болсын ойыңа жинағаның.
Қазақта Қобылан деген ағам бар деп,
Сәлемімді еліңе ала барғын.

Құдай қолдап, иншалла, ұзақ жаса,
Жанұяңа жаратқан болсын пана.
Сауапты бұл сапарың сәтті болып,
Еліңе аман жетерсің Алла жазса.

2000 жыл, қазан.

ИМАМ БОЛСА СЕНДЕЙ БОЛСЫН

Дін ислам ұққаным бала жастан.
Бисмилләсіз татпадым адал астан.
Көңілім ұйып тұрады дін жолына,
Тәрбие солай болды әуел бастан.

Құрметтеймін алланың мешіт үйін.
Жиі барсам түзеледі көңіл күйім.
Дұға арнап, Алладан тілек етсем,
Шешілгендей сезінем іске түйін.

Мешіт құнды білімді имамымен.
Имам құнды муминдер сыйлауымен.
Ары таза имамды қадірлейміз,
Халықты ұйытатын иманымен.

Ерекше құрметтейтін Қари мейман,
Көкірегіне құранның сөзін жиған.
Жүзінде иман, аузында Алла сөзі,
Тұла бойы адалдық тұнып тұрған.

Арнаған дін жолына бар өмірін.
Ұйытқан исламға ел көңілін.
Имам болсын Мухаммед Сиддик сендей,
Шариғатпен түйіндер әрбір сөзін.

2002 жыл, 8 желтоқсан, Айт күні

МУХАММЕД СИДДИК ЧЕЧЕК ҚАРИ ІНІМЕ

(Туған күніне арнаймын)

Тыңдайық бой балқытқан құран сөзін.
Елестетіп алдыңа Расул- өзін.
Тәржімелеп құранды ұғындырар.
Білімді имам болсын терең сезім.

Сондай имам Мухаммед ортамызда.
Ұстамды, өнегелі, сөзге мырза.
Төрт жыл болды атқарған еңбегіне,
Тыңдаушы барша халық болды риза.

Мухаммед Сиддик Чечек- Қари інім,
Мазмұнды өтіп жатыр әрбір күнің.
Келгенде сын көзбенен қараушы едік,
Ең жақын туыс болдың міне бүгін.

Білімнің көк Есілдей тасып аққан.
Жүрекке әрбір сөзің майдай жаққан.
«Қари» деген атағың мәртебелі,
«Дін ғылымы докторы» - деген аттан.

Құдай жолы қашанда атқарғаның.
Ар-иманың бойыңа сақтағаның.
Сырт жерлерде еліңнің елшісі боп,
Туған елдің сенімін ақтағаның.

Медресені басқарып қаламызда,
Дін тағлымын құйдыңыз санамызға.
Мыңдаған жан алдыңнан тәлім алып,
Ең сыйлы ұстаз болдың арамызда.

Ел сізді ұстаз дейді, имам дейді,
Қари дейді ерекше қадірлейді.
Сіз арқылы бар қазақ Түркі елін,
Өзінің туғанындай құрметтейді.

Қалайда Қари інім бақыттысың.
Яссауидай Рәсулдің шәкіртісің.
Бар өмірін арнаған дін жолына,
Жер жүзіне танымал ақ құсысың.

Ата-анаң бақытты сені өсірген.
Өрбіген ұрпағының бағын көрген.
Әулетіңе тілеймін есен-саулық,
Інімнің туыстарын бөтен көрмен.

Қасиетті туған күнің құтты болсын!
Кеудеңе құран- кәрім нұры толсын!
Тілегіңді жаратқан қабыл етіп,
Басыңа кетпес бақыт құсы қонсын!

Білеміз тәрбиелі балаларың.
Білімді, өнер қуған бәрі дарын.
Үлкен үйдің үлгісін көріп өскен,
Болашаққа сенімді паналарың.

Келінді де ініміз тауып сүйген.
Көрініп тұр шыққаны үлгілі үйден.
Ерінің ұзақ кеткен сапарына,
Төзімді, ақыл-ойлы әйел көнген.

Тілеймін үй ішіңе амандықты.
Сыр бермей денсаулығың болсын мықты.
Көп жасап ұрпағыңның ортасында,
Тәңірім көрсетпесін жамандықты.

Түсінісіп, сыйласып табысқан ек,
Кетіп қалсаң сағынар туыстар көп,
Ұмытпа қайда жүрсең Қызылжарды,
Сол жерде Қобылан- деген ағам бар деп.

2004 жыл, 3 ақпан.

СЕНІМ ЖАЛҒАН БОЛМАСЫН

Құдайдың құдіретіне шексіз сенем.
Өмірім, өнерім бар алла берген.
Дін тағлымын түсініп қабылдаймын,
Еркіндікпен ілесе бірге келген.

Тыңдайық бой балқытар құран сөзін.
Елестетіп алдыңа Рәсул-өзін.
Тәржімәләп құранды ұғындырар,
Білімді имам болсын терең сезім.

Білімді имам исламның үгітшісі.
Рәсулдің сөзін жаяр көмекшісі.
Халық сеніп ұйыйтын періштедей,
Тап-таза болу керек молда кісі.

Имам болып дін бастау сынды жұмыс.
Жай сенімнен мың есе салмақты іс.
Өсиеті іске сай болу керек,
Алланың ақ жолынан кетпей бұрыс.

Біліп тұрып бүлдірген діндарлардан,
Дүниеге елігіп безген ардан.
Жүрген жақсы бойынды аулақ ұстап,
Болмас үшін жүректе сенім жалған.

Ата-бабам тандаған дінім ислам.
Жасымнан дін тағлымын бойға жиғам.
Мұхаммед пайғамбардан бізге жеткен,
Екі дүние тәлімі үлгім - құран.

2003 жыл, Рамазан айы.

АҚ ОРАМАЛ

Байсалды шәші ағарған апаларды,
Сыйлағым кеп тұрады сәлем беріп.
Өкінемін аңғарып қателерін,
Басында ақ орамал жоғын көріп.

Сол кезде апаларды еске алам,
Ақ жаулық, сәнді ордадай шәрші салған.
Қай келін орамалсыз жүріп еді,
Киелі тәрбиелер қайда қалған.

Басында келісімді ақ жаулығы,
Әжелер сәніменен жүруші еді.
Жас болса да ерлердің жолын кеспей,
Ізетпен ақ жол тілеп тұрушы еді.

Ерлерде де жетерлік қателіктер,
Қатесін мойындамай өзін жөптер.
Әйелдердің кемдігі көзге ұрады,
Әйелдер ғой ерлерге жөн үйретер.

Мұсылмандық тәртіпке көшкен дұрыс.
Байқап сөйлеп, жай басып, кетпей бұрыс.
Үлкенді көруменен өнеге алса
Жастардың болашағы болар дұрыс.

2000 жыл, маусым.



САҚТАЙЫҚ ЖҮРЕКТЕРДЕ ЖАЛҒЫЗ ХАҚТЫ!

Сенуші едік имамға иманды деп,
Қолында құраны бар дін жанды деп.
Уағыз тыңдап Алланың ақ үйінде,
Имамның әр сөзіне иланып ек.

Естуші ек ардан азған имамдарды,
Бойына құт болмаған жиғандары.
Молданың ісін емес, сөзін үйрен,
Деген сөз ертеден бар мағыналы.

Имам тайса Алланың ақ жолынан,
Еріте алмас халықты өз соңынан.
Алла үйінде азғындық жолға түсіп,
Біліп тұрып, бүлдірсе өз сорынан.

Білейік ісі аққа Алла жақты,
Сақтайық жүректерде жалғыз хақты.
Тілі майда, көңілі құбылмалы,
Дін жамылған азғыннан Алла сақта!

2002 жыл, 26 қыркүйек.



ДОСТЫҒЫМЫЗ АРТА БЕРСІН!

Қазақпын ұлтымменен мақтанатын,
Тілім, дінім, туым бар сақталатын.
Әлем танып сыйлаған іргелі елміз,
Сәулелі болашақ бар шаттанатын.

Тарих бар бүкіл әлем таңданатын,
Тамсанып салт-дәстүрден үлгі алатын.
Кеудеміз кең достыққа құшақ ашып,
Анық досқа сыйымыз сақталатын.

Көк туы желбіреген аспанымда,
Қайнаған қызу еңбек астарында.
Қанатын еркін жайған Қазақстан,
Әлем сүйген елдердің қатарында.

Өр тұлға, өнерлі елдің ұрпағымыз,
Түбі бір түркі елінің бұтағымыз.
Егеменді ел туын көтергенде,
Түріктермен айқасты құшағымыз.

Ақ жарыла құттықтап қуанышпен,
Түркі елі бізбен ой бөліскен.
Алғаш болып қамқорлық қолын созып,
Сол туыстар шаңырақ көтеріскен.

Міне, солар қазір жүр арамызда,
Құрылыс сыйлап мән берді қаламызға.
Дастарқанның мәзірі арта түсті,
Макарон жаппай кіріп санамызға.

Зәулім үй, жаңа құрылыс, сән сарайлар,
Мұнара, көк тіреген мешіт-жайлар.
Стамбулдың сәулеті бізге келіп,
Көркейді Алматы мен Астаналар.

Аға елі сый көрсетті дінімізге,
Жіберіп қариларын елімізге.
Екі елдің арасында дін достығы,
Ең мықты елші болмақ бәрімізге.

Көңіл өсті ағаның қамқорымен,
Қазақта сыйлай білед мол қолымен.
Түбі бірге, тілі ортақ екі елдің,
Жүрері хақ Алланың ақ жолымен.

Алла жар боп туыстық шектелмесін,
Құрметтелсін екі елде ортақ есім.
Түріктермен достықтың белгісіндей,
Салайық Атагүрік зор бейнесін.

Достығымыз жалғасад ғасырларға,
Сеніңіздер елбасы Нұрсұлтанға.
Қазақ ұлты сертіне берік халық,
Жамандық ойламайтын ешбір жанға.

2003 жыл, Рамазан айы.



ҚАЖЫЛЫҚ ХАҚЫНДА

Қажылық бір парызы мұсылманның,
Ақ ниетке мейірімі болса Алланың.
Қажы атағын кірлетпей ұстай білу,
Өнеріне тәуелді әр адамның.

Қажылардың барлығы қари емес.
Құраннан үйрететін ақыл-кеңес.
Өз жолын тура ұстаса жетіп жатыр.
Әсіре білгірсімей көппен теңдес.

Қажы атына семіру астамшылық.
Мансаппен көкірек керу ескі шылық.
Мен-мендікті көрсету күнә емес пе,
Ел сыйласа келмей ме адамшылық.

2001 жыл, 15 қаңтар.



БАТА-ТІЛЕК

Әуелі құдай оңдасын!
Оң жолына бастасын!
Пайғамбарлар қолдасын!
Қызыр болсын жолдасың!

Алла ұзақ жас берсін,
Шаңырақ жалғар бас берсін!

Бойларыңнан саулық кетпесін,
Мезгілсіз кәрілік жетпесін!

Ақ мешіт үйлеріңнен ырыс таймасын,
Іші қуанышқа толып, күндей жайнасын!

Жиған дүние-мүліктеріңнің рахатын көруге жазсын,
Балалар мен немерелердің бахытын көруге жазсын!

Ағайын-туғандардың қатары ортаймасын,
Көңілдерің ешқашан қартаймасын!

Еңбектерің жемісті болсын,
Ұзақ өмір келісті болсын!

Төңіректеріңе жамандық жетпесін,
Теріс пиғылды адамның арам ойы,
Өз басынан кетпесін!

Босағаларың берік болсын,
Рәсулға сеніміміз серік болсын!

Өмірлерің мерекелі, сәнді болсын,
Жүрген жерлерің тойлы, әнді болсын!

Қайда жүрсеңдер жолдарың ақ болсын,
Осы тілектеріме бір Алла жақ болсын!

2004 жыл, 22 наурыз.

ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Өмірге құштармын,
Әлі де алынбаған жемістері үшін.
Өмірге құштармын,
Алдағы нысана, жеңістері үшін.
Өмірге құштармын,
Алланың аманатын ақтау үшін.
Өмірге құштармын,
Адам деген атымды сақтау үшін.

ЖАРАТҚАН ҒҰМЫР СЫЙЛА

Жаратқан ғұмыр сыйла әкем үшін,
Жалғайын үлгермеген арман ісін.
Ұрпағының өркенін көре алмаған,
Атқармаған парызын өтеу үшін.

Өмір тегін келмейді еңбек керек.
Қасірет-қиындықты жеңбек керек.
Талпынсаң табылады ризығың,
Алланың құдіретіне сенбек керек.

Қайрат болсын ұстайтын айыр, күрек,
Туласын еңбекпенен асау жүрек.
Ақыл-ой сарқылмасын, бойда қуат,
Ұрпаққа өшпес мұра жасау керек.

Қолыңнан түсіп жатса шайлы кесе,
Қадамың кібіртіктеп жайы кетсе.
Шықпай жатса аузыңнан сәнді ұйқас,
Тірлігіңнің кейінгі күні неше?!

2004 жыл, шілде.

ТҮЙІНДЕР

Тереңдермен кездессен,
Жаның жай табады,
Сөздері көңілге ой салады.
Тайыздармен кездессен,
Мыжымы мазанды алады,
Құлақта тек ызыңы қалады.

Ақыл-ойлы кісіден,
Сөз асылын табасың.
Сөздің құнын түсінген,
Білгірден ғибрат аласың.

Жақсының көңілі кең келеді,
Ақыл, ойы тең келеді.
Келісті сөзінен ләззат аласың,
Ой бөлісіп сергіп қаласың.
Күдіктеріңе шешім табасың,
Жүректе сенім отын жағасың.

Білмей білгірсу,
Білімсіздіктің белгісі.

Сәлемдесіп қол бермеу қате,
Сыйлықпен жол бермеу қате,

Ерінен бұрын сөйлесе - әйел басшы,
Төмен қараған адамның кісілігі тапшы.

Сыпылдаған - әйелге сәнсіз,
Жыпылдаған еркек мәнсіз.

Артық тамақ мазанды алады,
Азғана ас желінбей қалады.

Сәнсіреп шалқаю қате,
Мәнсіреп марқаю қате.

Әр нәрсенің сәні болады,
Сөйлер сөздің мәні болады.

Сәнді деп жырым қию қате,
Тырнақ жалғап, бұрым қию қате.

Молшылық пен тапшылық таланыңнан,
Істің өрге басуы талабыңнан.

Еңбек құмар ерінуді білмейді,
Шаруашыл адам кемдік көрмейді.

Керенау кісі ертеңшіл келеді,
Оян десең кекшіл келеді.

Адам баласының басындағы кедейшіліктің ең
жаманы - ақыл кедейшілігі.

ЕР АДАМНЫҢ БАҚЫТЫНА БЕС НӘРСЕ ҚАЖЕТ:

1. Он екі мүше құрылыстарың сау болып, жақсы денсаулықтың болуы;
2. Қасыңда тілектес туыстарың, жақсы жанашыр жолдастарың болып, олардың арасында қадіріңнің сақталуы;
3. Бір-біріңді сүйісіп, түсінісіп, тату-тәтті өмір кешкен жарың, тәрбиелі, талапты, іскер балалардың болуы.
4. Құлқың сүйіп істейтін жұмысың болып, оны атағыңды шығарып атқара білу.
5. Қызмет атқарған және жүрген жерлеріңде сыйлы болып, артыңда «Адам» деген атағыңның еріп жүруі қажет.

МІНЕЗДЕР

Бір көргенде сабырлы сияқты,
Сөйлеп кетсе тоқтамай ағады.
Бұл бәрін біледі десе,
Астарын сезбей, марқайып қалады.
Біреу сөйлесе жолын кеседі,
Басқаның сөзін түзеуге көшеді.
Осы әдетін өзі тыймаса,
Ешқандай ем қонбайды деседі.

Сұрланып сүзіп, сұқтанып қарап,
Отырған ортасын менсінбейді.
Жолын білмей жоғары өрлеп
Төмендеу орынды жерсінбейді.
Қалатын тақтың буына пісіп,
Қатар елді теңсінбейді.
Жат мінезді шайпаулығын,
Әттең өзі түсінбейді.

Ақыл сөзге бергендігі бар,
Басқаның кемдігін көргендігі бар.
Тура қарап сөйлеспейді,
Замандастарымен үйлеспейді.
Бірге жүрген досы көрінбейді,
Қарсы шығар қасы білінбейді.
Жиын-тойға шақырса келмейді,
Өзі де басқаға дәм-тұз бермейді.
Тектен-тек тұйықталып жүреді,
Тірі демесең ұйықтап жүреді.

Дұрыс жүріс-тұрысы болады,
Дипломына ылайық жұмысы болады.
Алға түсіп үдетпейді,
Көзге түсіп күйретпейді.
Өзінен төменге мәнсіреп жүреді,
Қол ұшын берсе бәлсіреп жүреді.
Топ ішінде сіз-бізбен көлгиді,
Бастық сөйлесе басын шұлғиды.

Жұмыс тәртібіне ұқыпты келеді,
Өгіз өліп, арба сынбасына сенеді.
Түзегені де, бүлдіргені де болмайды,
Осындай адамдар,
Ыстыққа күйіп, суыққа тоңбайды.

Қыңыр мінезді кінәмшіл,
Аз нәрсеге үнемшіл.
Сынап сөйлеп, сырт етпе,
Қисынсыз жерде, қылт етпе.
Тек өзінікі жөн,
Ырқына көнбесең де көн.



Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Туған елім «Көктерегім».....	12
Ұрпақтарға арнау.....	13
Анама тағзым.....	17
Балаларыма өсиет.....	18
Әке бейітіне барғанда.....	20
Сәтті сапар.....	23
Апашкаға.....	26
Өміріміз туралы ойлар.....	27
Бауырым Рәшқа.....	28
Орындалған бір арман.....	32
Адам атым сөнбесін.....	34
Қоғамға қорған керек.....	35
Елу жас.....	36
Алпыс жас.....	37
Алпыс бес те - асқар тау.....	38
«Моя судьба мое богатство» кітабыма.....	40
Қайда сол кез.....	41
Ата салты.....	41
Ана сүтін ақтайтын бала болсын.....	42
Басыңда жарқырасын шамшырағың.....	44
Сыйластықты сақтайық.....	45
Ақын аға.....	46
Ақаң есте сақталады.....	47
70 жас - биік төбе.....	48
Бір сенерің болмай қойды-ау.....	50
Ақылсыз бала - көзсіз көбелек.....	51
Отан соғысы туралы ойлар.....	54
Ұрпаққа ұлағат.....	56
Ырымдарды жорық жақсылыққа.....	57
Екі өмірді адамға кім береді.....	58
Қыңырлықтан не пайда.....	60
Сенің атың өлмейлі.....	61
Ағаға сыр.....	62
Қош, аяулы аға!.....	64
Туған жерден тәбәрік.....	65
Қаламнан көңіл күйін сайратыңыз.....	66
Тұрады көз алдымда жарқын жүзі.....	67
Мәркеннің мазарының басында.....	69
Жарық жұлдыз жарқ етіп ағып түскен.....	70

Қадірлі досым менің	71
Бір ғасырдың шежіресі жыршысы	72
Талабың сарқылмасын	73
Жол жүруді ұнатам	74
Дачаң бар болсын	75
Құда қайда төс қағысып сыйласқан	76
Аманбай мен Дәкілдің аруақтарына	77
Сендер барда біз неге кем боламыз	78
Түлегінің тілегі	79
Жиендерім мақтанышым	81
Құрметті үлкеніміз ортамызда	83
Наурыз құтты болсын	84
Жас отау құтты болсын	86
Ақ бата	87
Қадамдары сәтті болсын	88
Қонғанда шаңыраққа Ақсәулешің	89
Үлгілі отау болсын	90
Сәтті өмір тілейміз	91
Атасының бағын берсін	92
Пішпе көбейсін	94
Ырым жүзік	96
Құдамызға құрмет	98
Азамат	100
Жамбыл болсын құрдасың	102
Ұстаз	104
Ініге балайтын қарындасым	105
Ақ батасы халқыңның қабыл болсын	107
Төре ініме	108
Өнегелі қарындас	110
Сенің атың мәңгі есте сақталады	112
Әлекең де ата боп қалды міне	113
Тілекке құдай жеткізсін	115
Алшаң бас жігітіндей жиырма бестің	116
Немерелер күлкісі көрік болсын	117
Сендердей ағалар ғой бізге үлгі.....	118
Бұл жасың келген болар сынамаққа	119
Қажы болар ма екен	120
Бұл да бір көтерілген шыңның басы	121
Балалық достығымыз арта берсін	122
Тіл ағасы	123
Қас батырдай қасқайып ту көтерген	125
Жалықпайық думанды той жасауға	126
Інілерім мақтанышым	127

Екі отыз	128
Қайыркеш ініміздің 63 жасқа толуына	129
Ақ бата	131
Қадірмені халықтың	132
Асылдың жалғасы	134
Өнерің өрге өрлесін	135
Қадірлінің бірісің көңілдегі	136
Жарқын жүзді жиеніме	136
Еңбегімен өз атын мүсіндеген	138
Тәрде болсын орыны	139
Тойлар жалғас болсын	140
60-ың басы болсын үлкен тойдың	141
Болашаққа қадамың болсын мықты	142
Үлгісі адалдықтың, адамдықтың	143
Құтты болсын басына шыққан төбе	144
Құтты болсын ақ орда!	147
Ден сау болса мақсаттар іске асар	148
Тәубәшілік	150
Қолдап жүрсін құдірет	154
Ауылға молда керек білімдіден	155
Сапарың сәтті болсын	157
Имам болса сендей болсын	158
Мұхаммед Сиддик Чечек қари ініме	159
Сенім жалған болмасын	161
Ақ орамал	162
Сақтайық жүректерде жалғыз хақты	163
Достығымыз арта берсін	164
Қажылық хақында	166
Бата-тілек	167
Өмірге құштарлық	168
Жаратқан ғұмыр сыйла	168
Түйіндер	169
Ер адамның бақытына бес нәрсе қажет	170
Мінездер	171

Өмірден өнеге. Қ. Хамзин.
Петропавл қаласы. 2005 ж.

Корректорлар: Зәуре Ақанова, Дәмет Бектасова
Дизайнер: Сәуле Ахмадиева

2005 жылы теріліп, баспаға тапсырылған.
60x90. Әріп түрі TimesNewRoman.
Көлемі 11 баспа табақ.
Таралымы 200 дана
Бағасы келісімді. Тапсырыс 3462
“Полиграфия” АҚ басылды.
Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 11